

ISSN 2072-0297

Молодой учёный

Научный журнал

Выходит два раза в месяц

№ 8.1 (88.1) / 2015

Спецвыпуск

Университет «Болашак», г. Кызылорда, Казахстан

Благодарим за активное участие в работе спецвыпуска кафедру математики, информатики и информационных систем университета «Болашак» (зав. кафедрой Шерали Шапатаевич Ибраев).

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор: Ахметова Галия Дуфаровна, доктор филологических наук

Члены редакционной коллегии:

Ахметова Мария Николаевна, доктор педагогических наук

Иванова Юлия Валентиновна, доктор философских наук

Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук

Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук

Лактионов Константин Станиславович, доктор биологических наук

Сараева Надежда Михайловна, доктор психологических наук

Авдеюк Оксана Алексеевна, кандидат технических наук

Алиева Тарана Ибрагим кызы, кандидат химических наук

Ахметова Валерия Валерьевна, кандидат медицинских наук

Брезгин Вячеслав Сергеевич, кандидат экономических наук

Данилов Олег Евгеньевич, кандидат педагогических наук

Дёмин Александр Викторович, кандидат биологических наук

Дядюн Кристина Владимировна, кандидат юридических наук

Желнова Кристина Владимировна, кандидат экономических наук

Жуйкова Тамара Павловна, кандидат педагогических наук

Игнатова Мария Александровна, кандидат искусствоведения

Коварда Владимир Васильевич, кандидат физико-математических наук

Комогорцев Максим Геннадьевич, кандидат технических наук

Котляров Алексей Васильевич, кандидат геолого-минералогических наук

Кузьмина Виолетта Михайловна, кандидат исторических наук, кандидат психологических наук

Кучерявенко Светлана Алексеевна, кандидат экономических наук

Лескова Екатерина Викторовна, кандидат физико-математических наук

Макеева Ирина Александровна, кандидат педагогических наук

Матроскина Татьяна Викторовна, кандидат экономических наук

Мусаева Ума Алиевна, кандидат технических наук

Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук

Прончев Геннадий Борисович, кандидат физико-математических наук

Семахин Андрей Михайлович, кандидат технических наук

Сенюшкин Николай Сергеевич, кандидат технических наук

Ткаченко Ирина Георгиевна, кандидат филологических наук

Яхина Асия Сергеевна, кандидат технических наук

На обложке изображен Габдулла Тукай (1886–1913) — татарский народный поэт и переводчик, литературный критик, публицист, общественный деятель.

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются. За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы. Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов. При перепечатке ссылка на журнал обязательна. Материалы публикуются в авторской редакции.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231. E-mail: info@moluch.ru; http://www.moluch.ru/.

Учредитель и издатель: ООО «Издательство Молодой ученый»

Тираж 1000 экз.

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», г. Казань, ул. Академика Арбузова, д. 4

Журнал зарегистрирован Федеральной службой по надзору в сфере связи, информационных технологий и массовых коммуникаций.

Свидетельство о регистрации средства массовой информации ПИ № ФС77-38059 от 11 ноября 2009 г.

Журнал входит в систему РИНЦ (Российский индекс научного цитирования) на платформе elibrary.ru.

Журнал включен в международный каталог периодических изданий «Ulrich's Periodicals Directory».

Ответственные редакторы:

Кайнова Галина Анатольевна

Осянина Екатерина Игоревна

Международный редакционный совет:

Айрян Заруи Геворковна, кандидат филологических наук, доцент (Армения)

Арошидзе Паата Леонидович, доктор экономических наук, ассоциированный профессор (Грузия)

Атаев Загир Вагитович, кандидат географических наук, профессор (Россия)

Борисов Вячеслав Викторович, доктор педагогических наук, профессор (Украина)

Велковска Гена Цветкова, доктор экономических наук, доцент (Болгария)

Гайич Тамара, доктор экономических наук (Сербия)

Данатаров Агахан, кандидат технических наук (Туркменистан)

Данилов Александр Максимович, доктор технических наук, профессор (Россия)

Досманбетова Зейнегуль Рамазановна, доктор философии (PhD) по филологическим наукам (Казахстан)

Ешиев Абдыракман Молдоалиевич, доктор медицинских наук, доцент, зав. отделением (Кыргызстан)

Игисинов Нурбек Сагинбекович, доктор медицинских наук, профессор (Казахстан)

Кадыров Кутлуг-Бек Бекмурадович, кандидат педагогических наук, заместитель директора (Узбекистан)

Кайгородов Иван Борисович, кандидат физико-математических наук (Бразилия)

Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук, профессор (Россия)

Козырева Ольга Анатольевна, кандидат педагогических наук, доцент (Россия)

Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук, профессор (Россия)

Лю Цзюань, доктор филологических наук, профессор (Китай)

Малес Людмила Владимировна, доктор социологических наук, доцент (Украина)

Нагервадзе Марина Алиевна, доктор биологических наук, профессор (Грузия)

Нурмамедли Фазиль Алигусейн оглы, кандидат геолого-минералогических наук (Азербайджан)

Прокопьев Николай Яковлевич, доктор медицинских наук, профессор (Россия)

Прокофьева Марина Анатольевна, кандидат педагогических наук, доцент (Казахстан)

Ребезов Максим Борисович, доктор сельскохозяйственных наук, профессор (Россия)

Сорока Юлия Георгиевна, доктор социологических наук, доцент (Украина)

Узаков Гулом Норбоевич, кандидат технических наук, доцент (Узбекистан)

Хоналиев Назарали Хоналиевич, доктор экономических наук, старший научный сотрудник (Таджикистан)

Хоссейни Амир, доктор филологических наук (Иран)

Шарипов Аскар Калиевич, доктор экономических наук, доцент (Казахстан)

Художник: Шишков Евгений Анатольевич

Верстка: Бурьянов Павел Яковлевич

СОДЕРЖАНИЕ

МАТЕМАТИКА

- Аймбетова М. Т., Боранбаева А. Б., Сембаева И. А.**
Комбинаторикалық есептерді шешу1

ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

- Свечников В. В., Абенова Л. К.**
Расчет биэллиптических траекторий космических аппаратов в Солнечной системе 3
- Тынымбаева Г. К., Аймаханова А. А.**
Жүк тасымалдайтын контейнерлердің болашағы 5

СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

- Муханов Н. Б., Дастанова Ж. К.**
Влияние гуминовых веществ на молочную продуктивность коров7
- Садуақасов М., Сейтжаппарова Г. С., Жарылқасын Ж. Б.**
Сыыр сүтінің химиялық құрамы, бактерицидтік және ферментативтік қасиеттері 8

ГОСУДАРСТВО И ПРАВО

- Сариева Ж. М.**
Қазақстан Республикасының нотариаты: қазіргі жай-күйі, өзекті мәселелері 11

ИСТОРИЯ

- Жәнібекова Т. С.**
Жеңістің туын көтерген жылдар13
- Ибраев Г. М., Шопанова Г. Р.**
Раскол между Россией и Западом: истоки и последствия15

- Кәрісбеков Д.**
«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы және Сыр өңіріндегі тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау мәселелері18
- Керімберді Ж. Ж.**
Қарлұқ қағандығы 21

ПОЛИТОЛОГИЯ

- Насимов М. О., Паридинова Б. Ж.**
Тұрақтылық келісім идеологиясының негізі ретінде24

ПЕДАГОГИКА

- Бекжанов Б.**
Бұқаралық спорттың тұғыры — бастауыш спорт мектебінен басталады28
- Бесбай А.**
Жеке тұлғаны патриотизмге, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу29
- Бесбай А.**
Инновационные технологии на уроках русского языка 31
- Еспенбетова Ш. О., Сағынбаева М. Д., Уалиева Н. Қ.**
Биология мамандығында оқитын білім алушыларға модульдік технологияны пайдаланып химия курсының оқытудың әдістемесі33
- Жаңайбекова Ж. З.**
Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиелік шаралардың мазмұнын жетілдіру және сапасын арттыру36
- Қадырова Г. М., Туребаева А. Е., Егізбайқызы Г.**
Шетел тілін оқытуда компьютерлік технологияны қолданудың артықшылықтары 37
- Серікбаев Ғ. Ө., Амиров М. О.**
Жас балалардың педагогикалық мәселелері39

**Уразалиева Р. М., Рзабаева Г. А.,
Кәрімбаева Г. Б.**

Әлеуметтік педагогиканың негізгі жұмыс
аспектілері..... 40

Шеримова А. С., Елюбаева А. Н.
Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды
әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің
маңызы.....41

ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ

**Измаханова М. А., Сейтжанов К. М.,
Досмамбетов Т. А., Кулманов Р. Ж.**
Правила сбалансированного питания
для спортсмена.....45

Измаханова М. А., Сейтжанов К. М.
Ценностно-мотивационные ориентации студентов
педагогических специальностей к физкультурно-
спортивной деятельности.....48

ФИЛОЛОГИЯ

Алибекова А. О., Қадырова Г. М., Ержанова А. С.
Ежелгі германдықтардың қасиетті
өсімдіктері 51

Болатбекқызы А.
Абай шығармаларындағы «толық адам»
мәселесі53

Сапартаева Л. Е.
Сыр бойы ақындарының қисса-дастандарындағы
шығыстық дәстүрдің көрінісі55

ФИЛОСОФИЯ

Медетбаев Т.
Әл-Фараби және әл-Машани58

Медетбаев Т.
Әл-Фараби мен Абай хакім..... 60

МАТЕМАТИКА

Комбинаторикалық есептерді шешу

Аймбетова Мария Төлеуқызы, техника ғылымдарының магистрі, оқытушы;
 Боранбаева Ажар Бейсенқызы, аға оқытушы;
 Сембаева Индира Алданышқызы, оқытушы
 «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Тәуелсіздік алған Қазақстан Республикасы үшін елдің ертеңі жарқын, болашағымыз кемелді, ұрпағымыз сауатты болуы үшін әрине еліміздің дамуының басқа бағыттарымен қатар білім саласы да ерекше маңыздылыққа ие болуы қажет. Білім берудің бүгінгі күнгі талабы- оқушының жан-жақты іс-әрекеттік қабілетінің дамуы. Оқушыны дамытуда ежелгі замандардан бері математиканың алар орны ерекше. Математика ғылымының өзге ғылымдар мен техниканың қарқынды дамуына қосар үлесі аз болған жоқ. Математика — барлық ғылымдардың логикалық негізі болғандықтан да математика- оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шындай түседі, оған қоса өзге салаларды дұрыс қабылдауға көмек береді.

Математикалық логиканы жетік түсінбейінше, оны меңгеру өте қиын. Себебі қазіргі кезде ғылым мен техника қарыштап дамыған сайын ол адамның ойлау қабілетінің ең ірі жетістіктері болып табылады.

Математикадағы комбинаторика көптеген логикалық есептерді оңай жолдармен шығаруға, есептерді шешуде және олардың шығару жолдарын адам есіне лезде сақтап қалу үшін де көмектеседі. Логикалық есептер адамның ойлау қабілетінің дамуына әсер етеді және арттырады. Сондай-ақ комбинаторлық есептерде теңдеуді шешуге, өрнекті ықшамдауға, теңдікті дәлелдеуге болады.

Комбинаторлық әдістер физика, химия, биология, экономика, тағы басқа ғылымда қолдануға болады. Саны шектеулі элементтерден әртүрлі комбинациялар құрастыруға және белгілі біререже бойынша құрастырылған барлық мүмкін комбинациялар санын есептеуге туракетін жағдайлар жиі кездесіп отырады. Мұндай есептер комбинаторлық есептер, ал оларды шешумен шұғылданатын математика бөлімі комбинаторика деп аталады. Көптеген комбинаторлық есептерді шешу үшін қосынды және көбейтінді ережелерін қолданады. Комбинаторика есептерін шешуде қолданатын өзіндік заңдылықтар мен формулалар бар.

Төменде қарастырылған комбинаторлық есептерді шешу жолдарын қарастыралық.

1. Теңдеуді шешу керек:

$$C_x^{x-2} = 45$$

Шешуі: Теңдеуді шешу барысында терулердің формуласын

$$C_n^m = \frac{n!}{m!(n-m)!} \quad (1)$$

пайдаланып, $C_x^{x-2} = 45$ келесі түрде жазамыз:

$$C_x^{x-2} = \frac{x!}{2!(x-2)!} \rightarrow \frac{x!}{2!(x-2)!} = 45 \text{ алдымен теңдіктің сол жағын түрлендіріп аламыз,}$$

$$\frac{x!}{2!(x-2)!} = \frac{(x-2)!(x-1) \cdot x}{2 \cdot (x-2)!}$$

Сосын алынған түрлендіруді теңдіктің оң жағындағы санға теңестіргенде:

$$\frac{(x-2)!(x-1) \cdot x}{2 \cdot (x-2)!} = 45 \rightarrow (x-1) \cdot x = 90$$

$$x^2 - x - 90 = 0$$

$$D = 1 + 360 = 361$$

$$x_1 = 10, x_2 = -9$$

Теңдеудің шешімі ретінде оң мәнді аламыз, яғни $x = 10$ болады.

Жауабы: $x = 10$.

2. Өрнекті ықшамдау: $\frac{P_{15}}{(A_{14}^x \cdot P_{14-x})}$

Шешуі: Берілген өрнекті шешу мақсатында орналастырулардың формуласы:

$$A_n^m \frac{n!}{(n-m)!} \quad (2)$$

Және алмастырулардың формуласы: $P_n = n!$ (3)

Демек, (2) және (3) формулаларды пайдалансақ, төмендегі нәтиже шығады:

$$\frac{P_{15}}{(A_{14}^x \cdot P_{14-x})} = \frac{15!}{\frac{14!}{(14-x)!} \cdot (14-x)!} = \frac{15!}{14!} = 15$$

Жауабы: 15.

3. Теңдікті дәлелдеу: $C_7^3 + C_7^4 = C_8^4$

Теңдікті дәлелдеу үшін (1) формуланы қолданамыз. Сонда былай жазылады:

$$\frac{7!}{3!(7-3)!} + \frac{7!}{4!(7-4)!} = \frac{8!}{4!(8-4)!}$$

Теңдіктің екі жағын жеке-жеке шешейік,

$$1) \frac{7!}{3!(7-3)!} + \frac{7!}{4!(7-4)!} = \frac{7!}{3! \cdot 4!} + \frac{7!}{4! \cdot 3!} = 70,$$

$$2) \frac{8!}{4!(8-4)!} = \frac{8!}{4! \cdot 4!} = 70.$$

Осыдан теңдіктің екі жағының тең екендігіне көзіміз жетті. Демек, $70 = 70$.

Математика — оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шындай түседі, оған қоса өзге салаларды дұрыс қабылдауға көмек беретіндігін ескере отырып, жоғарыда қарастырылған есептер оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады деп қорытындылай аламыз. Білімге, дағдыға, ептілікке үйрететінін атап көрсетуге болады. Сондықтан комбинаторика алған математикалық білімін нақты қолданатын, адам өмірінде маңызы зор математиканың бір тарауы ретінде қарастырылады.

Әдебиет:

Жаңбырбаев Б. С., Добрица В. П. Математикалық логиканың бастамалары: Оқу құралы — Алматы: Абай атындағы АлМУ, 2001.

Ершов Ю. Л., Палютин Е. А. Математическая логика. — СПб.: Лань, 2004.

Игошин А. А. Математическая логика, теория алгоритмов. — М., Академия, 2004.

Хаггарти Р. Дискретная математика для программистов: Пер. с англ. — М.: Техосфера, 2003. — 320 с.

ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

Расчет биэллиптических траекторий космических аппаратов в Солнечной системе

Свечников Виктор Викторович, кандидат технических наук, профессор;
Абенова Лайла Куантаевна, магистр педагогических наук
Университет «Болашак» (Кызылорда, Казахстан)

Гравитация — это преобладающая сила во Вселенной. Она проявляется и в малых и в больших масштабах. Гравитация нужна нам, чтоб оставаться на Земле, она нужна, чтоб мы могли бегать и прыгать. Например, горнолыжник использует её силу, чтоб спуститься с горы. Гравитация действует на все предметы 24 часа в сутки. Любой предмет падает под её действием на землю со скоростью 9,8 метра в секунду. Все что обладает массой во Вселенной, порождает тяготение. Гравитация способна творить, разрушать, сминать и управлять всей материей.

От силы тяжести ничто не может ускользнуть, и она действует на весьма удаленные предметы. Тяготение удерживает нашу солнечную систему в целостности. Этот космический «клей» способен удерживать даже целые галактики. Если взять два игральных кубика и разместить их в космосе на расстоянии 1 см, то через час они сойдутся.

Наше Солнце возникло из огромного газового облака, которое сжалось под действием силы тяжести. Подобным образом возникла и наша Земля, когда небольшие частицы скапливались и соединялись в большое тело.

Для гравитации очень важны масса и расстояние между объектами. Сила пропорциональна произведению двух масс, то есть количеству материи в объектах. Другими словами, чем больше тело, тем сильнее оно притягивает другие тела. Даже в скоплении Галактик все они движутся вокруг общего скопления масс.

Уже много веков человечество ищет пользу от такой неугасаемой силы, как гравитация. Галилео Галилей открыл понятие тяготения, а также определил, что тела с разной массой падают на Землю с одинаковой скоростью. Сэр Исаак Ньютон увидел падающее яблоко, и это перевернуло мир науки. Он понял что луна, которая летает вокруг Земли, тоже падает на нее. Но разве может Луна упасть? Ньютон при помощи пороховой пушки и математики взялся решать эту задачу. Это открытие опубликовано в книге «Принципы математики» в 1687 году. Если выстрелить из пушки с достаточной мощностью, то ядро не успеет упасть, а вылетит на орбиту и будет летать уже

вокруг Земли. Уже в то время Ньютон смог рассчитать, что необходимая скорость для этого составит 28000 км/ч. Вот почему Луна не падает на Землю, она летит с достаточной скоростью вращения. Так же и Земля вокруг Солнца летит в свободном падении, но не падает.

Как известно, в поле тяготения массивного центрального тела движение происходит по классическим траекториям — эллипсам, параболам и гиперболам.

Если использовать гравитацию планет и их спутников в качестве разгонных и тормозящих объектов, можно значительно сократить топливо космического аппарата (КА).

Прямолинейный полет от Земли к другой планете энергетически крайне невыгоден.

Минимальные затраты энергии на перелет между двумя круговыми орбитами обеспечиваются, когда траектория представляет собой «половинку» эллипса, касающегося исходной и конечной орбит.

При этом двигатель космического аппарата должен выдать всего два импульса: в перигее и апогее (если речь идет об околоземном пространстве) переходного эллипса.

Данная схема используется при выведении на геостационарную орбиту.

В межпланетных полетах задача несколько осложняется необходимостью учитывать притяжение Земли и планеты назначения соответственно на начальном конечном участках траектории.

Биэллиптические траектории оптимальны для перевода спутника между круговыми орбитами с разным наклоном.

В существующих исследованиях по использованию гравитационных маневров в целях экономии топлива космического аппарата (КА), преследуется цель выбора траектории захода и выхода КА на орбиту движения.

Этот факт естественно безусловен, однако используя незначительную часть их кинетической энергии планет можно разогнать или «тормознуть» КА.

Для этого необходимо рассчитать гравитационное поле вблизи каждой планеты и рассчитать координаты движения планет.

Вначале рассчитаем расстояние от Солнца нулевого потенциала φ_0 , где корабль попадает в поле планеты.

Для этого приравняем силы гравитации Солнца и планеты:

$$G \frac{M_c m_k}{R^2} = G \frac{M_n m_k}{r^2},$$

откуда следует $r = \frac{\sqrt{\frac{M_n}{M_c}} R_c}{1 + \sqrt{\frac{M_n}{M_c}}}$

Расчеты зоны действия гравитации планет проводим в электронных таблицах EXCEL

Таблица 1.

Планета	Масса (о. е)	Масса	Расстояние (а.е)	Расстояние (м)	Сила (Н)	Период	Расстояние действия гравитации (км)	
Меркурий	0,06	3,60E+23	0,39	5,85E+10	1,40E+22	0,24	0,000424	24809
Венера	0,82	4,92E+24	0,72	1,08E+11	5,63E+22	0,61	0,001568	169126
Земля	1	6,00E+24	1	1,50E+11	3,56E+22	1	0,001732	259358
Марс	0,11	6,60E+23	1,52	2,28E+11	1,69E+21	1,88	0,000574	130901
Юпитер	318	1,91E+27	5,2	7,80E+11	4,18E+23	11,86	0,030887	23369949
Сатурн	95,2	5,71E+26	9,54	1,43E+12	3,72E+22	29,46	0,0169	23781575
Уран	14,6	8,76E+25	19,19	2,88E+12	1,41E+21	84,02	0,006618	18925115
Нептун	17,2	1,03E+26	30,07	4,51E+12	6,77E+20	164,78	0,007183	32169256
Плутон	0,002	1,20E+22	39,52	5,93E+12	4,56E+16	247,7	0,000424	24809
		2,68E+27	Максимальная сила на Солнце		5,65E+23			




Рис. 1. Схема гравитационных полей Солнечной системы




Рис. 2. Потенциальные гравитационные поля планет Солнечной системы

Исходя из таблицы данных планет Солнечной системы, рассчитаем зону действия планет, где гравитации Солнца меньше гравитации планеты: Таблица 1.

На представленном рисунке «Схема гравитационных полей Солнечной системы», показаны эллиптические орбиты гравитационных полей планет.

Эллипсы вокруг Солнца показывают их годовые координаты, а эллипсы вокруг планет, их размеры в текущем состоянии.

Зная параметры планет, массы, радиусы их орбит, эксцентриситеты, периоды движения, а также скорости КА, можно рассчитать оптимальные траектории движения летательных аппаратов.

Космический аппарат может «выскочить из зоны действия планеты исходя из его эксцентриситета и кинетической энергии.

Расчет траектории Космического аппарата, необходимо проводить исходя из эксцентриситета траектории.

Согласно механики Ньютона и законов Кеплера, фокальное уравнение канонического сечения, для движения тела в поле гравитации, эксцентриситет движущегося тела определится:

$$\varepsilon = \sqrt{1 + \frac{2EL^2}{\mu\alpha^2}} \quad p = \frac{L^2}{\mu\alpha}$$

где ε — эксцентриситет

Жүк тасымалдайтын контейнерлердің болашағы

Тынымбаева Гульвира Кузенбаевна¹, «Темір жол мамандықтары» бөлімшесінің оқытушысы;

Аймаханова Айнур Аманжоловна², жаратылыстану ғылымдарының магистрі, оқытушы

¹И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық колледжі;

²«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Контейнерлік тасымалдар жүктерді қазіргі заманғы тасымалдау түрі ғана емес, сонымен қатар ең тиімді түрі болып саналады. Олар ішкі қатынаста да, халықаралықта да қолданылады. Жүк контейнері (container — ағылш. «сыйымдылық, ыдыс») жүктерді ыдыссыз әртүрлі көліктермен тасымалдау үшін арналған стандартты ыдыс және жүкті сақтау орнының ыдысы болып табылады және көп рет қолданудың көліктік құрылғысының бірлігі деп саналады.

Соңғы жылдары әлемдік экономиканың дамуында Қазақстанның көліктік жүйесінің әлемдік жүк ағымдарын игеруіндегі рөлінің өсуі артатынын күтуге болатынын тікелей немесе тұспалдап аңғартатын беталыстар айқындалды. Бұлар:

1. Әлемдік сауда өсімі қарқынының экономика өсімі қарқынынан оза дамуы;

2. Азия-Тынық мұхиты аймағының әлемдік экономика мен саудадағы рөлі өсуінің барған сайын күшейіп келе жатқаны;

3. Қытай елдерінің арасындағы сауда көлемінің ұлғаюы;

4. ТМД елдерінің арасындағы сауда көлемінің ұлғаюы;

5. Теңіз маршруттары мен порттарында өткізу қабілеті төңірегіндегі мәселелердің жиі көтеріле бастауы;

6. Еуропа мен Солтүстік Америкадағы өндірістік кәсіпорындардың Азия елдеріне көшіріліп ауыса бастауы.

Қазақстан аумағы арқылы өтетін экспорттық-импорттық және транзиттік тасымалдардың дамуына ықпал ететін факторлардың қатарында еліміздің Еуразия құрылығының ортасындағы Геосаясаттық орналасуын, сондай-ақ, республика аумағы арқылы бірнеше маңызды халықаралық көліктік дәліздердің кесіп өтуін атап өтуге болады.

Бұл ретте, ең алдымен, халықаралық сауданың қазіргі заманғы ең тиімді түріне айналып келе жатқан контейнерлік тасымалдардың ұлғаюы күтілуде.

Шынында да, контейнерлік тасымалдар рыногы әлемдегі ең серпімді дамып келе жатқан рыноктардың біріне айналды. Қазіргі уақытта контейнерлік тасымалдау әлемдік жүк көлемінің орта есеппен — 55 пайызына дейін жетіп, жыл сайын 8—10 пайызға көбейіп 2014 жылы жүк тасымалдау көлемінің 75 пайызына дейін жетті.

Қазақстанның темір жол көлігіндегі жүк тасымалдарының жалпы көлемі 2010 жылы 413,3 млн. тоннаны құрады. Мұндағы 171,6 млн. тоннаны экспорттық тасымалдар құрады. Бұл ретте, контейнерлермен тасымалданған жүктердің көлемі 2010 жылы 4,21 млн. тоннаны құрады, бұл темір жол көлігіндегі жалпы жүк тасымалдары көлемінің бар-жоғы, 0,58%-ын құрайды. Контейнерлік жүк тасымалындағы негізгі үлесті транзиттік тасымалдар енгізуде — 598,9 мың тонна, импорттық тасымалдар — 461,1 мың тонна, экспорттық тасымалдар — 109,5 мың тонна және облысаралық контейнерлік жүк тасымалы — 67,8 мың тонна.

Жалпы алып қарағанда, көлік саласы субъектілерінің (жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылар, экспедиторлар) контейнерлік қызмет көрсетулерге қызығушылықтарының арта бастауының нәтижесінде контейнерлік тасымалдар көлемінің ұлғаюының себептері анық және түсінікті.

Контейнерлік тасымалдарға деген сұраныстың арта түсуін қамтамасыз еткен факторлар ретінде жалпы әлемдік деңгейде тасымалдар құрылымының оның мультимодальдық сипаттағы жағына қарай өзгеруінде, сондай-ақ,

әлемдік жүк айналымындағы контейнерге жарамды жүк көлемдерінің өсуі болып табылады.

Контейнерлік тасымалдардың өсу процесіне ақпараттық жүйелердің дамыған базасына сүйінген контейнерлік терминалдарды салу және жаңғырту процесінің үдеуін және ақпараттық ағындардың аталмыш аймақтық логистикалық орталықтардың көліктік қызмет көрсету саласына өндірілуін атап айтуға болады.

Қалыптасқан беталыстарды ескере отырып «Қазкөліксервис» АҚ Қазақстан Республикасындағы ең ірі контейнерлік парктің иегері ретінде өзінің қызметіндегі негізгі ұмтылысты Қазақстан аумағындағы контейнерлік тасымалдарды одан әрі дамыту мақсатына бағыттайды.

Бүгінгі таңда «Қазкөліксервис» АҚ «Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компаниясы» АҚ-мен бірлесе отырып көліктік-логистикалық қызмет көрсетулер кластерін құру және дамыту бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шаралар жоспарының шеңберінде мақсаты — Қазақстан Республикасы транзиттік-көліктік әлеуетін пайдалану тиімділігін арттыру үшін қазіргі заманғы контейнерлік көліктік жүйені құру және дамыту болып табылатын Қазақстан Республикасындағы жүк тасымалдарын контейнерлендірудің Бағдарламасын әзірлеу үстінде.

Қазақстан Республикасындағы жүк тасымалдарын контейнерлендіру Бағдарламасының негізгі міндеттері төмендегідей:

- контейнерлік тасымалдар саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру;
- контейнерлік тасымалдар жөніндегі тарифтік саясатты жетілдіру;
- контейнерлік тасымалдар саласындағы салық салу жүйесін жетілдіру;
- контейнерлік тасымалдардың көліктік инфрақұрылымын жаңартпалап дамыту.

Әдебиет:

1. Перепон В.П. «Организация грузовой и коммерческой работы», Москва, Транспорт, 1986 г.
2. Жүктерді тасымалдау ережелері.

Қазіргі уақытта «Қазкөліксервис» АҚ-да контейнерге жарамды жүктердің ауқымды номенклатурасын, арнайы контейнерлерді, тасымалдаудың ерекше жағдайын талап ететін, сұйық, газтәрізді, сусымалы және тоңазытқыш немесе басқа да жылытқыш, жылуоқшаулағыш, цистерналар, бункерлер, торламалар және т. б. жүктерге арналатын контейнерлердің сатып алынуын ескере отырып контейнерлік және вагондық парктерді жаңарту мәселелері қаралуда. Солардың ішіндегі ең маңызды іс-шаралардың бірі ретінде «Қазкөліксервис» АҚ тарапынан халықаралық көліктік дәліздерді пайдалана отырып аса жүрдек контейнерлік пойыздарды ұйымдастыру болып табылады. Отандық контейнерлік көліктік жүйені халықаралық стандарттар деңгейінде қалыптастырып дамыту және оның тиімді қызмет көрсетуін қамтамасыз ету төмендегідей оң нәтижелерге әкеледі:

- жүктерді контейнермен тасымалдаудың стратегиялық маңыздылығын
- ұлғайту және көтеру есебінен отандық көліктік кешеннің инвестициялық тартымдылығының арта түсуіне;
- көліктік коммуникацияларды, соның ішінде халықаралық көліктік дәліздерге енетіндерін де тездетіп қалыптастыруға және техникалық жарақтандыруға;
- транзиттік жүк ағымдарын Қазақстан Республикасы аумағына тартуға;
- вагондық және контейнерлік тасымалдар арасындағы бәсекені дамытуға;
- облыстық және халықаралық қатынастарда контейнерлік тасымалдардың тиімді құрылымын құруға.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып ҚР-да контейнерлік көліктік жүйесінің дамуы, нәтижесінде ҚР транзиттік-көліктік әлеуетінің барынша тиімді пайдаланылуына қол жеткізуге және отандық экономиканың бәсекелестік қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді деген ойдамын.

СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

Влияние гуминовых веществ на молочную продуктивность коров

Муханов Нурлан Бурибаевич, кандидат сельскохозяйственных наук, доцент;
 Дастанова Жаркын Касымовна, магистр
 Университет «Болашак» (г. Кызылорда, Казахстан)

Природно-климатические условия разных регионов не одинаково для кормопроизводства и развития скотоводства. В связи с этим разрабатываются разные типы кормления скота с характерной структурой рационов, идет поиск дешевых кормовых добавок для молочного скота [1,2].

Среди таких препаратов гуминовые вещества обладают широким спектром биологической активности.

Учитывая важность проверки гумата натрия, как кормовой добавки в рационы провели опыт на лактирующих коровах в условиях Приаралья. Для этого в ТОО «Шаган» Сырдарьинского района были сформированы три группы коров-аналогов (по 7 голов в группе). Рацион животных состоял из сена люцернового, соломы рисовой, сенажа из люцерны и смеси концентратов из рисовых и пшеничный отрубей.

Грубые корма в структуре рациона составляли (по питательности) 26,6%, сенаж-47,4% и концорма-26,0%. Общая питательность суточного рациона равнялась 8,68 кормовых единиц.

Коровы контрольной группы получали рацион без добавления гумата, коровам I опытной группы добав-

ляли в концорма по 20 мг гумата на 1 кг живой массы, II опытной группы-по 40 мг. Гумат тщательно перемешивали с кормом и давали коровам при утренней дойке.

Показатели животных за период опыта представлены в таблице 1.

Наибольшей удой за весь 75-дневной период был у коров из II группы, получивших по 40 мг гумата на 1 кг живой массы. Превышение по сравнению с контрольной группой составило 7,1%, в то время как разница между I группой и контролем равнялась 6,2%.

Улучшились и качественные показатели молока. Так содержание жира увеличилась соответственно на 0,5% (I группа) и 0,3% (II группа) при 3,72% на контроле. Аналогичная тенденция наблюдается и по содержанию белка. Все это привело к повышению в молоке доли сухих веществ на 0,83%.

Гематологические показатели животных находились в пределах нормы. Необходимо отметить, что содержание общего белка в сыворотке крови и коров I и II групп было выше соответственно на 2,3 и 2,9% по сравнению с контрольной группой. Кроме того, у коров опытных групп отмечено повышение содержания

Таблица 1. Продуктивно-биологические показатели коров

Показатели	Группа		
	I	II	III
Живая масса, кг	425,1	424,6	427,2
Суточный удой, кг	9,16	9,73	9,81
Содержание жира, %	3,72	3,74	3,73
Содержание в крови:			
Эритроциты, млн/ммі	7,84	7,92	8,03
Лейкоциты, тыс/ммі	8,61	8,74	8,57
Гемоглобин, по Сали	66,4	67,8	68,3
Общего белка, %	7,46	7,68	7,63
Бактерицидная активность, %	53,8	55,1	54,4
Активность лизоцима, %	29,1	30,3	29,8

в крови эритроцитов и гемоглобина. Резервная щелочность во всех группах была в пределах нормы, что указывает на отсутствие в организме каких-либо процессов интоксикации.

Литература:

1. Хренов, И. О реакции на прием различных видов корма у коров // В кн.: Обмен веществ и продуктивность с-х животных — М., 1965. — с. 33–43.
2. Риндлей Дж. Влияние факторов внешней среды на физиологию с-х животных // В кн.: Новое в физиологии домашних животных. — М.-Л., 1958., т. 1 — с. 318–369.

Клинические показатели находились в пределах физиологической нормы, что является подтверждением того, что гуamat натрия не оказывает отрицательного влияния на состояние здоровья животных.

Сыыр сүтінің химиялық құрамы, бактерицидтік және ферментативтік қасиеттері

Садуақасов Мағауия, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;

Сейтжаппарова Гүлфариза Сәндібайқызы, студент;

Жарылқасын Жаннұр Балқашқызы, студент

«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Сүттің химиялық құрамы. Сүт — басқа ешқандай азық — түлік тең келмейтін аса бағалы тағамдық өнім. Өйткені организмге оның құрамды бөлігінің 95–98% — ы сінеді. Сондай — ақ сүт — амин қышқылдарының, макро және микроэлементтердің, витаминдердің таптырмайтын көзі. Сүттің тағы бір қасиеті: түрлі азық түлікпен керемет үндесіп, адам тағамының биологиялық құндылығын көтереді. Өйткені сүт организмге түсетін қоректік заттардың көлемін арттырып, сонымен бірге май, ақуыз, көмірқышқылы, минералды тұздары, т. б. бірлесе, үндесе отырып, қоректік заттардың организмге сіңімділігін жақсартады.

Адамзат баласы сүтті сол күйінде де, өнеркәсіп орындары өңдеп шығаратын өнімдері күйінде де іше алады.

Жаңа сауылған сүттің дәмі жағымды, аздап тәтті, түсі ақшыл сары. Әрбір малдың сүтінің өзіне тән иісі бар. Оны жабық тұрған ыдысты ашқан уақытта сезуге болады. Консистенциясы бір қалыпты сұйық болады.

Сыыр сүтінде судың массалық үлесі — 86%. Су барлық органдардың құрамына кіріп, онда әр түрлі қызмет атқарады.

Сүт ақуызы табиғаттағы ең толық бағалы ақуыз болып есептеледі. Организмде сүт ақуызы 100% — ға дейін қорытылады, сіңімділігі 98% — ға дейін барады. Сүт ақуы-

зымен салыстырғанда өсімдік ақуызының сіңімділігі 70 — 80% ғана болады. Сүт ақуызы, әсіресе, нан, макарон, жармаларға қосқанда олардан жасалған тағамдардың қорытылу сапасы артады.

Сүт қанты **лактоза** деп те аталады. Осы сүт қанты — табиғатта тек сүттен басқа қосылыстарда болмайтын көмірқышқылдың бір түрі. Сүт қанты глюкоза мен галактозадан тұрады. Ол қызылша қантынан тәтті болмайды. Лактозаның жас нәресте үшін маңызы өте зор. Организмде лактоза глюкозамен галактозаға ажырап, энергия көзінде қызмет атқарады. Сүт қантының сүттің құрамындағы мөлшері — 4.7%.

Микроорганизмдердің әсерімен сүт қанты ашиды, осы кезде әртүрлі қышқылдар (сүт қышқылы, май, промион қышқылдары), спирттер (этил, бутил, т. б.) және күкірт қышқыл газдары пайда болады. Микроорганизмдердің түріне қарай сүт қышқылының, спирт қышқылын, промион қышқылын және май қышқылын түзе ашиды.

Сүттің сүт қышқылын түзіп, ашуы әртүрлі ірімшіктер, айран, сүзбе, т. б. өнімдер дайындағанда пайдаланылады.

Сүт майы. Сыыр сүтінің құрамында 6% — ға дейін сүт майы болады. Сүт майы әр түрлі май қышқылдарымен глицериннен тұрады. Сондай — ақ сүт майының құрамында қаныққан және қанықпаған май қышқылдары бар. Сыыр

Кесте 1. Мал сүтінің құрамы

Мал түтігі	Құрғақ зат	Майлылығы	Ақуызы	Лактоза	Күлі
Сыыр сүті	12.5	3.8	3.3	4.7	0.7
Бие сүті	10.3	1.25	2.15	6.5	0.4
Ешкі сүті	13.4	4.4	3.6	4.9	0.8
Қой сүті	18.2	6.7	6.3	4.3	0.9
Түйе сүті	13.6	4.5	3.6	5.10	0.7

сүтінің майында басқа мал майына қарағанда төменгі молекулалы (май, капрон, лаурил, каприл) май қышқылдары көп кездеседі. Бұлар сары майға жағымды иіс беріп, тамақтың маңызын арттырады. Сүт майындағы алмастыруға келмейтін — линол, линел, арахидон май қышқылдары организмде түзілмей, тек қана сүт тағамдарымен келеді.

Сүттің минералды құрамы. Сүтте адам организміне жететін барлық минералды заттар бар. Минералды заттар организмде ферменттердің жұмысын реттеуге, клеткаларға керекті заттардың алмасуына көмектеседі. Сүт құрамындағы **кальций мен фосфор** жас нәресте мен төл сүйектерінің өсуіне, олардың тіс терінің қатаюына мүмкіндік береді. Жас нәресте мен төл 75% кальций мен 50% фосфорды анасының сүтінен қабылдайды. Егер организм де кальций мен фосфор жетіспесе, сүйек жұмсарып, адам остеомаляцияға шалдыға бастайды.

Организмдегі барлық биохимиялық процестерге қатысатын микроэлементтердің көбі сүттің құрамында болады. Олар: темір, мырыш, марганец, йод, молибден, мыс, фтор, бром, алюминий, бор, қорғасын, күміс, титан, т. б.

Микроэлементтердің көбі ферменттердің құрамына кіріп, клеткаларда жүретін реакциялардың жылдамдауына көмегін тигізеді. Микроэлементтердің жетіспеушілігінен организмнің зат алмасу процесі бұзылады. Мысалы, темір көбінесе қандағы гемоглабиннің құрамына кіреді, сонымен қатар мидың сыртқы қабығында да кездеседі. Мыс көбінесе казеиннің құрамында болады. Мырыш альдеолаза, карбогидраза, сілтілік фостофаза ферменттерінің құрамына кіреді. Ол, әсіресе, уыз құрамында өте көп.

Кобальт В₁₂ витамині, марганец-гидролаза, декарбоксилаза, фосфотаза ферменттерінің, йод тироксин гормонының құрамында болады. Осы аталған микроэлементтердің жетіспеуінен организм әртүрлі ауруларға шалдығады.

Сүт ферменттері. Ферменттерді **биокатализатор** деп те аталады. Олар ақуыздардың, майдың, көмірсутектердің үлкен бөлшектерін кішкентай бөлшектерге дейін ыдыратуға қатысады. Кей кездерде энергия да бөліп шығарады. Ферменттердің сүтті өңдеу, сақтау процестеріндегі маңызы зор. Кейбір ферменттердің мөлшері арқылы сүттің тазалығын да білуге болады.

Пероксидаза — тотықтыру процесін жылдамдатуға қатысатын фермент. Сүтті 80°С — қа дейін қыздырғанда ыдырап, тұнбаға түседі. Пероксидаза ферментінің бұл қасиетін сүтті пастерлеу температурасын анықтау үшін де пайдаланады.

Каталаза — сүттің құрамындағы сутегінің асқын тотығын су және оттегі молекуласына дейін ыдырататын фермент. Оның сүттегі мөлшері сүттің ауру не сау малдан сауылғанын анықтайды. Сау малдың сүтіне сутегі тотығын қосқан уақытта 1.5 — 3 мл оттегі бөліп шығарады, ал сүт безі қабынған малдың сүті 8 — 15 мл сутегін бөліп шығарады.

Липаза — сүт майын май қышқылы мен глицеринге ыдыратады. Сүтке желін микроорганизмімен келеді немесе суалуга жақындаған мал сүтінде болады. Сүтке ащылау

дәм береді. Липаза сүтті 80°С -қа дейін қыздырғанда ыдырайды. Егер сүт нашар пастерленген болса, ондай сүт тез бұзылады, алынған май, қаймақ сақтауға келмейді.

Протеаза — ақуыздардың ыдырауына септігін тигізетін фермент. Микроорганизмдер шығарған протеаза ферменттерінің әсері күштірек болады. Сондықтан да кейбір уақытта ақуыздардың көп ыдырауы салдарынан сүттің ұйып қалуы да мүмкін. Протеаза сүтті 75°С — қа дейін қыздырғанда күшін жояды.

Фосфотаза. Жаңа сауылған сүтте сілтілік фосфотаза ферменті болады. Бұл фермент фосфор қышқылы эфирлерін фосфор қышқылына дейін ыдыратады. 80°С — қа дейін қыздырғанда фосфотаза толық күшін жояды. Сондықтан фосфотазаны пастерлеу режимін қадағалау үшін қолданады.

Редуктаза сүттегі микробтар санын білу үшін пайдаланылады. Егер сүтте микроб көп болса, редуктаза ферментінің де саны көбейеді.

Сүт газдары. Жаңа сауылған сүт құрамында газдар да болады. Газдардың ерітіндідегі заң бойынша 1 л сүтте 70 мл газ ериді. Оның 50 — 70% — ы көмірқышқыл газы, 5 — 10% -ы оттегі, 20 — 30% — ы азотты газдар. Газдардың көпшілігі қышқыл ретінде кездесетін болғандықтан, сүттің қышқылдығын сиырды сауғаннан кейін 1 сағаттан соң анықтаған дұрыс.

Сүттің физикалық және биохимиялық қасиеттері

Сүттің физикалық қасиеттеріне тығыздылығы, тұтқырлығы, беттік керуі, тоқ өткізгіштігі, қайнау, қату температурасы жатады. Сүттің құрамын, оның қасиеттерін білудің сүт өңдейтін технологиялық құралдар дайындау үшін маңызы зор. Қазіргі уақытта өндірілген сүтті тез арада өңдеуден өткізу, оны тұтынушыларға жеткізу, сүт тағамдарын сату орындарында бұзылудан сақтау үшін жаңа талапқа сай техникалық тізбектер керек.

Тығыздылық. Сүттің тығыздылығы орта есеппен 1.030 кг/м³. Ол малдың тұқымына, оның жем шөбіне, сүт шығу уақытына, мінез құлқына т. б. жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Ауытқу мөлшері 1.026 — 1.032 кг/м⁻³ аралығында. Сүттің тығыздылығы арқылы оның табиғи сұйықтылығында білуге болады. Мысалы, сүтке су қосатын болсақ, оның тығыздылығы жоғарылайды. Мәселен, көк сүттің тығыздылығы шамамен 1.036 кг/м⁻³. Сиыр сүтінің тұтқырлығы — 0.0018 Па/с (Паскаль/секунд). Сүттің беттік керуі — 0.0439 н/м⁻¹, қату температурасы — 0.53, — 0.57°С, қайнау температурасы — 100.2°С.

Сүттің бактерицидтік қасиеті. Жаңа сауылған сүтте әртүрлі микроорганизмдер болады. Олар сүтте сиырдың емшегінен, желіннің сыртынан, сүт сауатын шелектен, болмаса сүт жүретін жүйеден түседі. Бірақ сүт 2 — 3 сағатқа дейін бөлме температурасында бұзылмайды. Оған сүттің бактерицидтік қасиеті себеп болады. Сүттің бактерицидтік қасиеті оның құрамындағы иммундық заттардың, оксониннің, лактениндер және лизацимдердің мөлшеріне бай-

ланысты болады. Аталған заттар сүтке түскен әр түрлі микроорганизмдердің өсіп — өнуіне белгілі бір уақыт кедергі жасайды. Осы сәтті бактерицидтік фаза деп атайды. Сүтті тез арада салқындатса не болмаса сүт өте таза жерде сауылса, оның бактерицидтік кезеңіде ұзаққа созылады. Негізінде сүттің бактерицидтік қасиеті 65° — тан астам температурада қыздырған кезде ғана бұзылады.

Сүттің жалпы қышқылдылығы. Сүттің құрамында ақуыздық заттардың, органикалық және бейорганикалық қышқылдық қосындылардың, тұздардың болатыны белгілі. Осы қосылыстар сүттің қышқылдылығын көрсе-

теді. Сүттің жалпы қышқылдылығы дегеніміз 100мл сүттегі қышқылдарды 0.1 н натрий тотығы гидратымен бейтараптау. Титрлеуге қанша 0.1 н натрий тотығы гидраты кетсе, сүттіңде сонша қышқылы болғаны. Оны градус Тернер (Т) мөлшерімен есептейді. Жаңа сауылған сүттің титрлік қышқылдылығы 16 — 18° Т болады.

Сүттің жалпы (титрлік) қышқылдылығы- сүт сатып алудағы негізгі көрсеткіштердің бірі. Жалпы қышқылдылықтың өзгеруі, яғни жоғарылауы сүттің санитарлық талаптарға сай келмейтін жағдайда сауылмағандығын, төмендеуі малдың денсаулығының өзгергендігін көрсетеді.

Әдебиет:

1. Садықұлов Т.С. Мал өсіру практикумы. — Алматы, 1998.
2. Төреханов А., Кәрімбеков Ж., Найманов Д., Дәленов Ш., Жазылбеков Н. Ірі қара шаруашылығы. — Алматы. Триумф-Т, 2006.
3. Өтесінов Ж., Ділімбетов М., Садуақасов М., Мал өсіру және селекция. II том -Қызылорда, 2013.

ГОСУДАРСТВО И ПРАВО

Қазақстан Республикасының нотариаты: қазіргі жай-күйі, өзекті мәселелері

Сариева Жадра Малдыбаевна, заңтану магистрі, аға оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Нотариат даусыз азаматтық құқықтар мен заңдық нысандарды куәландыру жолымен жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін заң жүзінде бекітуге бағытталған нотариалдық іс-әрекеттерді орындайтын, заңдық тұрғыда бекітілген органдар жүйесі. Нотариат пен сот азаматтық іс айналымында заңдылықты алдын ала және істен кейін бақылаудың бірыңғай қызметін жүзеге асырады. Бірақ азаматтық іс жүргізуде құқық туралы дауды қарайтын соттан айырмашылығы, нотариат азаматтық құқықтарды заң жолымен бекітуге және олардың болашақта бұзылу мүмкіндігін алдын алуға бағытталған қызметтерді орындайды.

Нотариат куәландырылған шарт — мүдделі жақтың өз құқығын дәлелдеуін жеңілдетеді, өйткені шарттың **нотариус** ресми түрде белгілеп берген мазмұны, мәмілеге қатысушылардың қойған қолдарының ақиқаттылығы, мәміле жасаған жері (орны), уақыты, өзге де жағдайлар нақты және бұлтартқысыз түпқұжат болып табылады [1].

«Нотариат саласын реттейтін нормативтік-құқықтық базаны одан әрі жетілдіру мәселелеріне қатысты төрағаның орынбасары нотариаттың қазіргі мемлекеттік және жеке меншік құрылымдары «Нотариат туралы» заңда бекітілгенін атап өтті. Нотариаттың даму жолдарын, оның ішінде жеке нотариустардың қызметін енгізетін және нотариатты ұйымдастыру және оның кәсіби қызметін іске асыратын орган құруды көздейтін «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құқықтық реформа туралы» Президенттің Қаулысы Қазақстанға жеке нотариатты енгізудің негізі болды», — делінген хабарламада.

«Нарықтық қатынастардың жедел дамуы жылдам және сапалы құқықтық көмек секілді жеке нотариат институтының енгізілуі де уақыттың талабы болды», — деді К. Ищанов және ол нотариат жүйесіндегі қазір орын алып отырған күрделі мәселелерді одан әрі зерделеу және оқшылықтарды жою қажеттігі туралы айтты.

«Нотариатқа жүктелген міндеттерді толыққанды орындауды қамтамасыз ететін қажетті заңнамалық базаны жасау жөнінде елеулі жұмыстар атқарылды» Сонымен бірге ол нотариат қызметі мен өндірісі саласындағы айқындалған проблемалық мәселелердің бар екенін, атап айтқанда ол мәселелерді шешудің қажеттігін атап өтті.

Ол сондай-ақ нотариаттық іс-қимылды іске асыру аясында нотариустың жаңа міндеті — медиатор болуды енгізу, жеке нотариустардың орталықтандырылған мұрағаттарын жинау және сақтау, сондай-ақ нотариус көмекшісінің рөлі мен мәртебесін көтеру секілді нотариаттың өзекті мәселелерін қарау қажеттігіне назар аударды.

Нотариат қызметі

- мәмілелерді куәландыру;
- мұрагерлік туралы куәлік, құжаттар көшірмесін және олардан алынған үзінділердің дұрыстығы туралы куәлік;
- азаматтың тірі екендігін куәландыру;
- құжаттардың түсіру уақытын куәландыру;
- жеке және заңды тұлғалардың **арыздарын** басқа жеке және заңды тұлғаларға табыс ету;
- атқарушы жазбалар жасау [2].

Нотариустың және аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

Нотариус қызметін бақылау «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасындағы нотариат — бұл нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін білікті заң көмегін көрсету жөніндегі құқықтық институт Нотариустың құқықтарына тоқталатын болсақ: өзіне жүгінген жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне сәйкес ҚР «Нотариат туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген нотариаттық іс-әрекеттер жасауға; мәмілелердің, өтініштер мен басқа да құжаттардың жобаларын жасауға; құжаттардың көшірмелерін және олардың үзінділерін әзірлеуге; нотариаттық іс-әрекеттер жасау мәселелері бойынша консультациялар беруге; Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны

құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға қажетті құжаттар мен мәліметтерді талап етуге құқылы. Нотариустарға ғылыми, педагогтік және шығармашылық қызметпен айналысуға шектеу қойылмайды.

Нотариустың қызметі белгілі бір шектеулерге де ие. Мысалы нотариустарға кәсіпкерлік қызметпен айналысуға қатаң тыйым салынады. Сонымен қатар шарттарды жасасу, өзгерту және бұзу кезінде делдалдық қызмет көрсетуге рұқсат етілмейді. Өкілді органға депутат болып сайланған жағдайда нотариус өз міндеттерін тоқтата тұрады. Жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамай өз міндеттерін орындауға жол берілмейді. Нотариустың мөрін оның лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңге аумақтық әділет органына тапсыруын қоспағанда, факсимилені пайдалануға және мөрін, электрондық цифрлық қолтаңбасын басқа адамға беруге құқығы жоқ. Жеке практикамен айналысатын нотариустың жалдама қызметкер ретінде еңбек қатынастарында болуға құқығы жоқ [3].

Нотариаттық іс жүргізу Қазақстан Республикасының архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы Республикалық нотариаттық палатаның қатысуымен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітетін Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидаға сәйкес жүзеге асырылады. Қағида талаптарының сақталуына бақылау жасауды аумақтық әділет органдары мен нотариат палаталары жүзеге асырады. Мемлекеттік нотариустардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде мемлекеттік архивке тапсырылуға тиіс. Жекеше нотариустардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде жеке нотариаттық архивке тапсырылуға тиіс. Нотариустың өзінің тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), сондай-ақ мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы (мемлекеттік нотариус мөрі) не нотариус лицензиясының нөмірі мен берілген күні (жекеше нотариус мөрі) көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі, қуәландыру жазбаларының мөртабандары мен жеке бланкілері болады. Нотариустардың мөрінің бедерлері мен қолының үлгілері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде, аумақтық әділет органында, сондай-ақ нотариаттық палатада сақталады. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін мөрге тапсырысты және оны нотариустарға беруді жүзеге асыруды аумақтық әділет органы жүргізеді. Жекеше нотариустың мөрін дайындау оның өз қаражаты есебінен, ал, мемлекеттік нотариуске бюджет қаражаты

есебінен жүргізіледі. Аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата лицензиясының күші тоқтатылған нотариустың құжаттарын басқа нотариусқа немесе жеке нотариаттық архивке беру жөнінде, сондай-ақ лицензияны лицензиарға беру үшін алып қою және нотариустың мөрін жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Нотариустың тікелей міндеттеріне мыналар кіреді: ҚР «Нотариат туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының нотариат қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасауға; азаматтарға және заңды тұлғаларға құқықтар мен міндеттерді түсіндіруге, олардың заңды білмегендігі өздеріне зиян келтіруге пайдаланылуы мүмкін болмауы үшін, жасалған нотариаттық іс-әрекеттерінің салдарлары жөнінде ескертуге; кәсіптік қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпия ұстауға; Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға; кәсіптік әдепті сақтауға; әділет органына және (немесе) нотариаттық палатаға өз іс-әрекеттеріне түскен шағымдар бойынша өзі жасаған нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер, өзге құжаттар, ал қажет болған жағдайларда жеке түсініктемелер, оның ішінде кәсіптік әдеп талаптарын сақтамау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге; өз лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидада көзделген тәртіппен іс жүргізуіндегі құжаттарды басқа нотариусқа беруге; өз лицензиясының қолданылуы тоқтатылған жағдайларда, сақтауындағы барлық нотариаттық құжаттарды жекеше нотариаттық мұрағатқа беруге; өз тегінің, атының, әкесінің атының және өз үй-жайы орналасқан жерінің өзгеруі жөніндегі мәліметтерді бір ай ішінде аумақтық әділет органына ұсынуға міндетті [4].

Еліміздегі нотариустар заңнамаға сәйкес жекеше және мемлекеттік нотариустар деп бөлінеді. Бұл ретте атап өтерлік жайт, жекеше және мемлекеттік нотариустардың нотариаттық қызметті жүзеге асырған кездегі құқықтары, міндеттер тең болады. Олар рәсімделген құжаттардың бірдей заң күші болады.

Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің аталған кемшіліктеріне қарамастан, бұл жүйе сотта адам және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау арқылы салдарымен күреспей, барлық аталған құқық бұзушылықтарды келісім жасаған кезде тыюға болатынын көрсетеді. Яғни осы жүйені қолдана отырып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қосымша жағдайлар жасалынуда деп ойлаймыз.

Әдебиет:

1. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 14 шілде
2. <http://www.enis.kz> Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе
3. <http://www.notariat.kz/> Республикалық нотариаттық палатаның ресми сайты
4. Урисбаева А. А. Қазақстан Республикасының нотариаты, Оқу-құралы, Қазақ университеті, Алматы, 2011 ж.

ИСТОРИЯ

Жеңістің туын көтерген жылдар

Жәнібекова Тұрсын Сарқұлқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: Бегімқұлова Шарбан Арапбайқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

КСРО халқына төтеден шабуыл жасаған фашистер қаяқ астынан соғыс ашып, барлығын дүр сілкіндірген болатын. Қиын-қыстау кезеңдегі өмір сүрген адамдардың қандай жағдайда болғанын өздерінен артық ешкім түсіне қоймас.

1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысы қаһарман совет халқы үшін тарихта бұрын-соңды болып көрмеген сын болды. Халықаралық империализмнің ең басты да қанқұмар қара күші — герман фашизмін талқандау үшін совет адамдары қолдан келгеннің бәрін істеді. Олар тылда «бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен күні — түні бірдей қажымай — талмай еңбек етсе, ал майданда «Отан үшін, бейбіт өмір үшін!» деген ұранмен теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Төрт жылғы қырғын соғыста тобықтан қан кеше жүріп, мыңдаған километр жаяу жүрді, көзге тұрткісіз қараңғы түндерді сансыз рет кірпік қақпастан бастан кешірді. Ол күндердің өшрес даңқы деп совет халқы әділ айтқандай, ел басында ауыр күн туғанда таңғажайып ерлік көрсетіп, жанын пидә еткен ардагерлердің есімдері елеусіз қалмады [1].

Көп ұлтты Совет елі еңбекшілерін идеялық — саяси тұрғыдан біріктіруде Коммунистік партияның халық бұқарасын басқарушы, бірден — бір ұйымдастырушы ретіндегі абырой — беделдің өсуі негізгі фактор болып табылды. 30 — жылдардың аяғында Советтер елі — ақын Егор Исаевтың бейнелі тілімен сөйлесек: «Жерімен жері ұштасқан, тілімен тілі достасқан халықтар» елі. Академик М.П. Қимнің тұжырымынша, бұл кезең тарихта тұңғыш рет социалистік ұлттар қауымдастығы — совет халқы қалыптаса бастаған кез [2].

Осы сұрапыл соғыс қанша адамның кәрі демей, жас демей бәрін өзімен бірге ала кеткен Ұлы Отан соғысы болатын. Дүние жүзі бойынша Кеңестер Одағы Ұлы Отан соғысында адам шығыны бойынша кеңестіктер бірінші орыннан ойып тұрып орын алды. 6,8 млн жауынгер тапты. 4,4 млн адам із-түссіз кетті. Жалпы, елде, еңбек армиясында қайтыс болғандармен бірге есептесек, бұл соғыста КСРО-ның демографиялық шығыны — 26,6 млн адам. Ал

соғыстың негізгі ошағы болған Германия 6 млн 500 мың адамынан айырылады.

КСРО-ның демографиялық шығыны 26,6 миллион адам. Екінші дүние жүзілік соғыстағы Польшаның адам шығыны — 6 млн, АҚШ — 407 мың, Англияда — 370 мың, Қытайда — 5 млн, Жапонияда — 2,5 млн, Францияда — 600 мың адам болды. Ал Қазақстан 602939 адамынан айырылды. Оның ішінде, қазақ ұлтының шығыны — 356 мың адам. Әйткенмен, соңғы кезде адам шығыны 400 мыңдай деген деректер бар [3].

Дереккөздеріне сүйенсек түрлі мәліметтер алуға болады. Соғыс уақытысындағы халықтың басынан өткен жәйіттерін архивті ақтара отырып оқығанда көзге жас алмау мүмкін емес. Сол архив парақтарынан алынған мәліметтердің бірінде «Ставрополь, Георгтевскіде, Кисловодскіде, Ессентукиде, Минеральные Водыда, Железноводскіде және Тебердода істеген қылмысты әрекеттері, комиссияларының актыларымен, азап шеккендердің мәлімдемелерімен, куәгерлердің берген жауаптарымен, дәрігерлік экспорттардың қорытындыларымен, документтік материалдарымен анықталып отыр, мұны сонымен қатар, осы қалаларда және Ставрополь өлкесінің аудандарында сұрапыл жауыздық істелгендігі және советтің бейбіт азаматтарын жаппай қыру әрекетінің фактыларын өзі барып анықтаған Мемлекеттік Төтенше Комиссияның мүшесі академик Алексей Толстов қуаттап отыр. Жергілік адамдар 1943 жылғы 22 июльде қатты жауыннан кейін Кисловодскі қаласынан маңындағы Кольцо тауы төңірегінде, Киров атындағы колхоздың маңында совет азаматтарынан атылған 26 адамның өлігін тауып алған.

Өліктерді қарағанда және сот-дәрігер қарарынан өткізгенде олардың арасында 2 еркек, 15 әйел және 2 мен 12 жастың арасындағы 9 баланың өлігі анықталды, 26 өліктің бәріне де қорлық көрсетіп, азаптаудың ізі табылды: аяқ — қолдарының сынғаны, бастарының мыжылғандығы анықталды.

Кольцо тауына таяу маңдағы тағы бір жарлауытты қарағанда, Кисловодскден Первомайскі ауылына баратын жолдан 250 метр жерде — тереңдігі 10 метр, су бұзып

кеткен көмбе бар екені анықталды, одан өлген адам денесінің түрлі мүшелері табылды.» [4]. Қаншама қолдау көрсетілген мақалалар мен өлеңдер сол бір сұрапыл жылдары баспада жарық көрді. «Ленин жолы» газетінің 1944 жылы 5 желтоқсанда №240 баспасында «Енді Қызыл Армия ақыры қорытынды міндетте қалып отыр. Ол, неміс — фашист армиясын талқандау ісін одақтастарымыздың армияларымен бірге аяқтап шығу, неміс фашист айуанды оның өз үңгірінде біржолата құрту және Берлин үстінде жеңіс туын тігу. (Сталин)» [5].

Соғыс басталғаннан бастап «Ленин жолы» газетінде «Совет информациясы» атты тақырыппен майданда қайдай жағдай болып жатқанын баяндап отырған. Бұл мақала күн сайын баспаға беріліп отырған. 1944 жылғы 21 қаңтарында шыққан мақалада: «Днепропетровскнің оңтүстік — батыс жағындағы бір учаскеде лейтенант Ткач басқарған мергендер командасы қыймыл жасауда. Оның командасында 22 жауынгер бар. Январдың 10 — нан 18 — не дейінгі 8 күн ішінде мергендер немістің 216 солдаты мен офицерлерін қырды. Лейтенант Ткач, ефрейтор Абзалимов, қызыләскер Қозьявин осы уақыт ішінде әр қайсысы 15 немістен өлтірді. Кіші сержант Шарифуллин, қызыләскер Раджабов пен Жарқымбековтар 13 гитлершілді өлтірді» [6].

Кеңес Одағының Батыры — КСРО — да соғыс кезінде жасаған сөзсіз ерлігі немесе айрықша еңбегі үшін берілетін ең жоғары құрметті атақ. Ол бейбіт жағдайда өте сирек, аса ерекше ерлік жасағаны үшін ғана беріледі. Бұл атақты КСРО —ның Орталық Атқару Комитеті (ОАК) 1934 жылдың 16 сәуірінде тағайындаған. Алдымен оны грамотаға жазып, қол. а беретін болған. Одан, 1936 жылғы 29 шілдедегі қаулы бойынша атаққа қоса Ленин

ордені берілетін болды. Бұл орден Кеңес Одағының Батыры атағы шыққанға дейін елдегі ең жоғары награда ретінде берілетін. Ол адамның сол жақ кеудесінде, басқа ордендердің бәрінен бірінші тұрады. Ленин ордені 1930 жылдың сәуір айынан бастап беріле бастаған.

КСРО Жоғары Кеңесінің 1939 жылы Жарлығымен Батыр атағын алғандарға кеудеге тағатын «Алтын медаль» қоса берілетін болды. Оның авторы атақты архивтер Мирон Мержанов.

Кеңес Одағының Батыры атағы ең бірінші болып 11 ұшқыш алды. Кеңес Одағы Батыры атағын алғандардың 92 пайыздық үлесі Ұлы Отан соғысы жылдарына тиеді. Бұл атақты майдандағы ерліктері үшін барлығы 11 мың 657 адам алған. Соның ішінде 3051 — іне қаза болғаннан кейін берілген. Осы батырлардың 90 — ны әйел, олардың да 49 — ына қаза болған соң берілген. Соның ішінде Әлия мен Мәншүк апаларымыз бар.

Соғыс жылдарында Батыр атағы 14 шетелдіктерге де берілген. Соның ішінде 4 — еуі француздың «Нормандия — Неман» авиаполкінің ұшқыштары. Кеңес Одағының Батыры атағы КСРО тарап кеткенше барлығы 12776 адамға бұйырыпты. Осының ішінде екі рет алғандар саны 154 адам. Біздің Талғат Бигелдинов ағамыз осы санға енеді. Үш рет алғандар саны — 2. Хрушев пен Брежнев тұсында бұл аса құрметті атақ кей жағдайларда ойыншыққа айналып кете жаздағаны бар [7].

От кешіп, қан жұтқан сол бір жылдар барған сайын бізден алыстай беруде. Майдан мен тылдың аты аңызға айналған ерлері барған сайын азая түсуде. Бірақ олар жасаған Ұлы ерлік ешқашан ұмытылмақ емес. Зұлым жаумен шайқаста әке, аға, бауырларымыз қанын төгіп, қолымыз жеткен Жеңіс шапағы кейінгі ұрпақтарға жетпек.

Әдебиет:

1. Самұратов Ж. Оқ болып атылды. — Алматы: Қазақстан, 1989. — 240 б.
2. Кеңбейілов М. Ел мен ердің жеңісі. — Алматы: Қазақстан, 1985. — 256 б.
3. КСРО-ның демографиялық шығыны 26,6 миллион адам // Жас Алаш. — №36. 7 мамыр 2010 ж.
4. Неміс-фашист басқыншылар мен олардың сыбайластарының жауыздық істерін және ССРС азаматтарына, колхоздарына, қоғам ұйымдарына, мемлекеттік кәсіпорындары мен мемкемелеріне келтірген зиянын тексеріп, анықтайтын Мемлекеттік төтенше Комиссияның білдіруі // Ленин жолы. №3. 15 август 1943 ж.
5. Қызыл Армия ақыры қорытынды міндетте қалып отыр // Ленин жолы. №240. 5 желтоқсан 1944 ж.
6. Совет информациясынан. // Ленин жолы. №15. 21 январь 1944 ж.
7. Кеңес Одағының Батыры атағы туралы не білеміз? // Егеменді Қазақстан. 9 мамыр 2014 ж.

Раскол между Россией и Западом: истоки и последствия

Ибраев Галимбек Мадибекевич¹, магистр педагогических наук, старший преподаватель;
Шопанова Гульжазира Раушанбековна², учительница

¹Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата (г. Кызылорда, Республика Казахстан);

²Школа «Мурагер» (г. Кызылорда, Республика Казахстан)

Сейчас мы наблюдаем резкое набирающее рост обострение отношения между Россией и Западом, что к сожалению ухудшает международную обстановку. А ведь еще совсем недавно после окончания холодной войны между Россией и Западом существовали довольно-таки неплохие взаимоотношения. Правовым наследником бывшего СССР в международных отношениях стала новая демократическая Россия заявившая миру о том, что теперь Россия не угрожает миру и начала поиски улучшений взаимоотношении в новых исторических условиях с Западом. Тем более в свое время Запад давал в свое время давал твердые гарантии того, что в постсоветский период учитывать стратегические интересы новой России в Европе при выводе войск из Восточной Европы при ее согласии на объединение Германии. Позднее Запад в лице НАТО понимая значение важности России в сохранении европейской стабильности и ее возможности при решении многих проблем международной безопасности создала специальный орган взаимоотношении НАТО с Россией — консультативный совет Россия — НАТО с правом совещательного голоса. Казалось бы, найдено для всех сторон оптимальное решение — сняты стены недоверия сформировавшиеся за долгие десятилетия между Западом и Россией и наконец-то наступит эра конструктивных взаимоотношении с обеих сторон [2]. Однако политические реалии в 90-годы прошлого века со всей очевидностью показали, что диалог на который рассчитывала Россия с Западом был существенно затруднен из — за его неконструктивной политики, направленный своими действиями против нее, а именно сознательное нарушение данных своих же гарантии не расширения НАТО, а наоборот усиления ее военной мощи за счет включения новых членов за счет стран Восточной Европы, бывших союзников СССР. А это означает, то что, Запад пошел на сознательное игнорирование интересов России, с одновременным нарушением норм международного права как это было с ситуацией в Косово и т.д. [7]. Дальнейшему ухудшению взаимоотношении между этими 2 крупнейшими международными субъектами международного права, я имею виду Россию и Запад явились события на Украине. Когда Запад начал преднамеренно стал вмешиваться на Украине, целью которого явилось сместить законно избранного президента Януковича и тем самым повернуть Украину на Запад тем самым нанести удар по стратегическим интересам России в этой для нее стране. Запад активно поддержал так называемый Евромайдан (морально, политически, финансовом отношении об этом говорят слова замгоссекретаря США по европейским делам В. Нулланд, за-

явившей, о том, что США вложило за 20 лет в так называемую оранжевую революцию 5 млрд американских долларов. и т.д. И вот результат деятельности США в незалежной, в феврале 2014 года противостояние в Киеве привело к смене власти на Украине. 22 февраля Верховная Рада назначила внеочередные выборы президента страны на 25 мая. 23 февраля исполняющим обязанности президента был назначен новоизбранный спикер Верховной Рады Александр Турчинов, а 27 февраля был сформирован новый состав правительства, в котором выходцы из Западной Украины получили 12 портфелей [7]. В стране фактически был совершен антигосударственный переворот, в результате к власти пришли националисты, которые взяли курс на одностороннее сближение с Западом и игнорированием интересов России. Сразу же после своего свержения Виктор Янукович заявил о том, что свержение законной власти на Украине планировалось на Западе. «Это не первый пример подобных сценариев и далеко не демократический способ», — говорится в обращении Януковича.

«Лидеры майдана пришли к власти на плечах нацистских штурмовиков», — подчеркнул Янукович. Он также предложил провести вместо досрочных выборов президента Украины референдум о статусе каждого региона в составе [4]. После прихода националистов, новая власть взяла курс на украинизацию всей страны. А это означает ущемление и игнорирование всех прав русскоязычного населения страны, что в дальнейшем привело к последующей гражданской войне с Донбассом и к событиям в Крыму — референдум, а затем ее вхождение в состав России [6]. После этих события Запад практически начал холодную войну с Россией, а именно с ведения санкции против нее и обвинении ее т.е. России ведении войны против Украины, в помощи по ее мнению сепаратистам. Так таким образом возник раскол между Россией и Западом, каждая из сторон, по — моему мнению, не хочет признавать интересы друг друга, что безусловно ухудшает международную обстановку и снижает до минимума шансы на взаимное сближение друг с другом и совместным участия при разрешении международных конфликтов, например в борьбе с международным терроризмом и т.д. Возникает закономерный вопрос в чем причина, в чем истоки все время возникающих противоречии между Западом и Россией. Еще в 19 веке Данилевский в своей работе «Россия и Европа» ставил вопрос почему Запад враждебен к России, хотя последняя во многом спасла ее от гибели например защитив своей борьбой от угнетения наполеоновской Франции [1].

По мнению Данилевского армия Кутузова и вообще всей так называемой русской партии — два года боролась за Германию и Европу и, окончив борьбу низвержением Наполеона, точно так же спасла Францию от мщения Европы, как спасла Европу от угнетения Франции. Спустя тридцать пять лет она опять, едва ли не вопреки своим интересам, спасла от конечного распада Австрию, считаемую, справедливо или нет, краеугольным камнем политической системы европейских государств. Какую благодарность за все это получала она как у правительств, так и у народов Европы — всем хорошо известно, но не в этом дело. [1] Эту же мысль Данилевского об истоках враждебности Европы к России и раскола между ними как бы продолжает и подтверждает Томас Гомар — руководитель отдела стратегического развития Французского института международных отношений в своей статье «Последствия раскола между Россией и Западом». Он утверждает в своей статье мысль о том, что на самом деле истоки раскола между Россией и Западом следует искать в давних расхождениях между Европой и Византией; поэтому межрелигиозный диалог может стать одним из путей выхода из кризиса. Конфликт на Украине возник на линии разлома между временными и духовными аспектами, между государствами и цивилизациями. Стремительное развитие событий привело не только к изменению глобальной роли России, но и возвращению войны в Европу. Менее чем за год Россия провела Олимпийские игры, аннексировала Крым, приняла участие в военных операциях в Донбассе и пережила падение рубля на 50% [3].

А теперь разберем вопросы более подробно о причинах враждебного отношения Запада в лице ее лидера США к России, я не побоюсь этого слова. Все усиливающее противоречия США и России по Сирийскому вопросу, разность интересов при разрешении данного международного кризиса и стали одним из звеньев приведшей к кризису между этими державами. Кто бы стал в марте 2011 года, когда в Сирии начиналась гражданская война, делать ставку на Башара Асада? Только Москва, у которой не было ни малейшего желания терять своего основного союзника на Ближнем Востоке. Влияние России в этом регионе обычно недооценивалось и Соединенными Штатами, и Европой. Между тем Россия отнюдь не пренебрегала продвижением здесь своих интересов, подчеркивая, что ее позиция отлична от позиции Запада. С этой целью она одновременно поддерживала отношения с Сирией, Ираном, Турцией, Израилем и арабскими странами. Ей удавалось проводить региональную политику, не скованную проблемами в двусторонних отношениях ни с одной из этих стран. По недавнему признанию одного из высокопоставленных чиновников из Саудовской Аравии, Россия, в отличие от западных государств, четко представляет себе, «чего в нашем регионе делать нельзя» [7].

«Арабская весна» спровоцированная Западом создала так называемый пояс неустойчивости, которая при-

вела в конечном счете, в арабском мире смене нынешних режимов на проамериканские и их появление близ российских границ воспринимается как угроза ее интересам на Ближнем Востоке и тем самым укрепить свои собственные интересы. Об этом красноречиво говорят события связанные сирийским химическим оружием, где Запад в лице США готовил планы вторжения в эту страну, но твердая позиция России и ее предложения по выходу из кризиса не позволили США разгромить Сирию. Затем последующие события, особенно, после Крыма связанных с ним событиями и начала военных операций на Донбассе все это подтверждает мысль о конфронтационном характере действия Запада по отношению к России. Ясно, что резкое падение цен на нефть и обвал рубля усиливают давление на Кремль, которому приходится искать козлов отпущения. Хотя еще до введения экономических санкций Россия находилась на грани рецессии, санкции усугубили положение, привели к изоляции страны. Следствием санкций становится еще большее ужесточение позиции Кремля. Санкции позволяют Кремлю превратить антагонизм между Россией и Западом в орудие достижения своих целей внутри страны и за ее пределами. Ситуация остается взрывоопасной. Иначе говоря, раскол между Россией и Западом грозит непредсказуемыми последствиями, масштаб и последствий которых международной системы пока трудно себе представить [5].

Хотя следует высказать мысль о том, что во внешней политике России существовали для взгляда по отношению к Западу. В 1990-е гг., в бытность президентом Бориса Ельцина, два российских министра иностранных дел — Андрей Козырев и Евгений Примаков — воплощали собой два традиционных течения российской внешней политики. Первый (возглавлявший российский МИД с октября 1990 по январь 1996 гг.) выступал за интеграцию России в евроатлантическую структуру, с тем чтобы присоединиться к «цивилизованному миру». Второй (январь 1996 — сентябрь 1998 гг.) считал, что Россия не просто одна из европейских стран, стремящихся к тесным партнерским отношениям с Западом; это держава, которая включает в себя, помимо европейской территории, также часть мусульманского Востока и Азии. Исходя из того факта, что у России «смешанная» идентичность, Евгений Примаков настаивал на многовекторности российской внешней политики и выступал за создание триады Москва-Дели-Пекин. Отношения с Китаем становятся приоритетным направлением политики. Запад до поры до времени взирал на эти попытки с вежливым интересом, считая, что страна, которая находится в глубоком кризисе, не способна осуществить столь амбициозный проект. Чувствуя себя хозяином положения, Запад не прислушался к советам Москвы по стабилизации ситуации на Балканах. В то же время Евгений Примаков прилагал все силы, чтобы вывести Россию на ближневосточную политическую сцену. Арабист вхожий в самые влиятельные круги, он возобновил контакты с арабскими странами, унаследованные от советского периода (Египет, Сирия, Ирак). Одновре-

менно он установил тесные связи с Турцией и Израилем, образовав «хрупкий союз Москва-Анкара-Иерусалим», который основывается на неприятии радикальных исламских движений и на выборочном экономическом сотрудничестве [5]. Владимир Путин президент России видя пренебрежительное отношение Запада к России, взял курс на защиту ее национальных интересов. Проводя при этом активную внешнюю многовекторную политику, направленную на усиление сотрудничества со своими ближайшими союзниками выраженное в создании -Евразийского экономического союза (Россия, Белоруссия и Казахстан), вступившем в силу 1 января 2015 года и выражающей сколько своеобразную форму протеста против действий Запада, который, по мнению России, на протяжении всей истории отношений стремится всячески ее унижить. Другим не менее важным направлением во внешней политике является усиление сотрудничества с Китаем. Отношения с Китаем становятся приоритетным направлением политики. Москва понимает то, что она подчинится Западу то она потеряет свою идентичность, а значит теряет и свои стратегические национальные интересы. Вот поэтому Россия в 2003 году — поддержала и приняла активное участие в создании БРИК [5].

Следуя традиционной российской стратегии, Владимир Путин сочетает усилия по укреплению обороны с наступательными действиями — спецоперациями, сбором разведанных и дезинформационными действиями. Гарантией же всей этой системы выступает тактическое и стратегическое ядерное оружие, которое остается альфой и омегой российской политики безопасности. Целью России является противостояние двойной опасности: НАТО и его система противоракетной обороны на западном фланге; исламские экстремисты суннитского толка, способные дестабилизировать ситуацию на Кавказе и в Центральной Азии, на южном. Крым усиливает оборонительный и наступательный потенциал Кремля. Территория полуострова может служить хорошим естественным аэродромом в Черном море, что дает больше возможностей ограничивать другим странам доступ к черноморскому региону и одновременно позволяет приблизиться к Ближнему Востоку. До 2020 года в Крыму может быть размещено от 7 до 10 воинских частей. С чисто военной точки зрения бескровный захват полуострова можно считать безусловно успешной операцией. Сейчас, через десять лет после иракской войны, мы наблюдаем полную смену стратегической ситуации: обсуждавшийся тогда проект «Wider Black Sea Area» предусматривал широкий доступ к ближневосточному региону, а вступление Румынии и Болгарии в НАТО позволяло усилить присутствие альянса на Черном море и ускорить сближение с НАТО Грузии и Украины. В конечном счете именно России удалось укрепить свою стратегию доступа, свое присутствие в средиземноморском регионе и свое влияние на Ближнем Востоке. С точки зрения геополитики Крым на Черном море и Калининград на Балтийском представляют собой два форпоста России, которым стоит уделять особое внимание, коль скоро им

суждено стать местами размещения ядерного оружия. Эти два форпоста автоматически усиливают военное давление России на Восточную Европу [7].

А теперь рассмотрим вопросы связанные с последствиями раскола между Россией и Западом. Прежде всего одним из главных последствий этого процесса — сближение, укрепление связей с Китаем. Раскол между Россией и Западом укрепляет желание России сблизиться с Китаем, поскольку это позволит России совместно с КНР успешно противостоять США по их стремлению к мировому господству. Одним из главных последствий украинского кризиса стала глубокая трансформация отношений между Соединенными Штатами, Европой и Россией, которая косвенно привела к усилению роли Китая.

Мировой порядок в среднесрочной перспективе зависит от характера российско-китайских отношений и от равновесия между Китаем, Россией и Соединенными Штатами. Часть стратегических аналитиков вот уже несколько лет предсказывает образование «оси» Россия-Китай, которая бросит вызов американской гегемонии. Другая их часть, наоборот, отмечает, насколько отношения России и Китая зависят от политической конъюнктуры, рассматривая сближение двух стран как временный и недолговечный союз. С 2008 года Россия позиционирует себя как «евро-тихоокеанская держава», которая должна развернуться на Восток, представляющий собой гораздо более перспективный регион, чем Европа, в плане экономического развития. Действительно, в 2012 г. Китай стал главным торговым партнером России; его доля в российском товарообороте составляет 11% (в то время как доля Японии и Южной Кореи соответственно 3,9% и 3,4%). Тем не менее демонстративный поворот в сторону Азии — прежде всего осознанный поворот во внешней политике шаг, с помощью которого Россия становится одним из независимых полюсов многополярного мира, объединяющим государства на постсоветском пространстве. Когда в конце марта 2014 года на заседании Генеральной Ассамблеи ООН проводилось голосование по резолюции, осуждающей присоединение Крыма к России, среди воздержавшихся (58 стран из 193) был и Китай.

Украинский конфликт побуждает переосмыслить место России в европейской и международной системе безопасности. В целом, амбиции западных лидеров не простираются далее сохранения привычного для них миропорядка, ослабленного вследствие их собственных ошибок или внешних вызовов; Россия же стремится переконфигурировать мировое пространство. Таковы новые условия диалога, который нужно начинать, чтобы остановить углубляющийся раскол. Завершая свою статью мне хочется завершить, словами вышеизложенного мною Н. Данилевского о том, что попытка одной цивилизации навязать другой собственную систему духовных ценностей ведет к катастрофе и разрушению последней. В наше время столкновение цивилизаций составляет главное содержание эпохи. Основным нарушителем мирового порядка выступает цивилизация западная, объединяющая США

и ее западноевропейские сателлиты, стремящиеся навязать свои ценности человечеству, называя этот разрушительный процесс глобализацией. В свете происходящего

труд Данилевского очевидно сохраняет свою актуальность и по сей день, позволяя найти ответ на многие вопросы современности [1].

Литература:

1. Данилевский, Н. Я. «Россия и Европа». Славянский культурно-исторический тип. Антология культурологической мысли. — М., 1996.
2. основополагающий Акт Россия — НАТО, 1997./Внешняя политика и безопасность современной России 1991—1998 гг. Том 2. — М., 1999.
3. Гомар, Т. Последствия раскола между Россией и Западом // «Око планеты». — 2015. — 26 марта.
4. Пресс-конференция, В. Януковича. от 28.02.2014.
5. Максимичев, И. Ф. К каким берегам плывет Европа // Международная жизнь. — 2014. — №10.
6. Проханов, С. Крым долговое возвращение // Аргументы и факты. — 2015. — 25 марта.
7. Патрушев Н: «Отрезвление» украинцев будет жестким и болезненным // Российская газета. 2014. — 15 октября.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы және Сыр өңіріндегі тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау мәселелері

Кәрісбеков Дәурен, магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Мәдени мұра бағдарламасы қазақстандық қоғам мен мемлекеттің мәдени құндылықтарды сақтап, көбейту жолындағы қамқорлық, ғаламдану жағдайына бейімделу моделінің өзіндік үлгісі болып табылады. Елімізде «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырудың алдыңғы кезеңі (2004—2007 жж.) бұрынғы дәуірлердегі аға ұрпақтың материалдық және интеллектуалдық құндылықтарын сақтау мен оны одан әрі дамытуға мемлекеттің үлкен қамқорлығының қажеттілігін көрсетті.

2004 жылы Қызылорда қаласында «Арал аймағының археологиялық зерттелуі: жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми конференция өткізіліп, Арал маңының ежелгі және ортағасырлық тарихын кешенді зерттеу мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты және Ресейдің Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институты арасында ұшжақты келісім-шарт жасалды.

2004—2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында «Мәдени мұра» облыстық бағдарламасы қабылданып, оны іске асыру барысында жаңа тарих және мәдениет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру жұмыстары басталып, археология және тарихи-мәдени ескерткіштер жайлы танымдық кітаптар шығарылды.

Республикалық бюджет есебінен облыс көлеміндегі сақ дәуірінің Шірік-рабат қала-қорымында ортағасырлық Сығанак, Жанкент қалаларына, Аралдың кепкен табиғатынан табылған Кердері кесенесіне археологиялық зерт-

теулер жүргізілді [1]. Сырлытам, Айқожа, Ақтас, Асан Ата, Сараманқоса, Оқшы Ата кесенелері, 2007 жылы Қарасопы, Мақұлтам, Мұлқалан кесенелері және Қалжан ахун мешіт медресесі қайта қалпына келтірілді. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының мамандарымен бірлесіп «Ұлы Жібек жолы кітапханасы» атты экспедиция ұйымдастырылды. Бағдарлама аясында облыстық бюджет есебінен Қармақшы ауданындағы Қорқыт Ата ескерткіш кешеніне, Шиелі ауданындағы Нартай мұражайына, Қызылорда қаласындағы А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет орталығына, бұрынғы әскери комиссариат үйінің ғимаратына қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, Қызылорда қаласының Қазақ КСР-нің астанасы болғанына 80 жыл толуына орай бұрынғы желілік ішкі істер бөлімшесінің ғимараты қайта қалпына келтіріліп, облыстық мұражайдың филиалы «Ақмешіт» музейі ашылды. Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты ғалымдарымен бірге Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары «Шірік-рабат археологиялық экспедициясы» құрамында Шірік-рабат, Баланды, Сеңгір-там және Инкәр-қала ескерткіштерінде және белгілі археолог К. Байпақовпен бірге Арал ауданындағы Кердері кесенесінде археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Арал маңы сақтарының ең маңызды ескерткіштерінің бірі ежелде айтарлықтай стратегиялық маңызы бар Шірік-Рабат қалашығы керуен жолында Әмудария мен Сырдария өзендері қосылған жерде апасиак сақтары жерлерінің шекараларын күзетіп тұрғандай орналасқан. Қа-

лашықты барлау кезінде Жаңадария сағасынан бастау алатын қолдан жасалған ирригация желісінің едәуір жүйесі табылған. 2004–2006 жылдары өткізілген қазбалар нәтижесінде әлі толық зерттеліп үлгермеген амфитеатр типтес, мүмкін сақ храмы бар, патша жерлену іздері табылды. Қазба кезінде кепамика коллекциясы, алтын және күміс әшекейлер жиналды.

Кешенді өңдеу негізінде қолбасшы жерленуінен, соның ішінде екісәпты қылыш, қытайда жасалған болуы мүмкін, әзірге белгісіз жазуы бар ыдыстардан тұратын қару комплектісін зерттеу жұмыстары жүргізілді.

«Ежелгі Жанкент қаласының археологиялық зерттеулері» тақырыбының есеп кезеңі барысында бір қатар жұмыстар атқарылды.

2007 жылғы күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес дала зерттеулері жүргізілді. Археологиялық экспедициясың басты назары Жанкент цитаделінде объектілерді зерттеуді жалғастыруға, сондай-ақ ежелгі қаланың жоспарлауын, фортификациялық құрылымдарды, құрылыс жүйелілігін зерттеуге бағыттады.

Жұмыс нәтижелерінің ең негізгісінің қатарына қала цитаделіндегі оғыз ғибадатханасының ашылуы, бекініс қорғанының салынуындағы бұрын белгісіз ерекшеліктердің көрінісі, сонымен қатар Сырдария оғыздарының түрлі мәдениеттерін көрсететін заттық кешенінің табылуы.

2007 жылғы дала экспедициясы жұмысы барысында табылған заттар арасында көптеген ортағасырлық ыдыс сынықтары, еңбек құралдары, металл мен әйнектен жасалған әшекей бұйымдары, күйдірілген саздан жасалып, оюлармен өрнектелген екі басты қойдың мүсіні кездеседі.

Табылған заттар коллекциясы б. з. I мыңжылдық соңы мен II мыңжылдық басына сай келеді. Олар: жез тиындар, еңбек құралдары, қоладан жасалған сырға, сақина, қоңырау, және қапсырмалар. Керамикасы шаруашылық пен ас ыдыстарынан тұрады. Олар: құмыралар, құмандар, пиалалар және де қолмен, гончар дөңгелегінде жасалған дастархандар. Ыдыстардың қиылған толқынды сызықтармен өрнектелуі Қазақстан мен Хорезмнің ортағасырлық қалаларына тән келеді, сонымен қатар Сырдарияның ортағасырлық Жанкент керамикасында түрлі мәдени дәстүрлердің қосарлануы көрініс табады. Оның себебі жазба деректерімен дәлелденіп отырғандай, оғыздардың этносаия одақтардың шеңберіндегі өзіндік мәдени шаруашылықтары бар түркі тайпаларының тығыз қатынастарының нәтижесінде болды деп тұжырымдаймыз.

Баланды қала жұртында жүргізілген археологиялық ізденістер барысында аумақтары 48 ш. м. және 16 ш. м. болатын екі жерде қазба жұмыстары жүргізілді. Аумағы 48 ш. м (6 x 8 м) болатын I қазба Баланды қалашығының оңтүстік-шығыс бұрышында жүргізілді. Қазба барысында бекініс қамалының ішкі жағының және батыстан, солтүстік-батыстан бекініс қамалына жанасқан ауланың бөліктері ашылды. Қазба жұмыстары жүргізілген алаңнан үй-жаймен байланыстыратын қандай да бір ғимараттың ізі байқалмайды, қабырғалары кездеспеді. Қазбаның стратиграфиясына қарағанда бекініс қабырғаларын салудың екі

кезеңі анықталды. Ең алғашқысы болып ені 2 м, қоңыр түсті пахсадан тұрғызылған қабырға болып саналады. Бұл қабырғада сыртқа шығатын, ені 0,8 м есік болған. Ол ерте антикалық Хорезмнің фортификациялық жүйесінде көп кездесетін конструкциялық элемент.

Қазба жұмыстарының нәтижесінде 200-ден аса қыш заттар, 50-ге жуық ыдыс сынықтары табылды. Кешенде жапсырмалы жабық түрде жасалған саз, шамот дресва және де күйдірілген гипстен дайындалған ыдыстар көп. Осындай ыдыстар Шіріқрабат кешенінде кездеседі. Осылардың арасында б. д. д. VI–IV ғғ. жататын керамика кездеседі («ахеменид» археология кешені) [2].

2007 жылы Арал Асар қала жұртындағы зерттеулер негізгі үш бағытта жүргізілді:

1. Арал-Асар мекенжұртын археологиялық тұрғыдан зерттеу;

2. Қердері 2 кесенесін археологиялық тұрғыдан зерттеу;

3. Арал теңізінің табанын авиатехника көмегімен алдын-ала зерттеу.

Арал-Асар ескерткішінде қазба жұмыстары жүргізілді, ол мекенжұрттың күйреуі туралы қолда бар мәліметтерді толықтыра түсті.

Зерттеу барысында XIV ғ. Қердері 2 кесенесінде мұсылман дәстүрімен жерленген жеті мүрдені зерттеуге көңіл бөлінді. Кесененің архитектуралық ерекшеліктерін анықтау үшін портал бөлігінде бірнеше шурфтар салынды. Соның нәтижесінде портал-пештактың элементтері: арка, бұрыштағы мұнаралары, сырланған әшекейлі қыштармен безендірілген қасбеттік қабырғасы жақсы сақталғандығы анықталды. Жерсерігінің түсірген суреттері негізінде жүргізілген барлау жұмыстары барысында алдын-ала негізгі маршруттар жасалды. Осы маршруттар бойынша модельтоушақтың көмегімен 1200-ден астам аэрофотосуреттер түсірілді [3].

Осы жылдары Қызылорда қаласында мемлекет және қоғам қайраткерлері М. Шоқайға, Т. Жүргеновке, С. Қожановқа бюст қойылды және Қызылорда қаласында «Сыр бойының батырлары» ескерткіш кешені, Жалағаш ауданында Бұқарбай батыр ескерткіші ашылды [4].

Тарихи-мәдени ескерткіштерді қайта жаңғырту мақсатында 2008–2009 жылдары республикалық бюджет есебінен Қазалы ауданындағы Қожаназар мешітіне, Сырдария ауданындағы Қалжан ахун мешітіне, Асанас кесенесіне және Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қалашығының мешіт-медресесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. 2009 жылы облыстық бюджет есебінен Шиелі ауданындағы Тәжібай кесенесіне және Қызылорда қаласындағы бұрынғы теміржолшылар клубына қайта қалпына келтіру жұмыстары, Қармақшы ауданындағы Қорқыт Ата кешенінің ғимаратына бюджеттен тыс қаржы есебінен күрделі жөндеу және ауласын көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Қызылорда қаласындағы «Тағзым» алаңында Ауғанстан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге, Семей-Невада ядролық сынақ полигоны, Чернобыль апаты құрбандарына арналған кешенді белгі орнатылды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтымен Ресейдің Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының ғалымдарымен бірлескен ортағасырлық Жанкент қаласында кешенді археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Бірігіп жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде «Материалы Джанкентской археологической экспедиции», «Ежелгі қала Жанкент» атты монографиялар жарық көрді.

2005–2007, 2011 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті мен Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының бірлескен «Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағын» шығару мақсатында аймақ көлемінде арнайы барлау экспедициясы жұмыс жүргізіп, нәтижесінде қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстан Республикасы тарихи және мәдени ескерткіштерінің жиынтығы. Қызылорда облысы» атты ұжымдық энциклопедиялық еңбек жарық көрді. Сырдарияның төменгі ағысы бойында орналасқан ескерткіштерді одан әрі зерттеу, археологиялық ізденістердің нәтижелерін ғылыми айналымға енгізу мақсатында университет жанынан 2011 жылы «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды [5].

2010 жылы «Сауран-2010» экспедициясы бойынша Сауран қаласының төңірегіне археологиялық зерттеу жүргізілді. Қазба жұмыстары барысында 18 нысан табылып, құжатталып зерттелді. Оның 12-сі ортағасырлық мекен, 2-і кәріз, 3-і шаруашылық қойма және 1 діни-мәдени ғимарат. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде 2 томдық ғылыми есеп жасалды, өңірдің ортағасырлық қалаларының қазіргі ғылыми танымы маңызды мағлұматтармен толықтырылды.

Облыстың мәдени мұрасын зерттеу мақсатында Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссия ұсынылған 274 жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік тізіміне келісім беріп, қорытындысы бойынша облыс әкімінің қаулысы бекітілді [6].

Сыр өңіріндегі сәулет өнерінің тарихы орта ғасырлардан басталады. Қызылорда облысы жерінде көпшілікке белгілі Сырлытам кесенесі XII — XIII ғғ, Ұзынтам белгісі — IX — X, XIV-XV ғғ Көккесене, Мүлқалан күмбезі XVI ғ, Оқшы ата мазары XV — XVI ғғ, XVIII — XIX ғғ, Айғожа ишан күмбезі, XVIII — XIX ғғ Қарасопы күмбезі, XIV-XV ғғ Қармақшы ата, Қорқыт ата кешені және тағы басқа сәулет өнерінің ескерткіштері бар. Қазіргі таңда Қызылорда облысы бойынша есепке алынған 496 ескерткіш бар, оның ішінде 21-і республикалық, 274-і жергілікті маңызы бар және 201 тарихи-мәдени мұра объектілері алдын-ала есепке алынған.

Қорыта айтқанда, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы тарихи қысқа мерзімдік уақытта Қазақстан аумағында жалпыадамзаттық тарихи-мәдени және өркениеттік үрдістің толық құқылы құрамдас бөлігі ретінде рухани сабақтастықты, замана, ұрпақтар мен мемлекеттілік дәстүрлерінің байланысын бейнелейтін еліміздің классикалық бренді болды.

Алайда, бағдарлама аясында атқарылған жұмыстар тек бір кезеңмен бітіп, тоқталып қалмауы керек. Қызылорда облысында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында археологиялық зерттеулер жүргізілген тарихи ескерткіштер бүгінде толық абаттанса-Сыр өңірінің мәдени-археологиялық байлығының байтақтығының көрінісі ретінде бұрынғы Сауран, Сығынақ, Жанкент және т. б. ескерткіштер орнынан отандық, шетелдік туристер тамашалайтын көне қалалар галереясын жасап шығуға болар еді. Сонымен қатар, елімізде «Археологиялық мұра туралы» арнайы заң қабылдау қажет. Мұндай заң Молдова, Украина, Өзбекстан сияқты бұрынғы кеңестік республикалар мен Балтық елдерінде табысты жүзеге асуда. Осындай заң біздің елімізде де қабылдана болса, археологиялық мұрамызды — асыл қазынамызды болашаққа апаруға, өткендегі көптеген тарихи ақиқаттарды ашуға, сөйтіп, халқымыздың шыншыл тарихи санасын қалыптастыруға даңғыл жол ашылған болар еді.

Әдебиет:

1. Аяшұлы Д. Сырдың сыршыл сазы // Ана тілі. — 2008. — 27 қараша.
2. Сауяев Н. «Мәдени мұраның» өшпес белгілері // Ақмешіт апталығы. — 2008. — 23 қазан.
3. Тұғыры берік Сыр елім. — Қызылорда, Тұмар, 2011. — 220 б.
4. КОММ, 660-қор, 2 т., 97-іс, 80–88 pp.
5. // Сыр бойы газеті материалдары. — 2006–2013 жж.
6. Сыр мәдениеті/Тарихи-анықтамалық басылым. — Алматы: Ағна-б, 2009. — 250 б.

Қарлұқ қағандығы

Керімберді Жадырасын Жанғазыұлы

(№24 орта мектеп, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылы, Қазақстан)

Қарлұқтардың тарих сахнасына шығудан бастап, олардың Орталық Азияда саяси үстемдікке қол жетуі мен Моңғол шақпыншылығына дейінгі тарихын зерттеудің қазіргі Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтар үшін маңызы зор. Қарлұқтардың тайпалық одақтары Қараханидтер мемлекетін құруда басты роль атқара отырып, моңғол шақпыншылығынан кейінгі дәуірде қазақ, өзбек, қырғыз т. б. Орталық Азия халықтарының қалыптасуына қалыптасты.

Қазақстанның оңтүстік және шығыс аудандарында мекендеген қарлұқ иеліктері ежелгі және әуелгі ортағасырлық Қазақстанның саяси және этникалық тарихында ерекше орын алды. Батыс Түрік қағанатымен түргештердің орнына келген қарлұқтар сол өзінің алдындағы қағанаттар біріктірген ру-тайпалық одақтарды ішіне ала отырып, олардың этникалық, әлеуметтік және саяси тарихының сабақтастығы мен әрі қарай дамуын қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, қарлұқтар қоғамын зерттеу көшпенділермен отырықшылықтағы елдердің өзара ықпалы мен дәстүрлі мәдени-шаруашылық типтері және әлеуметтік қатынастарын терең, бір-бірімен тығыз байланыста, біртұтас қарастыруға мүмкіндік берді. Өйткені әуелгі ортағасырда қалыптасқан оғыз, қыпшақ, ұйғыр және қырғыз бірлестіктерінің қай-қайсысы болмасын дәл қарлұқтардай отырықшылар мен көшпенділердің тығыз байланысында және Ұлы Жібек жолдарының тораптарында орналасқан жоқ.

Қарлұқтардың тарихын зерттеу көшпенділердің ортағасырлық қалардың гүденуі мен өміршеңдігіне тигізген зор ықпалы, сол дәуірде пайда болған мәдениеті жоғарғы дәрежедегі шаруашылық мәдениеті комплекстердің қалыптасу себептері мен ерекшеліктерін анықтауға және түсіндіруге мүмкіндік берді.

Қарлұқ тайпаларының мекені — Алтай манында орналысқан. 8 ғ. бастап қарлұқтар Жетісуға қоныс аударады. Қарлұқтардың арқасында 751 ж. арабтар Талас бойында түріктермен болған шайқасты жеңеді. Осы кезден бастап қарлұқ тайпалары күшейіп, олардың патшасы өз билігін Алтайда орнатады. 755 ж. қарлұқтар Жетісуда түргештерді жеңеді. Түргештердің жартысы қарлұқтарға бағынады, ал қалғаны шығысқа таман көшуге мәжбүр болды. Қарлұқтар туралы деректер 5 ғасырға жатады. Ол «бұлақ» деген атпен белгілі. Түркі руна ескерткіштерінде «үш қарлұқ» атын алтай тауы мен Балқаш көлінің шығыс жағалауы арасын қоныс еткен көшпелі тайпалар бірлестігіне айтады. 7 ғ. ортасында қарлұқ бірлестігі құрамына бұлақ, шігіл мен ташлық кірген. Көсемдері Елтабар деп аталған. 766 жылы түргеш қағандарының қос ордасы Тараз бен Суябты қоса, бүкіл Жетісу қарлұқ жабғысының қоластына

көшеді. Олар ерте феодалдық мемлекет құрады. Араф географы Әл-Марвази (12 ғ.) қарлұқтар құрамында 9 тайпа болғанын айтады. Қарлұқ конфедерациясына Жетісу мен оңтүстік Қазақстанның тухси, шігілдер, әзкіштер, халладжылар, чаруктер, барысхандар, т. б. түркі тілдес тайпалар кірген. 8–10 ғғ. Қарлұқ тайпалары Қазақстанның Жоңғар Алатауынан бастап, Сырдың орта ағысына дейінгі көсіліп жатқан территорияны қоныс етеді. Балқаш пен Ыстықкөл арасы, Шу, Іле, Талас өзендері бойында, Отырарға дейін көшіп жүреді. Олардың билеушісі джабғу, 840 жылдан бастап қаған атағын алды. Көшпелі тайпалардың билеушісі ақсүйек топтарының қолында жайылымдар мен құнарлы жер ғана емес, қала орталықтары да болды. Қарлұқтар елінде 25 қала мен қыстақ болған. Олардың ішінде Тараз, Құлан, Мерке, орналасты. Мауараннахрдың солтүстігіндегі жерлерді басып алу жөнінде белсенді саясат жүргізген арабтарға қарсы күресті басқарды. Арабтарға қарсы әр түрлі аттаныстарды қарлұқтар талай рет белсене қолдады. Қарлұқтардың шығыста Ұйғыр қағанатымен бәсекелеспек болған әрекеттері кейін сәтсіздікпен аяқталды. 791 жылы ұйғырлар Бесбалық түбінде қарлұқтар мен тибеттіктердің әскерлерін талқандады. 812 жылы олар қарлұқтарды толық жеңді. Қарлұқтарды қуа отырып, ұйғыр қағаны Ферғана мен Сырдарияға дейін жетті, олардың адамдары мен малын қолға түсіріп, Орталық Азияға қайтып кетті. Осы қатаң жеңілістен кейін қарлұқ жабғуы Моғолиядағы орталығы Өтукен болған ұйғыр қағанының жоғарғы билігін мойындауға мәжбүр болды.

Ұйғырлардың билеп-төстеуіне Енисей қырғыздары табанды қарсылық көрсетті. Қырғыздардың иеліктері шығыста Байкал маңында тұрған гулиган халқы аймағына дейін тарады; батыста олардың мекендерінің шекарасы Алтай тауларына дейін, оңтүстік-шығыста — Саян жотасына дейін барды. Қырғыздардың көршілері батыс жақта қимақтар, солтүстік жақта — бома халқы, оңтүстік-шығыста ұйғырлар болды. Қырғыздар Минуса ойпатында мейлінше жинақы мекендеді. Қырғыздар 80 мың жауынгер жасақтай алатын, халқы көп бірлестік болған еді. Жиырма жылға созылған табанды күрестің нәтижесінде қырғыздар 840 жылы ұйғырларды талқандап жеңді. Ішкі Азия даласындағы бұл маңызды оқиға мұсылман тарихнамасында көрініс тапқан. Мәселен, Гардизи бұл жөнінде мынадай хабар келтіреді: «Түркістандықтар (қырғыздар) хақан халқына шабуыл жасады; олар бұл халықтың беделді-беделді он екі бастығын өлтірді, семсермен турап, хақандықтардың бәрін қырып-жойды. Хақандықтардың бүкіл патшалығы Чун-пан мен халлұхтардың (қарлұқтардың) қолдарында қалды». Ұйғырлардың біразы Жоңғария — Тарбағатайдың солтүстік-батыс шетіндегі қарлұқтарға

кашты. Ал ұйғырлардың негізгі көпшілігі Шығыс Түркістанға және Ганьсудің батыс жағына қоныстанды, онда орталығы Тұрфан алқа- бында (847—1369 жылдар) және Ганьсуда (847—1036 жылдар) болған тәуелсіз мемлекет құрды.

Мұны ашина руынан тарағанбыз дейтін, бұл кезде күшейіп алған қарлұқ жабғуы пайдаланды. Қарлұқтардың көсемі Білге Құл Қадыр-хан — Испиджаб билеушісі (Гардизи мәліметтері бойынша Илмалмасын — жабғу) өзінің бұрынғы атағы — жабғуды тастап, қаған атағын алып, билікті өзінің алуға хақылы екенін ашықтан-ашық жариялады. Алайда қарлұқтардың билігі берік болмады, өйткені ол Орталық, Азияның түрік тайпаларына таралған жоқ.

Қарлұқ тайпаларының құрылуы мен ертедегі қарлұқ этникалық топтары қалыптасуының алғашқы кезеңдері Ішкі Азия аумағында түрік және теле (оғыз) тайпаларының қоршауында өтті. Этникалық үрдістің одан кейінгі даму кезеңі үш тайпалы қарлұқ конфедерациясының құрылуымен байланысты болды, ол кейіннен сан және сапа жағынан Жетісу шегінде қарлұқ халқының қалыптасу сатысына ұласты. Алайда орта ғасырлар дәуірінде бұл үрдіс аяқталған жоқ. Жазбаша деректемелерде қарлұқтар туралы алғашқы хабарлар қытайдың Суй әулетінің (581—618) шежіресінде кездеседі және V ғасырдың орта шеніне жатады. Онда қарлұқтар өздерінің басты руының атымен Алтайдың (Ақтағ) баурайларын мекендеушілер ретінде бұлақ деп аталған. «Таншу» әулеттік (618—907) хроникасына сәйкес, қарлұқтар (гэлолу, гэлү) түріктерден шыққан және олардың бір тармағы болған. Қарлұқтардың түріктермен генетикалық байланысы туралы деректер орта ғасырлардағы мұсылман тарихнамасында да жинақталған. «Олар (қарлұқтар) — ежелгі түріктер», — дейді Ибн әл-Факих (X ғ.) 47. Қарлұқтар ежелгі түріктердің руналық ес-керткіштерінде де «үш қарлұқ» деп айтылған. Ол моңғол Алтайы мен Балқаш көлі аралығындағы аумақты алып жатқан көшпелі тайпалардың күшті одағы болды. Қарлұқтар туралы уақыты жағынан алғашқы хабар арабпарсы тілдес тарихи-географиялық әдебиетте — Табариде (737 ж.) кездеседі. Ол Тоқарстанда орналасқан қарлұқтар туралы айтады. Қарлұқ конфедерациясына түркі тілдес көшпелі және жартылай көшпелі әр түрлі тайпалар: жікілдер, бұлақтар, халаждар, түргештер, аскишилер, тухсилер, шарұқтар, аргулар, барсхандар кірген. Бұлардан басқа оның құрамында оғыздардың негізгі көпшілігі Сырдарияның орта және төменгі ағысына көшкеннен кейін Жетісу аумағында қалған кейбір топтары, сондай-ақ түрік болып кеткен Жетісу соғдылары болды. Махмұд Қашғари көптеген соғдылар түріктердің әдет-ғұрыптарын қабылдаған деп хабарлайды. Кейінірек қарлұқтардың Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың,

отырықшы халықтарымен сіңісіп, ислам дінін қабылдаған бір бөлегі, сондай-ақ оғыздардың соларға сәйкес топтары да түрікмендер деп аталып кетті Араб саяхатшысы Әбу Дулаф өзінің қарлұқтар жерімен 25 күн жүріп өтуіне тура келгенін хабарлайды; ал Ибн Хаукальдің деректері бойынша, «қарлұқтар жерін батысынан шығысына қарай жүріп өту үшін тіпті 30 күн жол жүру керек болған». Ұлы Жібек жолы Қазақстан жерінде. Б. з. д. 1-мыңжылдықтың орта кезінде Қара теңіз өңірінен Дон бойына, содан Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтарға, Ертіске, одан әрі созылып Алтайға, жоғарғы Етіс пен Зайсан көлі алқабын мекендеген аргиппейлер еліне кететін Дала жолы жұмыс істей бастапан. Осы жолмен жібек, терілер, иран кілемдері, асыл металдан жасалған бұйымдар сауда арқылы таратылып жататын.

Б. з. д. 2 ғ. орта шенінде Жібек жолы елшіліктің және сауда-саттықтың тұрақты желісі ретінде қызмет атқара бастайды. Б. з. 2—5 ғғ. Егер Шығыстан жүре бастасак, Жібек жолы Қытайдың ежелгі астанасы Чаньаннан шығып, Ланчжов маңындағы хуанхэ өткеліне баратын да, одан әрі Нань-Шанның солтүстік сілемдерімен жүріп отырып, Ұлы Қытай қамалының батыс шетінен, Яшма қақпасының шебінен барып шығады. Осы арадан сара жол екіге айрылып, Такла-Макан шөлін солтүстік және оңтүстік жағынан айналып өтетін. Терістік жолы хами, Тұрфан, Бесбалық, Шихо көгал аймақтары арқылы Іле алқабына жететін; ортадағы жол Чаочаннан Қарашарға, Ақсуға сосын Бедел асуы арқылы Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауынан шығып, Дунхуан, хотан, Яркенд, Бактрияларды басып өтіп, Үндістан мен Орта теңіз аймағына қарай кететін; бұл оңтүстік жол деп аталды. Ал солтүстік жолы Қашғардан Ферғанаға, одан әрі Самарқанд, Бұқара, Мерв арқылы хамаданға, Сирияға баратын. 11—12 ғғ. Қытайдан шығып Жетісу мен оңтүстік Қазақстан арқылы батысқа қарай өтетін жол жанданып кетеді. Жолдың бұлай ауытқуын бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, Жетісуда Орта Азиямен жүретін сауда жолдарын бақылайтын Түрік қағандарының ордалары болатын. Екіншіден, Ферғана арқылы жүретін жол 7 ғ. ішкі қырқыс салдарынан қауіпті болып қалды; үшіншіден аса бай түрік қағандары олардың айналасы теңіздің арғы бетінен келген тауарларды көптеп тұтынды. 7—14 ғғ. Елшілік және сауда керуендерінің дені Жібек жолымен жүретін. Сан ғасырлар бойы жол тынымсыз өзгеріп отырған. Жібек жолы Орта Азия арқылы оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға келетін сауда жолы 14 ғ. дейін, қашан ішкі қырқыстар мен соғыстар қала мәдениетін аздырып, тоздырғанға дейін, Қытайға баратын теңіз жолы игеріліп, бұрынғы көне жолдың жұлдызы сөнгенге дейін жұмыс істеді.

Әдебиет:

1. Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: Атамұра, 2010. — 591 ISBN 978-601-282-027-0, 1-т. ISBN 978-601-282-026-3
2. Мемлекеттік тілді дамыту институты, Түркі тілдері 2014ж, ISBN 978-601-7206-82-6

3. Ахинжанов С. М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. — Алматы. Гылым, 1995. 296 с.
4. Извлечение из сочинения Гардизи «Зайн ал-ахбар». Приложение к «Отчету о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893–1894 гг.» // Академик В. В. Бартольд. Сочинения, Том VIII. Работы по источниковедению. — М. Наука. 1973. с. 23–62.
5. Кляшторный С. Г., Савинов Д. Г. Степные империи древней Евразии. Серия: Исторические исследования Санкт-Петербург Филологический факультет СПбГУ 2005. 346 с.
6. Малявкин А. Г. Танские хроники о государствах Центральной Азии. Тексты и исследования. Новосибирск. Наука. 1989 г. 432 с.
7. Мухаммад Ауфи. Джамии' ал-хекаят ва лавами ар-риваят (на перс, языке). Рукопись библиотеки им. М. Е. Салтыкова-Щедрина, ПНС-232.

ПОЛИТОЛОГИЯ

Тұрақтылық келісім идеологиясының негізі ретінде

Насимов Мурат Орленбаевич, саяси ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы;
Паридинона Ботагоз Жаппаровна, философия магистрі, аға оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Конституция — тұрақтылық пен патриотизмнің іргетасы. Көп жылдар бойы адамның құқықтары мен бостандықтары түсінігінің сипаттамалық белгілері боямаланып келді. Қоғам мүшелеріне құқық — бұл пролетариат пен партия мүддесі деп санаға құйылды. Шынында құқық адам табиғатына тән бостандық нормалары екендігін тәуелсіздік алғаннан кейін ұғынғанымыз рас.

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз» [1], — деп басталатын біздің Конституциямыздағы осы сөздерде жаңа ашық азаматтық қоғам орнатуды мақсат еткен халқымыздың тарих сабақтастығы тоғысып жатыр. Ол елімізде өмір сүріп жатқан барлық ұлттар мен ұлыстардың бірлігі мен бейбіт өмірін қамтамасыз ететін және кепілдік беретін өте маңызды құжат. Осы Бүкілхалықтық референдумда қабылданған қолданыстағы Ата Заңымыз елімізде экономикалық және әлеуметтік, саяси реформаларды жүзеге асырып, қоғамды демократияландыру ісінде өзінің жасампаздығынан Қазақстан халқына қызмет етіп отыр.

Осыдан он бес жыл бұрын елімізде демократиялық бастауларға сүйенген Конституциялық құрылыстың қалыптасу үдерісі басталып, жаңа мемлекеттік институттар құрыла бастады. Конституция мемлекеттік құқық жүйесін реформалаудың базасы болды. Қоғам, мемлекет және тұлғаның өзара байланысының конституциялық-құқықтық ауқымы кеңейді. Мемлекеттік институттарды конституциялық реформалау адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталып, жоғары халықаралық-құқықтық стандарттардың саяси-құқықтық тәжірибесіне ене бастады.

Тұлға құқығының басымдығы енген демократиялық конституциялық құрылыс философиясы әлеуметтік құндылық болып саналады. Конституция қоғам демократиялық құрылысының негізі болып табылғандықтан, ол демократияны реформалаудың басты кепілі. Сондықтан ол мемлекет пен қоғам тарапынан ерекше қорғалуы тиіс. Мемлекеттің Негізгі Заңы — бұл құқықтық жүйенің ядросы, бүкіл заңнамалық құжаттар негізделетін фундамент, мемлекеттің демократиялық дамуының тірегі мен мемлекеттік құқық өзгерістерінің процесі. Ол қоғамдағы тұрақтылықтың негізі.

Саяси режим, әлеуметтік-экономикалық дамудың деңгейі, саяси басқарудың дәстүрлері мен құрылымдарына қарамастан барлық елдердің негізгі міндеті саяси тұрақтылықпен қамтамасыз ету болып табылады. Адамзат қоғамының даму тарихы көрсеткендей, саяси тұрақтылыққа жетудің міндеттері мемлекеттік деңгеймен қатар, мемлекетаралық қатынастар жағдайында да шешіледі. Осы мәселелерді шешудегі ең басты фактор болып мемлекет және оның құқықтық, моральдық нормаларына сүйенген институттары саналады. Саяси тұрақтылық мәселесі қоғамның модернизациялануы үдерісінде маңызды орынға ие. Өйткені, осы жолда жүрген мемлекет әлеуметтік қайшылықтар мен көптеген қақтығыстардың пайда болуына ықпал етеді.

Мемлекеттің дамуына әсер етуде қоғамдық өмір-салттың барлық салаларына тұрақтылық қажет. Себебі, тұрақтылық орын алған саланың жағымды сапалық көрсеткішін өзге сала тұрақсыздығымен сипаттау мүмкін емес. Еліміз мемлекеттіліктің негізі ретінде тұрақтылыққа жетуді міндет етіп бекіте түсті. «Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты 2010 жылғы Жолдауда Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей: «Ішкі саяси сала мен ұлттық қауіпсіздіктің 2020 жылға дейінгі негізгі мақсаттары қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел қауіпсіздігін нығайту болып қала береді» [2]. Сондықтан Ата Заңымыз саяси тұрақтылықтың Қазақстандағы модернизациялық бағыты мен әлеуметтік-экономикалық реформаларының негізгі шарты болып табылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ата Заңымыздың бес жылдығында: «Халық өзінің егемен құқын пайдаланып, қабылдаған Конституция қол сұғылмас қасиетке, жоғары заңдық қана емес, рухани-адамгершілік киеге ие болады, сөйтіп ол қазақстандық патриотизмді тәрбиелеудің іргетасына айналады», — деп айтқан болатын. Осыған байланысты қазіргі Қазақстандағы қоғамды біріктірудегі негізгі фактор және тұрақтылықты қамтамасыз етумен мемлекеттілікті бекітуде патриотизмнің орны зор. Сондықтан бүгінгі күндегі патриоттық тәрбие қазақстандық азаматтардың саяси санасындағы ең негізгі мәселе болып табылмақ.

Патриотизм түсінігінің күрделі табиғаттылығы мазмұнының көп қырлылығымен сипатталады. Сонымен бірге, патриотизм мәселесін білім берудің барлық салаларын қамтыған және Отанға деген қатынастағы авторлардың тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси шарттарындағы азаматтық көзқарастары негізінде қарастырылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды шарты — бұл әлемдік бәсекелестік үдерісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін күшті рух пен білім», — деп пайымдайды. Сонымен қатар, Елбасымыз қазақстандық патриотизм сияқты ұлт табысының маңызды құрамдасына тоқталады. «Бұл өз Отаның мен жеріңе деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, әркімнің өз күш-жігеріне деген сенімі мен барша қоғамның топтасуы. Бұл бүгін тұрғызылып жатқан өз еліңнің тарихына қатыстылықтың және оның болашағы үшін жауаптылықтың жоғары сезімі. Бұл әрбір қазақстандықтың табыстары үшін мақтаныш және қандай тұрғыда болғанына қарамастан өз салаңда табыстарға қол жеткізу ниеті. Және бұл табысты әркім Отанына бағыштап, әлемде оның даңқын асыруы, беделін көтеруі тиіс. Патриотизмді, әсіресе жастардың арасында, біздің балалардың бойында барша қоғамның ортақ күш-қуатымен қалыптастыру керек. Біздің әр азаматтың табысы және халықаралық тұрғыда мойындалуы — бұл баға жеткізгісіз капитал, барша қазақстандықтардың мақтанатын нәрсесі және байлығы екендігі сөзсіз. Осындай үлгілермен ұлттың рухын көтеру керек! Өз Отаныңның патриоты болу — бұл Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату. Мен сіздерді осыған шақырамын» [3].

Бүгінгі шарттарда мемлекеттілікті патриотизм негіздерімен қалыптастыру қоғамның модернизациялануына ықпал етумен қатар, оның қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді. Бірақ, ұлттық құндылықтары айқындалған мемлекетте ғана ұлттың өзін-өзі тану, ұлттық мақтаныш сезімдері туындайды. Сондықтан осы үдерістегі жетекші рөл патриоттық тәрбие берудегі нормативтік-құқықтық базаларға толықтай сүйенген мемлекет институттарына жүктеледі. Қоғамдық ұйымдар патриоттық жұмыстар жүргізуде ұйымдастырушылық, құқықтық және экономикалық қиыншылықтарға ұрынатыны жасырын емес. Оларға мемлекеттің тікелей белсенді көмегі қажет. Көптеген қоғамдық

ұйымдар мәселені өзіндік көзқарастармен бағалап, көп бөлігі патриоттық тәрбие беру жүйесіне араласпайды. Осыған сәйкес мемлекет патриоттық тәрбие беруде азаматтық қоғам институттарын араластыруы қажет.

Жалпы еліміздің Конституциясы жинақы түрде, қысқа тұжырымдалған, еліміздің негізгі сипаттамасын, қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік негізін, демократиялық бастамаларын көрсетіп берді. Ол еліміздің негізгі құндылықтары — тәуелсіздік, бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі. Әрбір ел азаматының ендігі парызы — осы құндылықтарды сақтау. Ата Заңымызды қадірлеу, заңдарын орындау, Елбасымызға қызмет ету баршамыздың қастерлі міндетіміз. Ол еліміздің саяси және этносаралық тұрақтылығымыздың негізі болып табылады.

Тұрақтылықты қамтамасыз етудегі бұқаралық ақпарат құралдарының орны. Тұрақтылықты қамтамасыз ету үдерісіндегі маңызды рөл бұқаралық ақпарат құралдарына да байланысты. Өйткені, қазіргі шарттарда саяси жүйенің өзгерістерге дағдылануы БАҚ көмегінен мүмкін емес. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық консолидацияның саяси тұрақтылығының факторы негізіндегі рөлін атқарады және негізгі құралы болып табылады. Сенімділік, жеке белсенділік, төзімділік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік секілді көңіл-күйлерді орнықтыратын материалдарды жиі беру керек. Сондықтан журналист қауымы тұрақтылықты сақтауға бағытталған модельдерді қалыптастырады.

Бүгінгі ғылыми зерттеулерде бұқаралық ақпарат құралдарының екі негізгі қызметін айқындай аламыз: 1) *гуманитарлық* (ақпараттандыру, білім беру, ойын-сауықтық); 2) *саяси* (бұқаралық сана қалыптастыру).

Өз кезегінде бұқаралық ақпарат құралдарының саяси қызметі қазіргі кезеңдегі өзіндік құрамдас бөлігін құрайтын және гуманитарлық қызметпен тығыз байланысты бірнеше өзіндік ерекшелігі бар қызмет түрлерін қамтиды.

Бұқаралық ақпараттар құралының ең негізгі қызметтерінің қатарына *ақпараттандыру* жатады. Саяси ақпаратқа қоғамдық маңызы зор, мемлекеттік органдар тарапынан назарды қажет ететін және оларға ықпал жасайтын мәліметтер енеді. Алынған ақпарат негізінде азаматтардың үкімет, парламент, партиялар мен басқа саяси институттар қызметі, қоғамның экономикалық және мәдени өмірі туралы ойлары қалыптасады.

Бұқаралық ақпараттар құралының *ағартушылық* қызметі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді өз дәрежесінде бағалау мен реттеуге бағытталады. Масс-медиа азаматтардың бүкіл өмірін қамту арқылы олардың саяси және әлеуметтік ақпаратты ұғынуға ықпал жасайды. Сондықтан азаматтардың саяси біліміне БАҚ-тың әсері мол.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы *ағартушылық әлеуметтендіру* қызметімен тығыз байланысты. Дегенмен, ағартушылық жүйелі білім игеру мен тұлғаның танымдық және құндылық мүмкіндіктерін кеңейтсе, саяси әлеуметтендіру халықтың саяси нормалар, құндылықтар мен мінез-құлық үлгілерін игеруге ұмтылдырады. Со-

нымен қатар, тұлғаның әлеуметтік ақиқатқа бейімделуін қамтамасыз етеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының *сыни* қызметін саяси жүйедегі масс-медиамен қатар, оппозиция кеңінен қолданады. Бірақ, ақпарат құралдарындағы сынның көлемділігі өте кең болғандықтан, мемлекеттік саясаттың барлық бағыттары оның назарында болады.

Қоғамдық пікірдің беделділігіне негізделген *бақылау* қызметінің артықшылықтары өте мол. Қоғамдағы келеңсіздіктерге әкімшілік және экономикалық жазалау шараларын қолданбаса да, кез келген оқиға мен саяси тұлға қимылына құқықтық және адамгершілік бағасын ұсынады.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы *ықпалдастық* қызметі саясат пен қоғамдағы кемшіліктерді сынаумен қатар, саяси ойыншылар мен түрлі қоғамдық мүдделер ықпалдастығын қамтамасыз етеді. Түрлі әлеуметтік топтар мүшелері пікірлерін бұқараға ашық білдіру мүмкіндігін ұсынып, қоғамдық пікірдегі өз мүдделерін қорғауға жағдай қалыптастырады.

Жоғарыда аталған БАҚ-тағы саяси қызмет түрлерінің барлығы *жұмылдыру* қызметімен бірлескен. Қызметтің бұл түрі азаматтардың белгілі бір саяси қызмет түріне итермелеуге жол береді. БАҚ халықтың санасы мен сезіміне ықпал ете отырып, нақты саяси мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етеді. Өйткені кез келген жоғары білімді азамат қарама-қайшылығы мол саяси процестерде жауапты шешім қабылдауда теледидар, радио, газет пен журналдарға сүйенеді.

Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының саяси қызметі жоғарыда аталған түрлерімен шектелмейді. Кейбір ғалымдар бұқаралық ақпарат құралдарының саяси қызметі түрлеріне *инновациялық, жеделдету және қоғамдық пікірді қалыптастыру* қызметтері туралы да айтады. Бұл БАҚ-тың саяси кеңес беру қызметі ерекшеліктерін толықтай айқындайды.

Ақпараттық қоғам мәселелері бойынша жоғарғы көрсеткіш көрсету ниетіндегі қоғамның жаңа түрін қалыптастырудағы бұқаралық коммуникацияның жаңа институттары теледидар мен Интернеттің орны мен рөлі ерекше. Адамзаттың жинақтаған ақпараттары мен мәдени құндылықтарына еркін қол жетімділік демократиялық қоғамның базалық құндылығы болып табылғандықтан, теледидар мен Интернет секілді өзге де ақпараттық коммуникациялар өзара байланысты.

Сонымен бірге, екі ақпарат құралы адам мен азаматтардың құқық нормалары мен бостандықтарын түсіндіретін, идеологиялық ұстанымдар қалыптастыратын ақпараттық диалог жүргізуге септігін тигізетін *саяси кеңес* береді.

Қазіргі таңда теледидар мен Интернет, әсіресе, әлеуметтік желілердің саяси күштер орнын анықтауға, бүкіл қоғамның қоғамдық-саяси өміріне ықпал ететін ақпарат құралы. Бұл қоғамды демократияландыру процесіндегі күрделі байланыс құбылысы болып саналады. Саясат ең алдымен ақпараттық кеңістікте іске асады. Ақпарат

коммуникацияның технологиялық негізі ғана емес, ол қоғамдық қатынастардың негізгі құралы.

Коммуникация мен технологиялардың дамуындағы негізгі бағыттық жұмыстар теледидар мен Интернет мүмкіндіктері біріккен жағдайда ғана орындалады. Бүгінгі көше теледидары мен хабарлары қалыптасқан интерактивті технологиялар деңгейіне жетуіне қадамдар жасалуда.

Ақпараттық қоғамның қалыптасуындағы мәселелер технологиялық және технократиялық дағдыларға ие. Ақпараттық қоғамда электронды БАҚ-тың маңызды рөлі жоғары сапалы ақпараттармен бірге пайдалы кеңестерден тұрады. Сондықтан әлемдік ақпараттық кеңістіктің және отандық медиа жүйенің даму тенденциялары айқындалуы тиіс. Бұл теледидардың әлеуметтік жауапкершілігі мәселесінің жоғарылығын танытады. Сондықтан ақпараттық қоғамдағы теледидардың даму ерекшеліктерін анықтау өз өзектілігін жоғарылата түседі.

Теледидар — (грек. *τήλε* — алыс, қашық және лат. *video* — көремін; жаңа латын *televisio* — алысты көру) — қозғалыстағы бейне мен дауыстың ара қашықтықта көрсету мен қабылдау байланысының жүйесі болып табылады.

Тұрақтылықты қалыптастырудың сапалық деңгейі теледидардың маңызды қоғамдық қызметін сәтті орындауымен айқындалады. Оның өлшемі төмендегідей: әлемде, елде болып жатқан ақпараттарды тарату — *ақпараттық қызмет*; қоғамды, мемлекет пен қоғамдық жүйені біріктіру — *коммуникативтік-интеграциялық қызмет*; билік алдында қоғам мүдделерін жариялау — *vox populi* («халық үні») *қызметі*; мемлекет, басқарушы тап, билік өкілдерінің бұқара халық мінез-құлқын басқару (манипуляциялауға дейін) — *саяси қызмет*; жастарға білім беру, ересектерге саяси тәрбие беру — *халықты әлеуметтендіру қызметі*; қазіргі заман тарихын көрсету — *тарихнамалық қызмет*; *ойын-сауықтық қызмет* [4].

Интернет (ағылшынша Internet) біріккен компьютерлік желілердің әлемдік жүйесі. Жаһандық ақпараттық кеңістік құрып, әлемдік өрмектің физикалық негізін құрады. Ал, бүгінгі таңдағы қоғам өміріндегі әлеуметтік желілердің дамуы, халықтың өмір сүруіне әсер еткені сонша, онсыз әр күнін елестетуі мүмкін емес сияқты. Сондықтан, тұрақтылықты қамтамасыз етуде Интернеттің бұл саласын бақылау маңызды саналады деп ойлаймыз.

Жалпы әлеуметтік желілерде жазылған заңдылықтар жоқ. Десек те, әлеуметтік желілер отбасы, мектеп, дос-жарандар секілді әлеуметтендірудің классикалық институттарын қарқынды түрде ығыстыру қаупін туындатып отыр. Виртуалды қауым қалыптастыру шын мәнісінде әлеуметтендірудің дәстүрлі уәкілдерін ауыстыруға ықпалы мол. Бірақ, пайдаланушылардың виртуалды әлемде игеретін жағымсыз қасиеттері шын өмірге келгенде әлеуметтендірудің нақты процесін күрделендіріп, қалыптасқан қоғамдық ережелерді күйретуі мүмкіндігін ұмытпауымыз қажет. Өйткені, әлеуметтік желілерде ішкі тәртіптерге негізделген нормалар мен ережелер қоғамдық стандарттармен сәйкес келе бермейді және оны

бұзғаны үшін шын жауапкершілікке тартылатындығын кеш түсініп жатамыз.

«Internet World Stats» агенттігінің кезекті зерттеу нәтижесіне мән берсек. Ондағы мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда 5,6 миллион адам әлеуметтік желілерді күнделікті пайдаланады. Ең танымал әлеуметтік желілердің қатарында күніне 1 млн 125 мың рет қаралатын «Мой мир», 558 мың рет қаралатын «Одноклассники», 525 мың рет қаралатын «В контакте», 410 мың рет қаралатын «Facebook»-ті жатқызуға болады.

Күніне 350 мың қазақстандық ұялы телефонмен «mail.ru agent»-ке кіреді. Өйткені, бұл ақпарат алмасудың тиімді әрі арзан жолы. Агенттік ұсынған тағы бір қызықты дерек, әлеуметтік желілердегі әрбір екінші адам өзі жайында өтірік мәлімет жазады. Тарқатып айтсақ, олардың 29 пайызы есімі мен жасын, 23 пайызы отбасылық жағдайын, 22 пайызы түр-әлпеті және қызығушылықтары туралы, 17 пайызы білімі мен жұмысына қатысты өтірік айтатын болып шыққан [5]. Әрине, бұл нәтижелер көпшілікті ойландыруы қажет деген пікірдеміз.

Мәселеге қарап отырғанымыздай, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікірге ықпал жасауы әр түрлі. Қазіргі таңдағы түсініктерде де оның өзгеруі заман та-

лабы екені анық. Теледидар мен Интернет, оның ішінде әлеуметтік желілерге мән беруіміз тақырыпты тереңдетті деп ойлаймыз. Әсіресе, киберәлеуметтендіру проблемасын ашуға жол ашылады деген пікірдеміз. Мақаладағы тұжырымдар жаңа ойларды туындатуға септігін тигізеді деп ойлаймыз және тың зерттеулерге ықпал жасайды.

Жалпы қоғамдағы тұрақтылықты қалыптастыру экономика, әлеуметтік өмір, саясат, мәдениет секілді бір-бірімен байланысты үдерістердің жеке тәртіптілік қатынастармен байланысты болады. Қоғамдық өмірдің маңызды төрт саласы болып табылатын ұғымдар арасында өзара қарама-қайшылықтар мен шиеленістер болып тұрған жағдайда жүйедегі тәртіпті сақтау мақсатында мемлекеттік институттар жиынтығы арқылы реттеліп отыратыны анық. Бұл әлеуметтік өмірдегі тәртіп пен даму үшін жасалатын қимылдарға жол ашады. Сондықтан ғылыми зерттеу жұмысында берілген мәселелер тереңдетіліп қарастырылады және Конституцияның тұрақтылық пен патриотизмнің іргетасы ретіндегі орны анықталды. Саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудегі бұқаралық ақпарат құралдарының орнын анықтау нәтижелі жұмыс нәтижесін берді деп ойлаймыз.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: http://www.akorda.kz/kz/page/kazakhstan-respublikasynyn-konstitutsiyasy_1339065134
2. Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: http://www.akorda.kz/kz/page/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-khalykka-zholdauy-2010-zh_1341123470
3. Назарбаев Н. Ә. Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық // Егемен Қазақстан. — 2006. — 25 қазан.
4. Третьяков В. Т. Как стать знаменитым журналистом. — Москва: Алгоритм, 2010. — 559 с. — с. 93. — ISBN: 978-5-9265-0768-0.
5. Әлеуметтік желілерді күніне 5,6 миллион қазақстандық пайдаланады // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: <http://www.baq.kz/news/18917>

ПЕДАГОГИКА

Бұқаралық спорттың тұғыры — бастауыш спорт мектебінен басталады

Бекжанов Берік. Өтемұратұлы, оқытушы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Елбасы Н. Ә. Назарбаев әрбір жылғы халқына арнаған Жолдауында: «жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті; ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық мәдениет-ті бойында қалыптастырған; шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» деп атап өткен болатын.

Бүгінде білім — қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Ел халқының тұрмысы жақсы, дені сау болуына бәріміз мүдделіміз. Дене шынықтыру мен спорттың арқасында көңіліміз көтеріңкі, бойымыз сергек болады. Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр. Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру — денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене-қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін-өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушы-

лардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан-жақтылық, саналы-лық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық. Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Өскелең ұрпақ сергек өмірге ден қойса, теріс жолдан, жаман әдеттен аулақ болады. Олай болса ел азаматтары, ата-аналар жастарға үлгі-өнеге көрсетейік және оған жұмыла көмектесейік. Статистикаға сүйенсек, елдегі 12-ден асқан адамдардың 80 пайызы күнделікті белсенді іс-қимылға жете мән бермейді. Біле білсек бұл мәселеге бей-жай қарауға болмайды. «Бірінші байлық — денсаулық» деген аталы сөздің мағынасы терең, ауқымы кең. Осы философияны өмірдің мағынасы ету үшін адам баласы жастаынан жүйелі түрде бойына сіңіру керек. Сол себепті мен елімізде білім саласында бастауыш спорт мектептерін (БСМ) ашу жобасын ұсынып отырмын.

Бастауыш спорт мектептерінің негізгі мақсаты жасөспірімдерді денешынықтыру мен спорттың негізгі

пайдасын түсіндіру және спорт түрін таңдау. Яғни жоғарғы спорттың шеберлік мектебіне жол бастауыш спорт мектебінен басталады. **ЖСШМ** — жоғарғы спорт шеберлерінің мектебі. Бастауыш спорт мектебіне біздің ойымызша 3–5 сынып оқушылары қабылданады.

Мектептегі оқу-жаттығу іс-шаралары 3-бағытта жүргізіледі:

1-бағыты: Топтық қозғалыс спорт ойындары (футбол, баскетбол, волейбол, көкпар).

2-бағыты: Жекпе-жек спорт түрлері (бокс, дзю-до, қазақ күресі т. б.).

3-бағыты: Ойлау қабілетін дамытуға арналған спорт түрлері (дойбы, тоғызқумалақ, шахмат).

Әр топта білікті мамандар жұмыс істеумен қатар, мектепте білікті психолог маманы және спорт дәрігерлері жұмысқа тартылуы тиіс.

Бастауыш спорт мектебінің (БСМ). Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінен (БЖСМ) айырмашылығы бірінші оның құрылымында. Бастауыш спорт мектебінде алғашқы екі жыл оқу-тәрбие жұмысында оқушылар I-топтан I-топқа спорт түрлері бойынша алмасуға рұқсат. Яғни, спорт түрін таңдауға оқушыға толық мүмкіншілік жасалып, оған дер кезінде көмек көрсетіледі. Бастауыш спорт мектебінде спорттық көрсеткішке қатты талап қойылмайды, бірақ толық қанды дайындық жұмыстарын жүргізуге мүмкіншілік жасалады.

Негізі бұл бастауыш спорт мектептерін ашу. Білім министрлігі, яғни оқу саласына бекітіледі. Мысалға: қаламызда шанхай бөлігіне орналасқан №253, №222, №212, №112, №120, №261 мектептеріне бір бастауыш спорт мектебін ашу керек. Мектеп яғни, бастауыш спорт мектебі қалалық білім бөліміне бағынады. Яғни, Қызылорда да 50 мектеп болса, барлығы 8-бастауыш спорт мектептері орналасу жағдайларына байланысты, ашылу керек.

I- жылдың оқу-жаттығу іс-шарасына бастауыш спорт мектебінде жалпы білім беретін спорт мамандары шақы-

рылады және 3 сынып оқушылары осы БСМ-не қатысуына сынып жетекшілері белсенді түрде міндеттенеді.

II-III-жылы арнаулы бапкерлер мен (БЖСМ) жаттықтылушылары сабақ өткізуіне тартылады.

1. Жалпы бастауыш спорт мектебі (БСМ) қатысатын оқушылардың сынып жетекшілері, (БСМ) жаттықтырушыларымен тікелей байланысты болады.

2. Бастауыш спорт мектебінің (БСМ) түлектері, балалар жасөспірімдер спорт мектебі (БЖСМ) оқушылары болып, спорттық шеберлігін әрі қарай арттырады.

Бастауыш спорт мектебін ашу жұмысы, орта сол мектептердің түлектерінен шыққан бизнесмендер қаржысын пайдалануға үкімет тарапынан ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі.

Президентіміз бен үкіметіміз денешынықтырумен спорт саласына жете мән беріп, қамқорлық жасап отыр, ендігі жерде осы бастауыш спорт мектептерін ашуға қалың бұқараның белсенді іс-әрекеті қажет. Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

Әдебиет:

1. Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдау Егемен Қазақстан 30 қаңтар 2010 жыл.
2. Дені сау ұлт-бәсекеге қабілетті ұлт, Т. Досмұхамбетов, Жас қазақ газеті №332009ж.

Жеке тұлғаны патриотизмге, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу

Бесбай Айнұр. мұғалім

(№82 орта мектеп, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қаратерең ауылы, Қазақстан)

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған ел алға баспайды» деген болатын. Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу өзара тығыз байланыста, тіпті оларды өзара тең деп те атайды. Ендеше тәрбие бізге ауадай қажет.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Отанымыз аумағының бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестермен қарсы ұйымшылдықпен күрес, мемлекеттерге қауіп төндіретін кез — келген сыртқы және ішкі күштерге

қарсы тұрудың өзі жастардың отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. Осыған орай патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болмағандықтан, мектеп оқушыларының бойында Отанға деген сүйіспеншілігін, жеке адамның аман — саулығының қоғамдық — мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз — жеке тұлғаны күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке тұлғамен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым — қатынасты білдіреді.

«Ерлік дегеніміз — табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзінің ар — намысында және адамзаттың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін — азаматтық парызын орындау үшін, осындай адамгершілік теңдікті өзіңмен сайысқа түсе отырып тұтас ұжым өмірінің игілігіне ғана емес, оның қауіп — қатерінде бөлісіп, жауды барынша жою, жанға жанмен, қанға қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп- қатерге бас тігу». «Батылдық — іс-әрекет есебін тәуекелдеумен үйлестіре алушылық», «Табандылық — батырлардың қалқаны», «Өжеттілік, қайсарлық — адамның тіпті мүмкін емес, деген жағдайдың өзіне абыроймен өлімге бас тігуге тәуекел етушілік, игілікті құлшыныс», «Отан дегеніміз — халық».

Патриотизм — сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Отаншылдыққа тәрбиелеу ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің екінші жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы керек.

Қазақтың патриоттық — отансүйгіштік тәрбиесі — теңнен тамырын тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетаным — көзқарасының, ақыл — ойы мен салт — дәстүр мәдениетінің көрінісі. Осыларды бойға дарытпай тұрып келер ұрпақты патриоттық — отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш — жігері мен ақыл — қайрат жұмсап, отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес.

Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір буында патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ.

Патриоттық сана, патриоттық сезім көрсеткіші — оқушының іс — әрекеті. Сонымен бірге іс-әрекет оның даму, қалыптасуына ықпал ететін басты фактор. Іс — әрекет барысында тыңдаушы қоршаған ортамен құндылықтарын арттыруға үлес қосады, бұл өз кезегінде патриоттық сана қалыптасып, сезім, қабілет, қасиеттерді дамуына ықпал етеді, басқаша айтқанда өз басының мүддесін ұлттық, Отан, мемлекет, халық мүддесіне ұштастырады.

Жалпы патриотизм сөзі гректің «Отан», «ел» деген сөзінен шыққан. Патриоттық идея — Отаншылдық адамға туа біткен қасиет емес, ол жүре түзелетін адамның саналы өміріндегі қабаттас құбылыс. Отанға деген сезімнің шынайы қайнар көзі — туған жер табиғаты, ана тілі, салт — дәстүрі, тарихи ата — бабаларының ерлігі. Олар әр адамзат бойына намыс, ар, сүйіспеншілік ұялатады.

Бірде бір адамзат өзінен бұрынғы ата — буынның ақыл — ойын, тәрбиелік тәжірибиесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Қай ел, қай халықтікі болмасын, озық тәжірибиені жатсынбай қабылдағаны дұрыс. Осыған орай өзге емес, өзіміздің ата-бабаларымыз, яғни батырларымыз Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бегелдинов және тағы да басқалардың өткен ерліктері, көрсеткен қызметтері неге тұрады?! Тек солардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арқасында ғана қазір бейбітшілік заманда өмір сүріп жатырмыз.

«Бұл дүниеде біздің Отанымыз бар, ол — Тәуелсіз Қазақстан. Бұл туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жақсы жан — тәнімен сезіну керек», — деген ел президентінің гибрат сөзі патриоттық ұғымының, ел мен жердің бүтіндігін сақтау, халықтар достығы мен бірлігі екенін нақтылай түседі.

Бойымызда отансүйгіштік, ерлік, батырлық, патриоттық сезімдерді арттыру үшін өткен ата-бабаларымыздан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алуымыз керек. Оларды қуана еске алып, мақтана айту -қазақ халқының әрбір перзентінің парызы.

Таңның атысы, күннің батысында тек еліңді еске түсір, Отаныңды ойла, туған жеріңді жырла. Сонда ғана сен «Кішіпейілділік — кішілік емес, кісілік» демекші, кіші емес кісі боласың, ел қажетіне жарар нағыз азамат боласың. Сонда ғана сен бақытты боласың деген қасиеттерді жастардың бойына сіңіру — негізгі міндеттердің бірі. Патриоттық тәрбие — тамыры терең тәрбие. Сол себепті патриоттық тәрбие тамырын кеңге жаюы тиіс.

Патриоттық тәрбие — еліміздің әлеуметтік — экономикалық, саяси дамуы жаңа сапаға ие болып, тәрбие процесіне жаңаша көзқарас қажет болып отырғандықтан, қазіргі кезеңнің күрделі шарттары аясында іске асырылуда. Мұның барлығы патриоттық тәрбиенің төмендегідей өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді:

— өткен уақыттағысына негіз болады, олардың негізінде спортшыларды патриоттық іс-әрекетке қатыстыруға болатын оқу- тәрбие процесін түзеуге болады;

— патриоттық тәрбие өзінің мақсаты бағыттылығымен жас спортшылардың отанға деген сүйіспеншілігін арттырады;

— патриоттық тәрбиеде мақсаттар мен мазмұндардың, нысандардың және тәрбие әдістерінің үйлесімділігін қамтамасыз ететін жеке- әрекеттілік, кешендік қатынас

пайдаланылады. Мұның өзі тәрбиеленушіге біртұтас тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін топтық және даралық ықпал қолдануға жағдай жасайды.

Сонымен, оқушыларға патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты — оқушының, жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың патриоттық іс- әрекеттерін саналы түрде меңгеріп алуға талпынысын айқындайтын саяси-моральдық, кәсіптік, психологиялық, дене шынықтыру сияқты сапаларды қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты — «қазақстанды патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» — деп бүгінгі ХХІ жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр.

Егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпаққа терең, мазмұнды білім беру мен ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеу — бүгінгі алға қойылған басты міндет. Ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар — бүгінгі мектеп оқушысы.

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің негізгі идеялары Елбасының «Қазақстан — 2050» стратегиялық жолдауында: «Олар...күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы, өз

елінің патриоттары болады» — делінсе, ҚР — ның «Білім туралы Заңында» «Білім беру жүйесінің басты міндеттері азаматтық пен ел-жандылықты, өз Отанын ҚР-на сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрін қастерлеуге, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру» делінген. Осыған орай, бүгінгі жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу, жеке тұлға талабы, қоғам қажеттілігі.

Халық ауыз әдебиетінің бір саласына жататын ел қорғау, батырлық істер жайында туған халық мақалдары да халықтың бұл ой — тілегі, арман-мүддесі, патриоттық сезімі, ұлттық мақтанышы қандай екенін көрсетіп отырады. Осы тақырыптағы мақалдар, ең алдымен кімге болса да, туған жер, өсіп-өнген ел — Отанды аса қажетті, қадірлі, қымбат деп көрсетеді. Мысалы: «Ел іші- алтын бесік», «Туған жердің топырағы да ыстық», Туған жерден топырақ бұйырсын деп, отансүйгіштік сезімді дәріптеген халқымыз «Отанды қорғау — азаматтық парызың» дейді.

Ал «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», «Елін сүйген ер болар», «Ерлік білекте емес, жүректе» т. б. мақалдар өз елін жаудан қорғау үшін қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше алысу, сөйтіп дұшпанын Отанын қорғап қалу нағыз халқын сүйген әрбір адамның міндеті болатынын танытады.

Әдебиет:

1. Жұмабаев М. Педагогика. — Алматы, 1992. — 160 бет.
2. Төлеубекова Р.К. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. — Алматы, 1998. — 25 б.
3. //Бастауыш мектеп. — 2004. — №5. — 22–23 бб.

Инновационные технологии на уроках русского языка

Бесбай Айнур, учитель начального класса

(СШ №82, Кызылординская обл., Аральский района, село Каратерень, Казахстан)

В. А. Сухомлинский считал, что «мастер педагогического дела настолько хорошо знает азбуку своей науки, что на уроке в ходе изучения материала, в центре его внимания не само содержание того, что изучается, а ученики, их умственный труд, их мышление, трудности их умственного труда».

И, конечно, учитель русского языка и литературы сам в первую очередь должен обладать коммуникативными способностями.

Задачи учебной дисциплины «Русский язык в казахской школе» состоит прежде всего, в том, чтобы приобщить учащихся к другой системе передачи информации, к новому способу речевой деятельности. Поэтому овладение языковым материалом важно не само по себе: оно служит лишь средством получить информацию с помощью

языкового кода, и для данного предмета следует говорить об усвоении основ лингвистики, а также о нормах речевой деятельности на русском языке и литературе. Для этого необходимо применение педагогических инновационных технологий. Их применение в образовательном процессе обеспечивает возможность целенаправленного, интерактивного достижения прогнозируемого конечного результата — образованности.

Обучая русскому языку, помню о связи правописания с произносительной стороной речи, об опоре его на словообразовательные элементы слов, о важности учета морфологического принципа, обеспечивающего осмысленное отношение, как к письменной речи, так и к устной.

Технология дает ответ на вопрос о том, как наилучшим образом достичь целей образования, при котором дости-

жение этих целей образования обусловлено управлением. Таким образом, образовательная технология — это выявления принципов, разработка путей совершенствования образовательного процесса путем анализа факторов, повышающих образовательную эффективность.

До последних лет «дать знания» понималось как «обучать» и шло в одном направлении при отсутствии «обратной связи». Учитель сам обучал, сам же проверял, контролировал. Это привело к проявлениям пассивности, безынициативности, неспособности к мобильности.

Основными же принципами обучения по новой технологии являются доверительные отношения учителя и учащегося, создание проблемной ситуации и пути ее решения, многоуровневые задания, самоконтроль, взаимоконтроль. Каждый урок по новой технологии должен носить исследовательский, творческий характер.

Обучая русскому языку, помню о связи правописания с произносительной стороной речи, об опоре его на словообразовательные элементы слов, о важности учета, морфологического принципа, обеспечивающего осмысленное отношение, как к письменной речи, так и к устной.

Когда речь идет об орфографии, обычно, конечно же, имеют в виду систему правил. В современной орфографии принято выделять пять разделов:

1. правила обозначения звуков буквами;
2. правила применения слитных, полуслитных (дефисных) и раздельных написаний;
3. правила употребления прописных и строчных букв;
4. правила употребления сокращений слов;
5. правила переноса слов;

Так, в 5 классе выделяю три этапа: первый — этап развития навыков ориентировки в правильном и неправильном написании; второй — этап совершенствования навыков правописания гласных и согласных в корнях слов; третий этап — закрепления навыков правописания окончаний имен существительных, прилагательных и глаголов.

В процессе работы над орфографией обращаюсь к интерактивному обучению. Еще Конфуций утверждал: «Учение без размышления бесполезно, но и размышление без учения опасно».

Почти на каждом уроке ученики выполняют индивидуальные задания: изучают и осваивают конспект параграфа учебника, продумывают вопросы к дискуссии по актуальной теме; работают в парах. Часто задание остается то же, но цель данного этапа заключается в нахождении общего решения. Важно, чтобы найденное решение выражало общее решение. Такая работа в микрогруппах особенно эффективна.

Активизировать мышление обучающихся можно на протяжении всего хода урока самыми различными приемами и средствами, но главным считаю создание ситуации успеха что, на мой взгляд, является мощным стимулом для обучающихся. Для этого придерживаюсь основных правил управления успехом на уроке. Если после урока у ученика не осталось вопросов, которые хотелось бы обсудить, поспорить, поискать решения, то это

значит, что урок, возможно, был и полезным, но оставил детей равнодушными к тому, что на нем происходило. Начало урока выступает как момент, от которого в значительной степени зависит успех всего урока. Домашние задания должны быть красивыми, интересными, творческими, нередко практикоориентированными, оригинальными, доступными, разноуровневыми, интересными по форме, учитывающими способности и особенности детей (1).

На уроках русского языка в школе с казахским языком обучения наиболее приемлемыми являются технологии разноуровневого, интерактивного обучения.

Технология разноуровневого обучения ставит перед собой задачу дифференцированного подхода к каждому учащемуся. Данная технология предполагает 4 уровня заданий:

1 уровень — репродуктивный. Это обязательный минимум знаний, заучивание правил, определений.

2 уровень — алгоритмический. Это задания, требующие систематизации, направленные на развитие логического мышления.

3 уровень — эвристический, т.е. задания, несущие поисковый характер, составление ребусов, тестов, кросвордов, опорных схем, решение проблемных ситуаций.

4 уровень — творческий. Это задания повышенной сложности, олимпиадные вопросы.

Каждый учащийся обязан выполнить задания 1 уровня и вправе решить задания 2,3,4 уровней. Особенность этой технологии — обучение по рейтинговой системе.

1 уровень

1. Спиши, разбери слово по составу слова: зима, зимовка, зимний.

2. Подбери к данным словам однокоренные: Дом, школа, рука.

3. Спиши, вставляя пропущенные однокоренные слова. Мы ходили в лес. В... много ягод и грибов.... жители подают голоса.

2 уровень

1. Напиши данные однокоренные слова в три столбика: сущ., прилаг., гл.; Золото, золотой, красивый, позолотить, родной.

2. Подбери к данным словам однокоренные существительные — проверочные слова, подчеркивая безударную гласную в корне.

М...рской,...сенний, сп...ртивный, л...нивый, к...смический

3 уровень

1. Найди лишнее слово в каждом ряду:

— Гореть, сгореть, горевать.

— Пахать, пахнет, запах.

— Вода, водитель, водный.

4 уровень

Подбери к слову «дом» однокоренные слова. Составь и запиши 5–6 предложений с этими словами так, чтобы получился рассказ, озаглавь его.

Любая практика строится на теории, невозможно научить грамотному анализу текста без предварительного изучения таких литературных теоретических понятий, как «литературное направление», «идея», «тема», «структура», «средства выразительности», «образ» и другие. Как же достигнуть качественного обучения теории и успеть показать практическое применение полученных знаний при ограниченности времени? Из современных технологий контроля и оценки применяю тестирование. Использую и разрабатываю тесты по всей программе. Тестирование провожу по всему курсу русского языка и литературы. На этапе проверки знаний по предмету использую игровые технологии, также позволяющие разнообразить процесс обучения и активизировать деятельность учащихся.

Интерактивные формы и методы все больше использую на уроках, как русского языка, так и литературы. Нестандартные уроки, необычные по замыслу, организации, методике проведения, конечно же, у детей находят заинтересованный отклик и обеспечивают активную работу.

Ни для кого секрет, что интерес к учебной деятельности у детей резко возрастает, если они включены в игровую ситуацию. В игре ребенок действует не по принуждению, а по внутреннему побуждению. Цель игры — помочь сделать серьезный напряженный труд занимательным и интересным для учащихся. На уроках русского языка, как правило, применяются дидактические игры. При их использовании решаются и воспитательные задачи — развитие терпения и терпимости, формирование аккуратности, умения доводить начатое дело до конца;

Литература:

1. // Русский язык и литература в казахской школе. — 2010. — №4.
2. // Русский язык и литература в казахской школе. — 2005. — №6.
3. // Русский язык в казахстанской школе. — 2009. — №6.
4. // Русский язык в казахстанской школе. — 2009. — №4.

в групповой работе — развитие умения работать сообща, терпимо относиться к критике в свой адрес; приобретение навыков, публичных выступлений, желание и умение добиваться поставленной цели. Игра на уроке может стать очень серьезным занятием. В этом случае за внешней кажущейся легкостью использования элементов игровых технологий на уроке стоит кропотливая подготовительная работа учителя. Игровые моменты могут возникать практически на каждом этапе: во время лексической работы, разбора, объяснения орфограмм. Особенности их использования состоят в том, что игру вводят в определенную часть урока в соответствии с его дидактическими задачами. Приведем пример, какие дидактические игры — упражнения можно использовать при изучении темы «Лексика».

Покажу на своем опыте организации практического курса русского языка, как можно реализовать на занятиях интерактивные приемы обучения.

Современный человек должен быть предприимчивым, уметь постоять не только за себя, но и за свое дело. Чтобы формировать такого человека, необходимо пересмотреть методику преподавания, сделать занятия эффективными, моделируя действительность. Это предусмотрено и типовой программой по русскому языку.

«Дополни пословицу»

1. Больше думай... (меньше говори)
2. Большому уму и... (маленькой) голове не тесно
3. Будет день — будет и... (ночь)
4. Будет зима — будет и... (лето)
5. Горькая правда лучше... (сладкой) лжи. (3)

Биология мамандығында оқытын білім алушыларға модульдік технологияны пайдаланып химия курсының оқытудың әдістемесі

Еспенбетова Шолпан Омарқызы¹, техника ғылымдарының кандидаты;

Сағынбаева Мария Даулетқызы², мұғалім;

Уалиева Назгүл Қайратқызы, магистр

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті;

²№108 орта мектептің биология және химия пәндерінің мұғалімі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Соңғы жылдары оқытудың белсенді формалары даму үстінде, бірақ оқытушы мен білім алушының өзара қатынасын жүзеге асыру үшін базистік жағдай жасауға назар аудару қажет. Оқытудың белсенді формаларын тиімді пайдаланудың басты шарттарының бірі модульдік оқыту болады. Мұндай оқыту білім алушының оқу ақпаратын са-

налы қабылдауға дайындығын қалыптастырады, оның ойлау қызметін белсенді етеді, шығармашылық қабілетін дамытады [1].

Жоғары оқу орындарында биология мамандығы білім алушыларына жалпы химия пәнін модульдік технологиямен оқыту төмендегідей мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

— білім алушылардың жалпы және кәсіптік пәндерден алған білімдерін іс жүзінде пайдалану дағдысын қалыптастыруға;

— жаңа технологияларды пайдалану арқылы білім беруді ақпараттандыруды кеңінен қолдануға;

— оқу материалын білім алушылардың білім деңгейіне лайықтап пайдалану арқылы олардың ойлау қабілеттерін дамытуға;

— модульдік технологияның теориялық негіздері арқылы болашақ мамандардың өндірістік қызметіне қажетті ұғымдарды саналы меңгеруіне мүмкіндіктер туады.

— Модульдік технологияны пайдаланып жалпы химия пәнін оқытуды жүзеге асыру үшін оқытушыға төмендегідей талаптар қойылады:

— оқу үрдісінде модульдік технологияны пайдалануды жүзеге асыру барысында оқу әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі принциптерін білу;

— білім беру жүйесіндегі модульдік технологияны қолданудың ролін түсіну және оларды дамыту перспективаларын көру;

— оқу үрдісінде модульдік технологияның мазмұндық, іс-әрекеттік ерекшеліктерін білу;

— оқыту үрдісінде модульдік технологияны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық негізін білуі.

Білім алушыларға жалпы химиядан терең білім беру үдерісін нәтижелі ұйымдастыру пәннің әдістемелік қамтылуының қандай дәрежеде әзірленгеніне байланысты болады [2,3].

Пәннің әдістемелік тұрғыдан жабдықталуына оқу жоспары, бағдарламасы, студентке арналған оқу-әдістемелік кешенін құру жатады. Оқу-әдістемелік кешендер Қазақстан Республикасы білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы жоғары білімін дамыту бағдарламасына, типтік бағдарламаға сүйеніп құрылады. Мазмұндық компонент пәнді оқытуға қажетті құралдарының толықтығын және оқытудың ұтымды әдіс-тәсілдерін қолданылуды керек етеді. Білім алушыларды оқытудың әр түрлі формаларын (дәріс, семинар, зертханалық жұмыс, сарамандақ сабақ), БАӨЖ және БАӨӨЖ-ын дұрыс ұйымдастыруда олардың жекебас ерекшеліктерін ескеріп, тапсырманың мазмұны мен көлемін олардың деңгейлеріне қарай беру өте маңызды мәселенің бірі.

Білім алушының қолында осындай оқу-әдістемелік кешеннің болуы білім алушының оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыруына, уақытын үнемді пайдалануына жағдай туғызады.

«Биология» мамандығында оқитын білім алушыларға «Жалпы химия» пәнін игерту барысында модульдік технология қолданылды. Кредиттік жүйе бойынша бұл пәнге 3 кредит бөлінген. 3 кредит — бұл 30 дәріс, 15 зертханалық сабақ, 15 оқытушы мен білім алушының өзіндік жұмысы және 75 білім алушының өзіндік жұмысы бар. Бұл пән қазіргі кезде базалық пәндердің таңдаулы компонентіне жатады. Осыған байланысты бұл пәнге мамандық ерекшелігіне байланысты оқу бағдарламасы, білім алушыларға арналған жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) және пәннің жұмыс бағдарламасы жасалынды. Жұмыс оқу бағдар-

ламасында берілген тақырыптар модульдерге бөлінді. Пәннің негізгі мазмұнын беретін тарауларды біріктіре отырып пән мазмұны 7 модульге бөлінді. Әр модуль кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытындыдан тұрады.

Модульге бөлу барысында нақты заңдылықтарға негізделген логикалық байланысқа ие тақырыптар бірігеді. Мысалы, «Бейметалдар химиясын» меңгеру бейметалдардың атом құрылысы сипатына, элементтердің периодтық жүйедегі орналасуына және одан туындайтын заңдылықтардың бейметалдардың және олардың қосылыстарының физикалық және химиялық қасиеттерін бақылауына негізделген.

Одан кейін білім алушылар өздері блог-сызба құрастырады, өздерінің сызба түріндегі материалдарын ұсынады. Жұмыс түрінің бұл формасы білім алушылардың қызығушылығын тудырады.

Модульдік оқытуды қолдануда жеке бағдарды жүзеге асыру бірнеше бағытта жүруі мүмкін.

Бірінші бағыт — оқыту мазмұнының дифференциациясы. Оқыту мазмұны 3 бағдарламамен — А, В, С түрінде ұсынылуы мүмкін, олар қиындық дәрежесі бойынша ажыратылады.

Екінші бағыт — материалды меңгерудің жеке типін ескеру. Оқу элементтерін тез игерген соң, олар өздерінің мүмкіндіктерін өзіндік бағалау және танымдық қызығушылығының дәрежесіне байланысты бір бағдарламадан басқасына еркін ауыса алады.

Үшінші бағыт — көмекті ұйымдастыру және өзара көмек арылы жекешелендіру.

Төртінші бағыт — жеке бақылауды ұйымдастыру. Әрбір модуль бастапқы және қорытынды бақылаудан тұрады. Бастапқы бақылау біртіндеп қиындайтын тапсырмалар жүйесі ретінде көрсетілуі мүмкін. Білім алушылардың алынған нәтижелеріне байланысты жұмыс бағдарламалары ұсынылады. Қорытынды бақылау білімді меңгерудің минимальды дәрежесіне сәйкес келеді. Егер игеру дәрежесі бақылау тапсырмаларын орындау үшін жеткіліксіз болса, онда білім алушы алдыңғы оқу элементтерін оқиды.

Кіріспе бөлімінде сол тақырып бойынша дәріс сабағы өткізіледі. Дәріс сабағын қазіргі кездегі инновациялық әдістерді қолдана отырып өткізілді.

Осындай модульге бөлініп өткізілген сабақтардың нәтижесінде білім алушылардың химия пәнінен алатын теориялық білімдерінің мазмұны жүйелі түрде кеңейіп, тереңдеп отыруына жағдай тудырады;

— білім алушылардың химиялық білімді меңгеруі курс аралық, пәнішілік және пәнаралық байланыста жүзеге асырады;

— мұндай жағдайда олардың әр пәннен алған ұғымдарының кірігуіне мүмкіндік туады;

— сонымен қатар білім алушылардың химиялық білімдері іс жүзінде қолдануына зертханалық сабақтар мен эксперимент жүргізу жұмыстарына тигізетін әсерін көруге болады.

Жоғары оқу орны білім алушыларының химиялық дайындығының психолого — педагогикалық негізін талдау

Модуль №1
Химияның негізгі түсініктері мен заңдары. Атом құрылысы.
Д. И. Менделеевтің периодтық жүйесі.

Модуль құрылымы	Сағат саны	Модульдің мазмұны	Уақыты	Ескертпе
Кіріспе	1,2-ші сабақ	1. Модульге кіру 2. Дәріс: Химияның негізгі заңдары мен түсініктері. Атом құрылысы. Д. И. Менделеевтің периодтық жүйесі.	100 минут	Білім алушылардың дәптерге жазуы
Сөйлесу бөлімі	3-сабақ	«Рөлдік ойын» Химияның негізгі заңдары мен түсініктері.	50 минут	Топ бойынша жұмыс
	4-сабақ	«Семинар» сабақ Атом құрылысы.	50 минут	Топ бойынша жұмыс
	5-сабақ	Не? Қайда? Қашан? Д. И. Менделеевтің периодтық жүйесі.	50 минут	Топ бойынша жұмыс
	6-сабақ	Зертханадағы қауіпсіздік ережелері. Сынақ сабақ	100 минут	
	7-сабақ	Зертханалық сабақ Эквивалентті анықтау.	100 минут	
Қорытынды	8-сабақ	Сынақ	50 минут	
	9-сабақ	Тест	50 минут	
	10-сабақ	Бақылау жұмысы	50 минут	

Модуль №2Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары

Модуль құрылымы	Сағат саны	Модульдің мазмұны	Уақыты	Ескертпе
Кіріспе	1,2-ші сабақ	1. Модульге кіру 2. Дәріс: Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары.	100 минут	Білім алушылардың дәптерге жазуы
Сөйлесу бөлімі	3-сабақ	«Қышқылдар» тақырыбына семинар сабақ	50 минут	Өз бетінше жұмысы
	4-сабақ	«Оксидтер» тақырыбына семинар сабақ	50 минут	Топ бойынша жұмыс
	5-сабақ	«Негіздер» тақырыбына семинар сабақ	50 минут	
	6-сабақ	«Тұздар» тақырыбына семинар сабақ	50 минут	
	7-сабақ	Не? Қайда? Қашан? Жиынтық сабағы	50 минут	Топ бойынша жұмыс
	8-сабақ	Зертханалық сабақ «Бейорганикалық қосылыстар-дың негізгі кластары»	50 минут	
Қорытынды	11-сабақ	Бақылау жұмысы	50 минут	
	12-сабақ	Тест	50 минут	
	13-сабақ	Сынақ	50 минут	

нәтижесінде түлектердің кәсіби білім сапасын жоғарлату және болашақ кәсіби қызметінде жалпы химия бойынша алған білімі мен білігін қолдана білуге дайындығы химиялық пәндерді оқытудың негізгі бағыттарын жетілдіру арқылы жүзеге асады. Білім алушыларға жалпы химияны модульдік технологиямен байланыстыра отырып оқыту барысында теориялық модель дайындалды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, оқыту технологиясының ұсынылып отырған моделін құруда білім алушыларды дамытуға баса көңіл аударылды.

Бұл технология:

- білім алушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;

- танымдық процестерді (жады, ойлау, зейін, елестету қабілеті) дамытуға;

- оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;
- белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға;

- тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны жеңе білу, қарым-қатынас, ойын, танымдық, қауіпсіздік, сыйласу, шығармашылық, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Модульді технологиямен химия пәнін оқыту барысында дәстүрлі емес химия сабақтарын жүргізудің пайдасы өте зор, әсіресе проблемалық сабақ, интегралданған сабақ, ойын сабақтарын және т. б. айтуға болады.

Әдебиет:

1. Машарова Т. В. Современные педагогические технологии. — Киров: Изд-во ВГПУ, 1998.
2. Юцявичена Г. А. Принципы модульного обучения // Советская педагогика. — 1990. — № 1. — с. 55.
3. Юцявичена Г. А. Принципы модульного обучения // Советская педагогика. — 1990. — № 1. — с. 90.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиелік шаралардың мазмұнын жетілдіру және сапасын арттыру

Жаңайбекова Жанат

(№82 орта мектеп, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қаратерең ауылы, Қазақстан)

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі негізгі мақсат қоғамға пайдалы үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола алатын, жан- жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Біз өмір сүріп отырған ХХІ ғасыр ғылым мен технологияның қарыштап дамыған уақыты. Ақпараттандыру, жаһандану мен интеграция ғасырында жаңа дүние үшін күрес жолында адамзат баласына білім беру бірінші кезекке қойылатыны сөзсіз. Қазір қоғамдық көзқарастар да күннен- күнге өзгеру үстінде. Әрбір ақпарат құралдарының жұмысындағы барлық шектеулер алынып, ақпарат тарату еркіндігіне кең жол ашылуы балалардың сана- сезімі мен рухына әсер етуде. Тәрбиенің қандай бір саласы болмасын бір арнаға тоғысуы керек. Сондықтан да қазіргі кезде алдымызда тұрған үлкен міндет ұрпағымызға адамгершілік құндылықтар арқылы тәрбие беру болып отыр. Осы тұста жас ұрпақты тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екендігі баршамызға аян. Сол тәжірибені пайдалана отырып тәрбие жан тазалығына, адамгершілік игі қасиеттерге, парасаттылыққа, елжандылыққа негізделуі тиіс.

Өскелең ұрпақ қарыштап дамып келе жатқан қоғамымыздың болашағы. Сол келешек қоғам иелерін жан — жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени- ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу барша қоғам алдындағы парызы болып табылады.

Қазіргі өмір талабына сай оқушыларға белгілі бір дәрежеде білім беру мен қатар оқуға, өзбетінше ізденіс жұмыстарын жүргізуге деген ынтасын арттыру негізгі міндет.

Тәрбие жұмысын жүргізу барысында шәкірттердің білім алуға құштарлығын арттыру, ойлау қабілетін жандандыру, еңбек етуге баулу, жалпы оқушы бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру күн тәртібіндегі басты талап. Әртүрлі жұмыстар ұйымдастыру оқушыларды белсенділікке, шығармашылық ойлауға ұйымшылдық пен жолдастық сезімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ынтасын арттырады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мына нәрселерді ескерген дұрыс:

- > Мазмұнының оқушылардың қызығушылығына талап-тілегіне сәйкестігі.
- > Оқушылардың жас ерекшелігіне байланысы
- > Сынып оқушыларының іс- шараның мазмұнын қабылдай алуға оған қатысуға психологиялық дайындығы
- > Дер кезінде басталуы
- > Мазмұнның мақсатқа сәйкестігі
- > Нақтылығы, жоспарланған жұмыстың реттілігі
- > Өткізу, ұйымдастыру формалары, әдістері
- > Топтық, жеке жұмыстардың үйлесімділігі
- > Педагогтың сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы
- > Ұйымдастырушының аяқ астынан болған жағдайларда тапқырлығы
- > Жоспардың қоғам талаптарына мақсатына сәйкестігі
- > Өмірмен тығыз байланыстылығы
- > Жан- жақтылығы, тәрбиенің барлық салаларын қамтуы
- > Тәрбие жұмысының формалары оқушының жасына, тәрбиелік деңгейіне сәйкестігі
- > Жоспардың нақтылығы

Жұмыс ұйымдастырылғанда үнемі бір сарынды болмай, әртүрлі формада, яғни, дебат, сайыс, ойын, саяхат, әңгімелесу, тренинг, қойылым т. б түрінде өткені дұрыс. Бұл жұмыстардың өзінде әртүрлі әдіс- тәсілдерді қолданған жұмыстың сапасын арттырады және баланың қызығушылығын оятап, белсенділігін дамытады. Шығармашылық қабілеті ашылады. Өзім тәрбие жұмыстарын ұйымдастырғанда топтау, салыстыру картасы, автор орындығы, жарнама, венн диаграммасы әдістерін жиі қолданамын. Балаға жазып беріп мынаны жаттап кел дегеннен гөрі тақырп беріп соған байланысты әңгіме оқы, тақпақ, өлең жатта немесе өзің өлең шығар немесе мақал- мәтел жатта, сөз- жұмбақ, ребус құра деп тапсырма берген дұрыс. Бұған бала қызығады, себебі: орындап келген тапсырмасын сыныптастарының алдында айтып беру бала үшін зор мақтаныш. Қызыға орындалған тапсырма мазмұнды да сапалы болып, бала есінде ұзақ сақталады. Әсіресе топқа бөліп, топ мүшелерін толық қатыстырып, сайыс түрінде өткізілсе, ендігіде одан да күрделі жұмыстар орындауға тырысады. Өзім өткізген тәрбие жұмыстарына тоқталсам. «Денсаулық-

салауатты өмір кепілі» атты тәрбие сағатын сайыс түрінде өткіздім. Онда жарнама, жалғасын тап, яғни, автор орындығы, бетпе-бет әдістерін қолдандым. Бетпе-бет әдісі өте жақсы шықты. Дәрігер мен сұқбатты жүргізуші «Тұмау» ауру туралы қысқаша да түсінікті етіп мәлімет берді. Балалар шын көңілмен рольге енен алды. Осы жұмыс кезінде ақыл-кеңестерді айтуда теледидар макетін пайдаландым. Теле жүргізуші теледидардан көргендерін айнытпай салуға тырысты. Дауыс ырғағы әсерлі болды. Бұл балаларды шабыттандыра түсті, «келесіде мен де рольде ойнайыншы» деген ұсыныстар да болды. «От досың, от-жауың» атты жұмысты дебат түрінде өттім. Жақтаушы топ, даттаушы топ болып сынып оқушыларын екіге бөлдім. «Өрт-тілсіз жау» бөлімінде оттың пайдасы, зияны туралы тартысты пікірлер айтылды. Оқушы өмірден көргенін айтты. Сақтық шараларын өздеріне құрғыздым. Жап-жақсы жасады. Сосын өзім толықтырулар енгіздім. «Қонақ сыйлау-салтымыз» атты өнеге сағатында ситуациялық жағдай енгіздім. «Үйінде үлкендер жоқ еді үйіне қонақ келіп қалды не істейсің?» деген тапсырма бердім. Оқушылар жарыса ата-аналарынан көргендерін айтты. Көбісі көрпе жайып,

төрге шығарамын деген пікір айтты. Бұл баланың ойыншындау, ізденіске үйрету болса, екінші жағынан мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Міне осылай ұйымдастырылған жұмыстың мақсаты болуы керек. «Сықырлы сөздер» тренингін өткізгенде топтау әдісін қолдандым. Бұл жұмыста ұлдар бір топ, қыздар бір топ болып жұмыс жасады. «Жақсы сөздер», «жаман сөздер» топтамасын жаздырдым да мағынасын, қай жерде қолданылатынын сұрадым. Бұл сыпайылыққа тәрбиелейтін мақсатта жасалды.

Жоспары дұрыс құрылған жұмыс әрқашанда өз нәтижесін береді. Үндемейтін бала да, тентек сабақ өткізуге мүмкіншілік бермейтін бала да өз пікірін айтып, қолынан келетін жақсы істерін көрсетуге тырысады.

Міне, осылайша тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жоспарды жүрдім-бардым жасамай жауапкершілікпен қараған дұрыс. Ол үшін көп ізденіс қажет. «Ізденген жетер мұратқа» дегендей төккен терінің нәтижесін балалардан көргенде риза боласың. Балада да қуаныш сезімі пайда болып, қанаттана түседі. Келесі тәрбие жұмысын асыға күтеді.

Әдебиет:

1. «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы» Астана. Білім және ғылым министрлігінің №521 бұйрығы. 2009 жылы 16 қараша.
2. Әбенбаев С.Ш. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі». — Алматы. 2004.
3. Болдырев Н.И. «Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі». — Алматы: Мектеп, 1980.
4. «Тәрбие бағдарламасы». — Алматы, 2006.

Шетел тілін оқытуда компьютерлік технологияны қолданудың артықшылықтары

Қадырова Гүлнұр Мақсатханқызы¹, магистр, аға оқытушы;

Туребаева Айдана Елубековна¹, магистр, оқытушы;

Егізбайқызы Гүлзат², тәрбиешінің көмекшісі

¹«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан);

²Назарбаев зияткерлік мектебі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі кезде жаңа білім жүйесі интернеттің пайда болуының арқасында дамығанын барлығы мойындайды. Көптеген әдіскерлер видеофильм, электрондық пошта (e-mail), мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және тағы басқалардың көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Ал шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан, мұғалімнің маңызды тапсырмасының бірі шет тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады. Шет тілін үйрету процессінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, видео-көріністер, пре-

зентациялар және т. б. әртүрлі дыбыстар арқылы көрсетіледі. Компьютер мониторындағы көріністер оқушының іс-қимылының арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және оқушының бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу процессінде оқушының белсенділігі оянады. Нәтижесінде, оқушы ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды және оқушының ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды [1, 96].

XXI ғасырды қоғамдық ақпараттандыру ғасыры деп жай атамаған. Компьютер — адам іс-әрекетінің барлық салаларында қолданылады. Дүниежүзілік қоғамдастықта қоғамдық өмірдің барлық саласын глобалды ақпараттандыру процессі дамытылуда. Экономикалық жағдай, адам өмірінің сапасы, ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттің дүниежүзілік қоғамдастықтағы рөлі ақпараттық-технология-

ялық дамудың және оның даму қарқынының даму дәрежесіне байланысты. Барлық экономикалық дамыған елдерде және көптеген дамушы елдерде білім беру жүйесін ақпараттандырудың қарқынды процесі жүріп жатыр. Жалпы білімді жоғарылату жолдары жасалып жатыр және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізуге көп қаражат бөлінуде.

Оқытудағы аса жаңа ақпараттық технологиялар алдыңғы қатарлы университеттер мен институттардың ғылыми және білім беру потенциалын белсендірек пайдалануға қашықтан оқыту курстарын құруға ең үздік оқытушыларды тартуға, үйренушілер аудиториясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Компьютерлік оқыту саласындағы жинақталған бай тәжірибеге қарамастан, көптеген шет тіл оқытушылары компьютерлік оқыту құралдарын пайдалану мүмкіндігіне сақтықпен қарайды [2, 156].

Оқытудың басқа құралдарымен салыстырғанда дидактикалық артықшылықтары болып табылады: полифункционалдылық, интерактивтілік, диалогтық өзара әрекеттестік, жұмыстың ұйымдастырушылық нысандарының мүмкін режимдерінің алуандығы. Оқыту құралы ретінде компьютер барлық артықшылықтарлы іске асыруға қабілетті. Сонымен бірге оқыту процесінде компьютерді пайдалану техникалық құрылғыларға қойылатын талаптармен реттелген, және белгілі бір қағидаларға сәйкес келуге тиіс. Компьютерлік лингводидактикада пайдаланудың келесі қағидалары релевантты болып табылады:

- келісімділік;
- қажеттілік;
- ақпараттылық;
- сенімділік;

Келісімділік қағидасы:

Оқыту мазмұнына, мақсаттары мен кезеңдеріне, пайдаланушылардың жастық ерекшеліктеріне, сондай-ақ қолданылатын оқыту әдістемесіне байланысты пайдалану жағдайларын нақты анықтауды ұйғарады.

Қажеттілік қағидасы:

Егер қандай да бір параметр бойынша оқу процесінің тиімділігін арттыруға, атап айтқанда: материалды меңгеру жылдамдығын жеделдетуге, сөйлеу қызметін белсендіруге, көбірек ұтымды тәсілмен оқу мақсатына жетуге, оқытушының немесе оқушының жұмысын жеңілдетуге, оқу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Ақпараттылық қағидасы:

ДҚ пайдаланушыға аса қысқа уақыт ішінде көп ақпарат алуға мүмкіндік беретіндіктен, оқу процесін анықтамалық — ақпараттық қамтамасыз ету құралы ретінде компьютердің артықшылықтарын ашады. Оның үстіне, компьютер шет тілін оқытудың ақпараттық — сөйлеу сипатына бәрінен көбірек сәйкес келеді.

Сенімділік қағидасы:

Оқыту үшін әрбір компьютерлік бағдарламасын тәжірибелік тексеруді жүргізу қажеттілігіне, сондай-ақ дидактиканы қолданумен сабаққа ұйымдастырушылық дайындық кезеңінің барын көрсетеді [3, 112].

Компьютер шет тілдері оқытушыларына бірнеше көмек көрсете алады.

Жаңа жағдайларда оқытушы дәстүрлі оқу құралдарын ғана емес, сонымен қатар ақпараттық — коммуникациялық технологияларды пайдалануға тиіс. Бүкіләлемдік желі, электрондық білім беру ресурстары өз оқушыларының, сондай-ақ өзінің білімін кеңейткісі келетін оқытушы-пән мұғалімі үшін жақсы көмекші бола алады.

Оқытушы компьютер үйренушілердің өз бетімен жұмысын ұйымдастыратын және әсіресе тілдік және сөйлеу материалымен жаттықтыру жұмысы процесінде оны басқаратын құрал болып табылады. Бұл қолданылатын жаттығулар мен әдістемелік тәсілдер сипатын анықтайды. Келесілер көбірек жиі қолданылады:

1. Сұрақ- жауаптық диалог. Үйренушінің жұмыс мәні негіз бен сұлба ретінде сұрақта жазылған тілдік материалды пайдаланып, компьютерлік сұрақтарына тура жауаптар беруден тұрады.

2. Ішінара жауаппен диалог. Компьютерге жауап беру үшін үйренуші болжанылатын нұсқалар қатарынан біреуін таңдайды.

3. Еркін құрастырылатын жауаппен диалог. Мұндай диалогты компьютер жауаптың дұрыстығын «танып», бағалай білуі үшін оның қойған әрбір сұрағына жауаптарлы барлық мүмкін нұсқаларымен бағдарлама қамтамасыз етеді.

4. Бос орындарды толтыруға жаттығулар. Компьютер үйренушіге бос орындармен мәтінді немесе ұсыныстар жинағын ұсынады. Шет тіліне аударып, қажетті түрде қолдану қажет орыс сөздері түріндегі сыбыр сөзді пайдаланып бос орындарды толтыру қажет. Сондай-ақ компьютер ұсынғандардың ішінен таңдап, бос орындарды сөздермен немесе сөз тіркестерімен толтыруға болады.

5. Сөздікті білуін өзі бақылауға арналған жаттығулар. Мұндай жаттығулардың нұсқалары мүмкін:

- а) Компьютер аудару үшін сөздер тізімін ұсынады;
- б) Компьютер сөздердің екі тізімінің арақатынасын белгілеп (орыс және шетел), екі тілде бұл сөздердің баалама жұптарын табуды ұсынады;
- в) Компьютер шетелдік сөздердің екі тізімінің арақатынасын белгілеп, синонимдер мен антонимдер жұбын анықтауды ұсынады;
- г) Компьютер шет сөздерінің тізімін және бұл сөздердің дефиниция тізімін ұсынады.

6. Компьютерлік бағдарламалар (компьютерлік оқытудың шетелдік тәжірибесінен):

1. Уордсток (сөздікпен жұмыс істеуге арналған бағдарлама)
2. Мэтчмастер (сәйкестіктерді таңдауға бағдарлама)
3. Чойсмастер (нұсқаларды таңдауға бағдарлама)
4. Клоузмастер (бос орындарды таңдауға бағдарлама)
5. Кроссвордмастер (кроссвордты толтыруға шебер)
6. Юнисаб (қоюға бағдарламашы)
7. Юнилекс (мәтінге сөздікпен жұмыс жасауға арналған бағдарлама).
8. Гэпмастер (бос орындарды толтыруға бағдарлама)
9. Пинпойнт (сезуге бағдарлама)

10. Спидрид (жылдамдықпен оқуға бағдарлама)
11. Сториборд (мәтінмен жұмысқа бағдарлама)
12. Тестмастер (сұрақ- жауапты түрде тестілеуге бағдарлама) [5, 73].

Компьютерге сондай-ақ оқушылардың әр түрлі контингенті үшін грамматика (ереже, қандай да бір өзге грамматикалық түрлердің қолданылу кестесі, етістіктердің жіктелуі және басқаруы және т. б.) және лексика (берілген сөздің негізгі сөз тіркестерін, оның синонимдері мен антонимдерін көрсетумен) бойынша анықтамалық материалды, оқу және айту ережесін, лигвоелтану

және тарихи ақпаратты және т. б. енгізуге болады. Қажетті анықтамалық материалды іздеу үшін компьютерді пайдалану оқушыларды сәйкес сөздікті немесе анықтамалықты іздеуден құтқарады, бұл уақытты көп ұтуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі — ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен — күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық — коммуникативтік, компьютерлік технология арқылы оқыту — тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады [6, 98].

Әдебиет:

1. Азимов Э.Г., Вильшинецкая Е. Н Материялы Интернетта на уроке английского языка // Иностранные языки в школе. —2001. — № 1.
2. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. — Тараз: ТарМУ, 2003.
3. Көшкімбетова С.А., Кенжебаев Т.К. Мектептің оқу тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру жолдары. — Тараз университеті, 2004.
4. Карпова А.С. Интернет в подготовке будущих учителей иностранного языка // Иностранные языки в школе. — 2002. — № 4.
5. Кузьмичева Т.Н. Технические средства в обучений английскому языку. — М. «Просвещение», 2001.
6. Howatt A. P. R. Programmed learning and the language teacher. — London, 1999.

Жас балалардың педагогикалық мәселелері

Серікбаев Ғабит Өмірзақұлы, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Амиров Мақсұт Оразұлы, аға оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Еліміздің егемендік алған уақыт ішінде жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы- патриотизм. Көп ұлтты Қазақстан үшін Отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату- тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух қазақ елін әлемдік өркениетті елдер көшіне қосып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден- бір күш.

Патриотизм туралы идеялары кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдарыда (Әль-Фараби, Ж. Баласұғын, М. Қашқари), жыршы- жыраулары да (Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар Жырау, Махамбет, т. б.) айтқан болатын. Қазақ халқының табиғи түрдегі патриоттық тәлімнің қазақ жеріндегі жиі- жиі болып тұрған тарихи оқиғалардың қыр сырынан іздеген жөн.

Қазақтың ұлан- байтақ даласын біздің ата-бабаларымыз сан ғасыр «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» аман сақтап келді. Олардың құрып кету қаупі төніп тұрған кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жауға қарсы тұруы нағыз шынайы Отансүйгіштік қасиет еді. Өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары — Ш. Уә-

лиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Алаш Орда қайраткерлері — М. Дулатов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов және тағы басқа зиялылардың нақты іс-әрекеттері мен шығармаларынан да байқауға болады.

Қазақ тарихын тұңғыш рет зерттеуші ғалым Ш. Уәлиханов Отансүйгіштік сезімнің қалыптасуы туралы: «Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай («матрешка» сияқты бір сандықтың ішінде тағы бір сандық) мен, ең алдымен, өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстарын, Ресей жұртын қадірлеймін», — деген екен.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі — Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдер ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. «Батыр дегеніміз жауапкершілік кездер мен әскери жорықтарда жеке ерекше көзге түскен ержүрек, қаһарман адамдарға берілетін атақ. Ал батырлық жеке адамдарға тән патриоттық қасиет», — деп берілген анықтамаларды негізге ала отырып, батырлық,

батыр, ер, ерлік және ұлттық жауынгерлік дәстүр, оның ерекшеліктеріне, ерлік тәрбиесіне педагогикалық түсінік-ке берілді.

Академик М.К. Қозыбаев халқымыздың ерлік және жауынгерлік дәстүріне тоқтала келе: «Ер дегенде ең алдымен бізге Отан қорғаған сәтте жау шебін бұзып, қамал алған қайрат-жігер иесінің бейнесі оралады», — деп атап көрсетті. Яғни, ер, ар-намыс, азаматтық қасиетін үнемі жоғары ұстап, қажетті жерде қауып-қатерге өз басын тігіп, батыл іс-әрекетке бара алатын адам. Ердің іс-әрекеті бейбіт кезде де, соғыс кезінде де ел, жер мүддесі үшін қауып-қатерлі істерге, ерекше қимылдарға бару іс-әрекеті.

Ерлік тәрбиесі дегеніміз — ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың ерік-жігерін табандылық, батылдық қасиеттермен біреге ұлттық сана, парыз, намысын қалыптастыра отырып, Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бүгінгі күн тұрғысынан алып қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың санасына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік, рухты ендіру. Көне түркілер көшпенділер тарихына, халқымыздың ер және жауынгерлік дәстүрлеріне шол жасағанда ерлік қасиеті әрбір жауынгерлерге тән болатынын көреміз. Әрбір жауынгерлерден батылдық, табандылық қасиеттерді талап еткендігі байқалады.

Талай ғасырды өткеріп, бізге жеткен батырлар жыры бүгінгі ұрпақтың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда басты орын алады. Батырлар жырында мазмұны туған елін, жерін жаудан қорғау мен қатар ананың балаға махаббаты, сүйіспеншілігі, адамгершілік қасиеттер көрініс тапқан. Ата-бабаларымыз батырлардың қайсар қаһармандығын, ерлігін суреттей отырып, ұрпақ тәрбиесіне өшпес мұра қалдырып отырды. Алғаш халық мұрасына, салт-дәстүріне, ұлттық ерлік және жауынгерлік тәр-

биесіне мән бере отырып, оқулық жазған Б. Алтынсарин болды. Өзінің «Қазақ хрестоматиясы» деген атпен үзінді енгізген. Қазақ халқы тек батырларын құрметтеп қоймаған, сонымен қатар батырлардың серігі астына мінген аттарының қасиеттерін дәріптерін.

Абай шығармаларын зерделеп қарайтын болсақ, жжастарды ерлік рухта, отансүйгіштікке баулып, ар-намысын, ождан, адамгершілік қасиет үшін күресуге шақырғанын байқаймыз. «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» Абай айтқан пайымдаулар халқымыздың тарихын, ғылыми негізге келтірген алғашқы қадамдардың бірі. Абай шығармалары туған елінің, жерінің тарихын зерттеп, оны жете түсінуді уағыздайды. Өзінің Отыз тоғызыншы қара сөзінде: «Арлылық, намыстық, табандылық- тәрбиенің жемісі» дейді. Адамның ең ұлы сезімін азаматтық парызын орындау үшін жоғарыда аталған мінезді игеру керек екенін Абай атап көрсетеді. Абай шығармаларынан қазақ халқының өзіндік ішкі құрылымын және өзіндік қасиетін, бітімін көреміз.

Отан соғысында талай ерліктің куәсі болған Б. Момышұлы: «Патриотизм- Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман саулығын қоғамдық мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни өткенмен, бүгінгі күнмен және болашағы мен қарама- қатынасты білдіреді», — деген. Міне осындай атадан- балаға жалғасып келе жатқан ұлттық әдет — ғұрып, салт- дәстүрлерді, оқу- тәрбие мазмұнына енгізі білсек, ұлттық дәстүрге берік, елін, жерін сүйетін азамат тәрбиелеуде, мектеп жасына дейінгі балалардың бойына Қазақстандық отансүйгіштік қалыптастыруда игі ықпалы мол.

Әлеуметтік педагогиканың негізгі жұмыс аспектілері

Уразалиева Рыскуль Муратбековна, магистр;

Рзабаева Гүлмарал Алматқызы, студент;

Кәрімбаева Гүлжанат Болатқызы, студент;

«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

XIX ғасырдың екінші жартысында «неміс мұғалімдерінің Хәкесі» Адольф дистерверг кәмелет жасына толмағандардың құқық бұзушылық болдырмау мақсатында қарусыз кеткен балалармен жүргізілетін педагогикалық іс-әрекетті бойын көрсету үшін «әлеуметтік педагогика» сөз тіркесін ұсынған. XIX ғасырдың басында неміс философы П. Наторп ел арасында мәдениет пен ағарту жұмыстарын жүргізу мақсатында қоғамдық тәрбиелеу күшін материалдық идеясын ұсынды, ол қоғамды жалпы білімдендіруге дінге шақырылып, осы идеяны іске асыру үшін тәрбиелеу факторын, яғни «азаматтық одағын» құруға шақырды. Бұл іс — әрекетті ол әлеуметтік педагогика [1.87] деп атады.

XVIII ғ., яғни ағарту ғасырында, қоғамның естиярлық ой тұжырымдаған, ол ой бойынша оқыту мен тәрбиелеу қоғам дамуында опертикалық фактор болып табылады, ал адам дамытудың мақсаты болуы тиіс.

Әр адам өз ісінің үлкен ауқымын сезініп, планеталық түйсік қалыптасуын, өзінің бүкіл адамзат өркениетінің болашағына жауапкершілігін түсіну міндеті қойылды. Әлеуметтік тәрбиенің теориясы мен тәжірбиесін бұлай түсінуге сәйкес оны «әлеуметтік жұмысқа қабілеттілік» [2.48] деп хабарлайды. Педагогика әрқашан адамды түзету мен оның еркін ынталандыру жұмыстарын жасап отыруы керек. О. Больнов адам тіршілігі мен оның тәрби-

елік мүмкіндіктерінің тұрақсыздық проблемасын көтерді. Оның тұжырымы бойынша адам тіршілігінің айнымас бір қасиеті тоқыраулар, олар адамның қалыптасқан өмірін бұзғанымен, өмірінің жаңару мен тазару көзі болып табылады [3.165]. Тәрбие адамға әлеуметтік жағдайларды түсінуге, тоқыраудың жаңарту сипатын алуға көмектеседі, әлеуметтік қиындықтарды жеңуге ішкі күш береді. Тоқырау жағдайлары адам өміріне тән қасиет, олардан қашудың да қажеті жоқ. Тәрбие адамға «ұйқыдан» оянып белсенді іске көшуге көмектесуі керек.

Кеңес заманында педагогикалық жұмыстар ортақ жалпы мемлекеттік жүйе болып халықтың барлық саласын қамтыды. Елде сауатсыздық пен қаңғыбастықты жою, жалпы орта білім беруді енгізу сияқты әлеуметтік-педагогикалық міндеттер шешілді.

Қазіргі жағдайда әлеуметтік-педагогикалық теория мен тәжірибеге деген қажеттілік жойылған жоқ, керісінше қажеттілік күшейді, себебі бір жағынан қоғам мен жеке адамның өмірінде әлеуметтік факторлардың рөлі күшейді, екінші жағынан әлеуметтік көмекке зәру балалар мен ересектердің саны өсті, әсіресе әлеуметтік-педагогикалық көмек қажет адамдар өсті. Осының барлығы оқыту мен тәрбие беру саласында жұмыстың белсенуін талап етеді. «Әлеуметтік педагогика» атауының объектісі болып тек адамның жастық шағы ғана емес, оның осы уақытқа дейінгі өмірі табылады. «Әлеуметтену» терминін американдық психолог Т. Парсонс адам өз өмірінің өту барысын, өмірде және қоғамда алған білімі, әлеуметтік қабілеттері мен білімдердің дамуы, барлық мәдениетінің интернациялануының процесстерін сипаттау үшін ұсынған [4.116]. Әлеуметтік-педагогикалық теория мен практиканың обь-

ектісі болып-адам табылса, ал оның құралы болып- әлеуметті дамуы мен орналасуының педагогикалық аспектісі болып табылады.

Әлеуметтік — педагогикада әлеуметтік жүйені бөледі. Онда тиісті әлеуметтік педагогикалық көріністің дамуын немесе әлеуметтік педагогикалық мақсатқа жету үшін әлеуметтік педагогтың қалыптасқан іс-қимылының, тәрбиеші мен тәрбие алушының бірге іс-әрекет жасауын түсінеді. Кез-келген әлеуметтік — педагогикалық процесс оның даму этаптарын қосады.

Әлеуметтік педагогикалық жүйенің мазмұнын кез-келген сипаты әлеуметтік көрінісінің дамуы, біртұтас адамның әлеуметтік дамуы ретінде қарастырайық. Мұндай процесті төмендегідей құруға болады.

1. Әлеуметтік педагогикалық жүйе белгілі бір көріністің дамуы іспеттес (біртұтас адамды, тұлғаның сапасы және т. б)

2. Этаптар

3. Әлеуметтік педагогикалық көріністің дамуы

4. Қызмет ету шарттары

5. Субъектінің немесе объектінің болуы

6. Дамуды қамтамасыз ететін механизмнің болуы

7. Көріністің оптимальды даму қажеттіліктеріне осы әлеуметтік педагогикалық жүйенің жылжу шарттарының сәйкестігі

8. Органың сәйкестігі, әлеуметтік факторлар [5.39].

Сонымен, әлеумет, әлеуметтік педагогика, әлеуметтік тәрбие беру және әлеуметтік оқытудың тұтастығы ретінде нәтижесі болып, әрбір жеке тұлғаның немесе адамдар тобының қол жеткен деңгейлерімен сипатталатындығына көз жеткіздік.

Әдебиет:

1. Василькова Ю. В., Василькова Т. А. Социальная педагогика. Уч. пособие. — М., 2006 г.
2. Мардахаев Л. В. Социальная педагогика: учебник. — М., Гардарики, 2005. — 269 с.
3. Мудрик А. В. Введение в социальную педагогику. — М., 2006.
4. Басов Н. Ф., Басова В. М., Кравченко А. Н. Социальный педагог введение в профессию: учеб. пособие. — М., Издательский центр «Академия», 2006. — 256 с.
5. Мардахаев Л. В. Методика и технология работы социального педагога: уч. метод. пособие. — М., 2003.

Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы

Шеримова Алия Сакеновна, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы;

Елюбаева Ақзина Ноябрьқызы, студент

«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Көптеген ғасырлар бойы «адамзат» әр түрлі ғылым салаларының басты объектісі болып келеді, себебі ғылым мен адамзат бір бірімен тығыз байланыста келеді. Өз тарихын, мәдениетін, табиғи болмысын танып білуге деген адамзат құштарлығының шегі болған емес. Осы

таным жолында психология ғылымының орны аса зор әрі ерекше. Адам болмысының табиғаты, оның саналы қоғам шеңберінде өркендеуі мен қалыптасуы, айналасындағы басқа адамдармен қарым қатынасының ерекшеліктері психология ғылымының негізінде жатыр. Адамның

даму заңдары мен болмысының мүмкіндіктері жөніндегі білімдер жүйесі бүкіл қоғамның дамуы үшін өте қажет. Көп жағдайда адамдардың жеке және ұжымдық әрекеттерінің механизмі, әрекет, әлеуметтік бағыт, тәртіп стереотиптерінің қалыптасу заңдылықтары жөніндегі білімдерді пайдаланбай, сезім, психологиялық климатты танып білмей, жеке адамның ерекшеліктері мен психологиялық қасиеттерін, қабілетін, сезімін, мінезін, адам аралық қатынастарын зерттемей, әлеуметтік процестер мен құбылыстардың мәні толық ашылмайды. Яғни, әлеуметтік процестерді зерттеуде психологиялық факторларды ескеру-заңды қажеттілік. Осыған орай, психология бірнеше салаға бөлінген. Соның бірі-әлеуметтік психология [1].

Әлеуметтік психология- адамдардың әр түрлі ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған топтарында көрініс беретін психикалық болмысын зерттеумен айналысады. Әлеуметтік психология бүгінгі таңда ерекше сұранысқа ие. Өйткені әлемдік проблемаларды шешуден бастап, адам қашанда топтың өкілі болғандықтан, оның ортаға бейімделуі, күнделікті тұрмыстағы кездесетін қақтығыс, күйзелістерді зерттеп, қажетті шешімдерге қол жеткізуге болады. Адам баласында өмірге келген сәттен бастап, белгілі ортаға бейімделу процесі жүреді. Психологияда бұл процесі адаптация деп атайды.

Адаптация-жеке адамның немесе әлеуметтік топтың ортамен әрекеттестігі, оған осы ортаның нормалары мен құндылықтарын игеру, сонысымен қатар ортаның мақсатына сәйкес өзгеруі, қайта құрылуы жатады. «Бейімделу» (адаптация) ұғымы психологияда адамның қоршаған орта жағдайына бейімделуін білдіреді. Бұл ұғым индивид пен ортаның тепе-теңдік байланыстары туралы гештальтпсихология, ақыл-ойдың даму теориясы сияқты психологиялық концепцияларда да маңызды орын алады. Бұл терминді еңгізген Г. Селье. Үш стадиядан тұрады:

1. Алаңдау стадиясы — бір неше сағат немесе екі күн созылуы мүмкін, мұнда адамға белгілі әсер келіп адам одан қорғануға тырысады;

2. Қарсы шығу стадиясы — адам әсерге қарсыланады;

3. Тұрақтану немесе әлсіздену стадиясы.

Бейімделудің негізгі түрлері — сенсорлық бейімделу мен әлеуметтік бейімделу. Сенсорлық бейімделу — түйсіктердің бейімделуі. Әлеуметтік бейімделу — бейімделудің ең жоғары дәрежесі, бір жағынан, үнемі жүретін индивидтің әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, екінші жағынан, бұл процесің нәтижесі. Осы екі компоненттің өзара қатынасы индивидтің қажеттіліктеріне, оларды қанағаттандыру мүмкіндігіне тәуелді. Бейімделу үздіксіз жүретін процесс болса да, оны әдетте, адамның өмірінде негізгі әрекеттердің және әлеуметтік ортаның ауысуымен байланыстырады. Психологиялық бейімделудің негізгі көріністері — адамның айналасындағы адамдармен белсенді қарым-қатынас жасауы. Психологиялық бейімделудің басты құралы-тәрбие, білім, еңбек және кәсіби даярлық болып табылады. Психологиялық адаптация, адам өміріндегі кез келген өзгерістерде жүзеге

асады. Мысалы, «үйкүшік» баланың балабақшаға келген соң, жаңа жағдайларға бейімделуіне тура келеді. Мектепке келу-жаңа талаптарды орындауға, жаңа жағдайларға бейімделуді қажет етеді. Еңбек жолын бастаған жастарда, бейімделу кезеңін басынан кешіреді. Тіпті микросоциумдағы (отбасы) өзгерістер: ата-аналардың ажырасуы немесе жақын адамдардың қайтыс болуы т. б. жаңа жағдайлар туғызады [2].

Әлеуметтік бейімделу — тек дені сау адамдардың ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың да әлеуметтік ортаға қосылуы, қоғамда өмір сүруге бейімделуі. Мүгедек бала — тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам. Мүмкіндігі шектеулі балаларда бейімделу үдерісі үнемі сәтті, қиындықсыз бола бермейді. Кейде, адекватты емес мінез-құлық реакциялары, қиын психологиялық ситуациялар туындайды. Бір сөзбен айтқанда, дезадаптация пайда болады. Балалардағы дезадаптация күйі оңай пайда болғанмен, адаптация үдерістері ұзақ уақытқа созылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделу немесе адаптация қиындықтарын жеңілдету, психикалық дамуын қалыпты балалардың психикалық дамуы деңгейіне жақындату коррекция және компенсация жолдарымен жүзеге асады. Дәлірек айтқанда, коррекция (түзету) ұғымы — психикалық және дене бітімдік дамудағы кемшіліктерді, психологиялық-педагогикалық және емдеу-сауықтыру шараларының жүйесі көмігімен түзету. Бұл жүйе баланың психикасының, дене бітімінің ауытқуларын жеңілдетуге және жоюға бағытталады. Дамудағы ауытқуды түзету немесе коррекция жасаудың тұтас тұжырымдамасын алғаш рет итальян педагогы М. Монтессори (1870-1952) жасады. Ол сезімдік тәжірибе мен моториканың дамуы автоматты түрде ойлауды дамытады, себебі олар ойлаудың алғышарттары деп есептейді.

Көршілес мемлекет Ресейде түзету жұмысының теориясы мен тәжірибесін дамытуда жетекші рөлді А.Н. Граборов (1885-1949) атқарды. Ол ақыл ойы кем балалармен жүргізілетін сабақтардың біртұтас жүйесін жасады. Бұл жүйенің құрамына нелер кіреді? Оған ойлау, есте сақтау үдерістерін дамытуға ықпал ететін әр түрлі ойындар, шыдамдылықты, төзімділікті қажет ететін қол еңбегі, топтық саяхаттар тәрізді маңызды әлеуметтік мазмұндағы жұмыстар енеді.

Кемістіктердің орнын толтыруда психотерапияның рөлі ерекше маңызды. Ұзақ уақытқа дейін, психотерапевтік шаралар вербальды коммуникация, интеллект сияқты қалыпты дамыған адамға тән компоненттер негізінде ғана жүзеге асады деген теріс ұғым орын алып келді. Бірақ ақыл ойы кем балаларда интеллекттуалды әрекеттік болатыны және психотерапияда вербальды емес әдістердің қолданылатыны дәлелденді, мысалы арттерапия. Олигрофрен оқушылармен психотерапевтік жұмыстар жүргізу барысында, нәтижесінде олардың зейін, қабылдау, есте сақтау

қабілеттерінің артқанын, оқу әрекетінің арта түскендігін байқауға болады. Сондай-ақ, психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілген психотерапевтік жұмыстарда өз нәтижелерін көрсетіп келеді.

Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Осындай себептердің салдарынан, қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен күнге көбеюде. Әрине, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата-ана мейірімімен қатар, мұғалім және психологтың тарапынан шексіз, мейірімділіктің қажеттілігі бірден айқын байқалады. Бұл жұмыста үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірибе қажет. Қазіргі озық технология заманында мүмкіндігі шектеулі балаларды заман талабына сай, түрлі әлеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбекқор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ осы салада қызмет атқарып келе жатқан мамандарды шығармашылық жұмыстар мен инновациялық технология әдіс тәсілдерін іздеуге итермелейді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік психологиялық түзету арқылы қолдаудың маңызы зор. Себебі, тұрмыс тіршілігіндегі шектелуді жою үшін жағдай жасауды қамтамасыз етіп, оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасау керек деп ойлаймын. Біздің Отанымызда да осы салаға байланысты арнайы сауықтыру орталықтары да жұмыс жасап келеді. Қазіргі уақытта республикалық арнайы түзету мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер тәрбиеленуде. Осы топқа жататын арнайы мектептерде сырқаттары және басқа себептерге байланысты оқуға мүмкіншіліктері жоқ оқушылардың жалпы орта мектептерде білім алуы қиыншылық туғызады. Осы себепті әлеуметтік тәрбиенің мәселелерін көре білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау және қатарға қосу мен тәрбиелеуді жүзеге асыруды міндет етіп алға қою керек. Егер, әлеуметтік педагогикалық үдерісте мүмкіндігі шектеулі балаға алғашқы сәттерде көмек беру үшін оның отбасын, ол өмір сүріп отырған ортасын зерттей алсақ, онда баланы өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға араластыру, бейімдеу, әлеуметтендіру мәселелеріне белсенді қатыстыру мүмкіндігі туады. Тек осыдан кейін әлеуметтік психологиялық үдерісін дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергілерге қарсы тұра алатын, білімді, мәдениетті, еңбекқор және тұлғаны қалыптастыру мүмкіндігі туар еді. Бұл қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясын терең, жетік меңгеруіміз керек. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін психолог, емдік физкультура, логопед, олигофренопедагог мамандарының арнайы тапсырмалары өте қажет. Сонымен қатар, әлеуметтік бейімделудегі, тәрбиелудегі кемшіліктерді жеңу үшін ата-аналар мен бірігіп арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру қажет және оны неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым әлеуметтік бейімделуде нәтижелі болады.

Адамның ең маңызды игілігі — жеке басының бостандығы мен құқықтары. Ата Заңымыз Конституцияның «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау» туралы Заңның 4- тарауында кемтар балалардың құқықтары бекітілген, нақты ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. 15-бап кемтар балалардың әлеуметтік және медициналық-психологиялық түзеу арқылы қолдауды кепіл түрде тегін алуға құқығын бекітті. «Балалардың құқықтары туралы Конвенцияда» мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда толық құқылы өмір сүруін қамтамасыздандыру мазмұны 23-баптарында нақты көрсетілген. Олардың мүмкіндіктері шектеулі болсада, мәртебесі сау адамдармен тең дәрежелі. Атап айтқанда мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың қалыпты дамыған адамдармен әлеуметтік жағынан да, саяси, азаматтық, экономикалық, мәдени жағынан тең құқылы екендігі айтылған.

Қазіргі таңда, еліміздегі мүмкіншілігі шектеулі балалар санының көбеюі деңсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жылдан жылға мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрып келеді. Үкіметіміздің мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған көптеген көмектерінің ішінде үйде әлеуметтік көмек беру ерекше орын алады. Үйде әлеуметтік көмек беру барлық мүгедек балаларға емес, олардың ішінде өз-өзіне қызмет етуі төмен, қозғалысы нашар, үйде оқитын, үйде тәрбиеленетін және ешқандай бағдарламамен оқуға жарамсыз балалар мен жасөспірімдерге көрсетіледі. Осы орайда педагог-психологтың міндеті мүмкіндігі шектеулі балалардың жан аяқайын қоғамға жеткізу, яғни бала ағзасындағы ауытқулар мен бөгеттердің себеп-салдарын анықтап, олардың отбасындағы қарым-қатынастарын дамытып, дені сау баламен араласауына жағдай туғызу болып табылады. Тәрбиелеу барысында, жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі 16664 бала, жалпы мектептердегі арнайы сыныптардың саны 762 болса, сол сыныптарда — 7582 бала оқып жатыр, ал жалпы мектептерде ешқандай әлеуметтік — психологиялық қолдаусыз оқып жатқан мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 65 мыңнан асты. Бұл ҚР білім беру саласындағы ауыр мәселенің бірі болып отырғаны ақиқат. Арнайы білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңінде балалалық мүгедектің алдын алу, өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Бүкіл әлемдік деңсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау ұйымдардың қызметінде кемтар балалар мен отбасына ерте жастан қолдау көрсету жетекші беталыс болып саналады. Отандық Ерсарина А. Қ, Жалмұхамедова А. Қ, Сүлейменова Р. А т. б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері бойынша ерте жастан кемістікті

анықтау және дәл сол кезден кешенді түзету жұмысын бастау, кейіннен бала дамуында басқа ауытқушылықтарды алдын алуға жол ашады. Қазіргі уақытта біріктірудің жетекші мезгілі ретінде жалпы сыныбында пән мұғаліммен қатар екінші арнайы педагогты қосу ерекше оқу орнын ұйымдастыру кең тараған дәстүр. «Шағын—мектеп» сынып құрамы ашылады. Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жеке білім беру және түзету—дамыту бағдарламамен жүргізіледі. Әр жалпы мектептерде білімді, тәжірбиелі арнайы педагог балаларға арнайы көмек көрсету мен

мұғалімдерге кеңес беру қызметін атқарады. Осы атқарылып жатқан игі істердің барлығы мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамда өз орынын табуға, дені сау балалар тәрізді білім алуына мүмкіндік жасайды.

Ойымды қорытындылай келе, қоғамда тек дені сау балалар дүниеге келуі керек. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік психологиялық бейімдеу арқылы заман талабына сай білім беріп қана қоймай, тәрбиелеп, оларды қоғам өміріне өз пайдасын тигізуге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру.

Әдебиет:

1. Богданов О. В. «Методические рекомендации по проведению комплекса лечебно-восстановительных и реабилитационных мероприятий в Сенсорной комнате».
2. Специальная педагогика: учеб. Пособие для студентов Высш. Пед. Учеб завед»./под ред. Н. Н. Назаровой. — М: изд центр «Академия», 2004. с. 10—11.
3. Кушваха П. «Снузлин- уникальный сказочный мир ощущений».
4. Браудо Т. Е, Кириченко Ю. А, Соловьева Е. А, Ряховская М. В. «Методическое пособие по использованию Сенсорной комнаты».
5. Кириченко Ю. А. «Коррекция игровой деятельности в Сенсорной комнате».

ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ

Правила сбалансированного питания для спортсмена

Измаханова Мейрамгуль Ахметовна, старший преподаватель;

Сейтжанов Канат Мешитбаевич, преподаватель;

Досмамбетов Талгат Аязбаевич, старший преподаватель;

Кулманов Руслан Жагипарович, преподаватель.

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

В настоящее время очень много говорят о сбалансированном (правильном, полноценном) питании. Как утверждают исследователи, население планеты не получает из своего привычного рациона всех тех питательных веществ, которые необходимы ему для активной полноценной жизни. Объясняют это ученые тем, что рацион питания состоит из калорийных продуктов, богатых жирами и сахаром, но содержащих низкий процент витаминов, минералов, к тому же развитие науки и техники способствуют снижению физической активности человека.

Не вызывает сомнения тот факт, что именно сейчас, в век современных инновационных технологий, необходимо особое внимание обратить на сбалансированное питание, ведь не секрет, что наши повседневные привычки питания и образ жизни влияют на самочувствие, уровень энергии, внешний вид и т. д. Однако в рамках данной статьи мы ограничимся правилами сбалансированного питания для спортсменов.

Каждый спортсмен для достижения спортивной формы стремится достичь оптимальной для своего вида спорта массы тела, оптимального соотношения мышечной и жировой массы. Ему необходимо также поддерживать максимальный уровень энергии. Именно сбалансированное питание повышает эффективность тренировок спортсмена, уровень энергии, скорость восстановительных процессов, помогает спортсмену адаптироваться к тем или иным условиям.

По мнению Казахстанских диетологов, спортсменам необходим такой рацион питания, который, во-первых, обеспечит организм дополнительными калориями и питательными веществами взамен израсходованных во время физических нагрузок; во-вторых, обеспечит продолжительный заряд энергии и эффективное увлажнение организма во время тренировок; в-третьих, предоставит качественный белок для восстановления и формирования мышечной ткани; в-четвертых, обеспечит сложными углеводами для постепенного высвобождения энергии [1, с.]

У спортсменов затраты энергии значительно возрастают в основном за счет физических нагрузок на тренировках (физические упражнения чрезвычайно энергоемки). Кроме того, увеличиваются затраты на поддержание жизненных функций (работа сердца, дыхание, пищеварение), так как во время занятий спортом все внутренние органы работают усиленно. При этом поступление в организм необходимых питательных веществ и витаминов может быть недостаточным. В таких случаях возникает энергетический дисбаланс, характеризующийся истощением организма. Следовательно, для того чтобы сохранить нормальный энергетический баланс в организме спортсмена нужно либо уменьшить величину физических нагрузок, либо увеличить приток энергии *питательных веществ и витаминов*. [1-7с.]

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [4, 218б.], — деп нақтылай түседі. «Ыстық қайрат» — бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» — елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» — иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек [4, 119б.], — дейді. Олай болса, Абай үшін дүниенің басты құндылығы — адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толымды адам. Абайдың арманындағы толық адамның іргетасы дінмен ұштасып, дінмен дамиды және дінмен жетіледі. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттік, т. б. бойында жетілдіре білген, дамытқан адам — Абай ұсынған «толық адам» концепциясы.

Әдебиет:

1. Қайратұлы Б., Факир Т./Адам және заман/www.namys.kz — 06.06.2011.
2. Ғабдуллин Б. Абай және Сократ/«Абай тағылымы», Алматы: «Жазушы», 1986. 159—171 б.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: «Ғылым», 1975. — 419 б.
4. Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. — Алматы: «Раритет», 2008. — 384б.
5. Мұхамеджанұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. — Алматы: «Дәуір», 1993. — 224б.
6. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы: «Атамұра», 2011.

Сыр бойы ақындарының қисса-дастандарындағы шығыстық дәстүрдің көрінісі

Сапартаева Ләззат Егізбайқызы, педагогика ғылымдарының магистрі
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Ұлттық сөз өнеріне негіз болған ақын-жыраулар ұстанған шығыстық дәстүр әдебиетіміздің дамуында маңызды орын алды. Бұл орайда Сыр өңіріндегі әдебиет өкілдері де

шығыс әдебиетінің дәстүріне ерекше ден қойып, шығыстың классикалық әдебиетінің үздік туындыларын нәзира дәстүрімен немесе шығыс сюжетіндегі аңыздар мен ерте-

гілерге өз жандарынан қосып, қисса-хикаяттарды дүниеге келтіріп отырған.

Белгілі ғалым Б. Кәрібозұлы Сыр бойындағы ақын-жыраулар шығармашылығында көрініс табатын шығыстық дәстүр туралы: «Сыр өңіріндегі әдебиет өкілдері шығыс әдебиетінің дәстүріне ерекше ден қойып, шығыстың классикалық әдебиетінің үздік туындыларын нәзира дәстүрімен немесе Шығыс сюжетіндегі аңыздар мен ертегілерге өз жандарынан қосып қисса-хикаяттарды дүниеге келтіріп отырған. XX ғасырдың алғашқы ширегінде, әсіресе, Сыр сұлейлері шығармашылықтарында небір ғажайып үлгілі, көркемдігі қамшы салдырмайтындай туындылар Шығыс әдебиетінің дәстүрі негізінде дүниеге келіп, оқырмандарын тауып, халық арасына кең тарай бастаған болатын» [1, 12 б.], — деп бағалаған болатын.

Зерттеуші С. Дәрібаев Сыр шайырларының қисса-дастандарын «Шаһнама», «Мың бір түн» хикаяларын, діни сюжеттер, Орта Азиялық сюжеттер, енді бір шығармаларды үндінің «Тотынамасын» негізге ала жырланған туындылардың қатарына жатқызуға болатынын айта келіп: «Бұл қисса-дастандардың әрідегі дәстүрі, әрине, «Мың бір түн», «Шаһнама», «Тотынамаға» барып тірелуі мүмкін. Солардағы айтылатын желілерге салып, бірақ оқиғаны, оның болған жерін, кейіпкерлерін, Орта Азия, қазақ өміріне жақындатып алған қисса-дастандар туған» [3, 78 б.], — деген пікірін білдіреді.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес жасалған типтік оқу бағдарламасында лиро-эпостық жырларды әлеуметтік-тұрмыстық, махаббат және көшпелі тұрмыс-тіршіліктен туған жырлар мен шығыс елдерінің өмірінен алынған қазақ дастандары немесе романдық эпостар деп жіктейді де, «Бозжігіт», «Таһир-Зухра», «Мұңлық-Зарлық», «Жүсіп-Зылиха», «Сейфүлмәлік», «Иранғайып шаһ Ғаббас», «Шәкір-Шәкірат», т. б. қисса-дастандарды көшпелі тұрмыс-тіршіліктен туған жырлар мен шығыс елдерінің өмірінен алынған қазақ дастандары немесе романдық эпостарға жатқызады [4, 11 б.]. Бұдан жоғарыда айтылған пікірдің дұрыстығына көз жеткіземіз.

Сыр дүлдiлi Тұрмағанбет Iзтiлеуов «Шаһнама» дастанының қазақша нұсқасын шығыстың атақты шайыры Фирдоусидiң мың жылдық мерейтойына тарту етедi. Шығыстың әйгiлi дастаны «Шаһнаманы» қазақ ұғымына үйлестiре жырлап шығу — Тұрмағанбеттiң ақындық өнерiндегi шоқтығы биiк елеулi ерекшелiгi. Осы туындыдағы сюжетi шытырман оқиғаға құрылған бөлiмнiң бiрi — «Сам Зал батыр». Дастандағы Сам палуан мен Мәликеден туған баланың түр-сипатын ақын былайша баяндайды:

Мәлике жүкті болып бір ул туды,
Еттi елi ұл туды деп ұлы дуды.
Түк басқан тұла бойын түрi жаман
«Бұл не?» — деп көргендердiң көңiлi суыды.
Қара емес, қардай аппақ шыққан шашы,
Сап-сары, салпы ерiн, жiк-жiк басы.
Әрмен көз, бермен маңдай, бiрақ оның
Көзiнiң жанған шамдай шұғыласы [5, 266 б.].

Шығыстық дастандардың желiсiндегi дәстүр бойынша бала әкесi аң аулап жүрген кезде дүниеге келедi. Аңнан келген Сам батыр түрi әдеттегi адамнан өзгеше туған баланың түрiнен шошып, өлтiруге бұйрық бередi. Алайда тапсырманы орындаушылар баланы өлтiрмей, орманға тастап кетедi. Баланы жолбарыс асырайды. Шығыс хикаяларындағы баланы арыстан, қасқыр секiлдi күштi жануарлардың асырауы — оның болашақта батыр болып өсетiнiнен хабардар ететiн әдiс.

Тұрмағанбет Iзтiлеуовтiң «Жирун» атты хикаясы да шығыс халықтарында көп кездесетiн сюжет iзiмен өрбидi. Рум елiнде Сәлiм әулетiнен шыққан, байлығына қоса әуе, аспан iлiмiн меңгерген атақты Жирун деген бай болады. Жирун елшi жiберiп, сол елдегi тағы бiр Қайсар атты байдың Қатаюн деген қызын әйелдiкке сұратады. Бұл кезде Қатаюн сұлу әкесiнiң рұқсатынсыз бiр кедей жiгiтпен кетiп қалады. Қайсар: Кiмде-кiм қызыма үйленгiсi келсе, Тасқун үңгiрiндегi алып жыланды жеңсiн. Сол адамға қызыммен бiрге қазына-байлық беремiн, — дейдi.

Жiберген елшiсiнен мән-жайды бiлген Жирун нiжун iлiмi бойынша келешегiн болжап, алыс жолға шығады. Сол елде батырлығымен мәлiм Кәштасып деген батыр болады. Ол Қайсардан iргесiн аулаққа салмақ ниетiмен көшiп кеткен болатын. Жирун сол Кәштасып батырды iздеп таппақшы болады. Әкесi Һештiң үйiнде жүрген батыр аң аулап кеткен екен. Баласы келген соң әкесi Кәштасыпқа Жирунның бұйымтайын жеткiзiп, алып жыланды өлтiрiп беруiн сұрайды. Қайсар ол жыланды өлтiруге талай рет қосынмен барып, бос қайтқан екен.

Әкесiн тыңдап болған соң Кәштасып Жирунға: Босқа аң аулағанша, осы жыланды өлтiрейiн. Бiрақ сен Сәлiм бабаңның алмас қылышы мен өзiңнiң атыңды бересiң, — дейдi. Жирун қуанып, батырдың айтқанына келiсiмiн бередi. Батырды әкесiмен бiрге қонақ етiп, тарту-таралғы жасайды.

Сәлiмнiң алмас қылышын қолына алып, қасына Һеш пен Жирунды ерткен Кәштасып батыр жолға шығады. Жол бастаған Һеш пен Жирун батырды Тасқунға дейiн ертiп барып, үңгiрдi көрсетедi. Ендi екеуiң өз қамдарыңды қылыңдар, — деп Кәштасып оларды аулағырақ қалдырып, өзi алып жылан жатқан жерге қарай беттейдi. Ұзақ уақыт айдаһармен алысқан батыр жыланның басын қылышымен екiге бөлген сәтiн ақын былайша әсерлi суреттейдi:

Көз қадап, киреңдетiп керiп бойын,
Ысқырды iсiп-кеуiп, толғап мойын.
Құйрығын екi-үш рет ұрып жерге,
Жiбердi тозаңдатып жатқан ойын.
Кәштасып тұра сала атты оқты,
Оқ тиiп ашумен кеп атқа соқты.
Мүйiздеп әрлi-берлi, атты өлтiрiп,
Аузынан шашыратып зәрiн төктi.
Ұмтылды омыраулай өзiне ендi,
Жалақтап жұтайын деп жақын келдi.
Қылышпен қақ маңдайдан ұрып едi,
Жыланның жарып басын екi бөлдi [5, 425 б.].

Кәштасыптың батырлығына таң қалған Жирун оны тағы қонақ етiп, ат мiнгiзiп, алтынға орап шығарып са-

лады. Кәштасып пен Ғеш ақылдасып, бұл тірліктен бейхабар болғансыды. Сол күні Қайсарға: Айтқанын орындадым, ертең күйеу болып барамын, дайындалсын, — деп кісі жібереді. Қуанған Қайсар нар жегілген арбалармен айдаһарды алғызады. Жирунның ерлігіне тәнті болған Қайсар жар салып, оның құрметіне алтын шатыр тіккізіп күтеді, қызын қосады.

Дастандағы Кәштасып пен Ғештің бейнелері адамдықтың ақ туын желбіреткен, бейнетпен күнелткен адамдардың бейнесінде суреттеледі. Екеуінің бойындағы берген сертті бұзбайтын адалдығын, уәдеге беріктігін көрсету арқылы ақын шығарманың негізгі идеясын білдіреді. Алтыннан шатыр тігу көбіне шығыс елдеріне тән үрдіс болса, Қайсардың құда, күйеу күтудегі қонақжайлылығын ақын қазақ өміріне жақындатқан сыңайлы.

Сыр өлкесінің белгілі жырауларының бірі Әлімбай Әлиасқаров шығармашылығында да шығыс әдебиетінің үлгі-өнегесі елеулі орын алады. Ол ең алдымен шығыс әдебиетінің классикалық туындыларындағы гуманистік идеяны өзінің дидактикалық жырларына үзілмес арқау етіп ала біліп, халықты әдептілік пен адалдыққа, өршіл талап пен қанағатшылдыққа шақырды.

Әлімбай Әлиасқаровтың шығармашылық мұрасының бір саласы — дастандары. Ақын «Қорқыт», «Төрт дәруіш» дастандарында өзіне дейінгі әдеби-фольклорлық шығармашылық арқауына айналған белгілі сюжеттерді өзіндік суреткерлік қолтаңбасымен қайта жасап, ертегілік, аңыздық оқиғаларды өзінің адамгершілікке үндейтін тәлімді ойларына арқау етеді. «Қорқыт» дастанында қобыз жасайтын ағаш іздеп орманға бара жатқан Қорқыт:

Жалқау болар белгілі,
 Үнемі жатқан саяға.
 Түрін бұзар өзгертіп,
 Үнемі тойған жаяға.
 Ес білсең, елге қызмет ет,
 Теріңді көптен аяма...
 Өнер мен дүние тілін тап,
 Келесің сонда ояға [6, 134 б.], —

деп адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді саралай келе, ұрпағына дүниенің кілтін ашып, халқына қызмет ет сынды өсиет айтады. Шығарма сюжеті елге бұрыннан танымал жайлар болғанымен, оны ақын өзіндік авторлық мәнерімен жеткізе білген.

Әдебиет:

1. Кәрібозұлы Б. Беталыс. — Алматы: Арыс, 2005. — 200 б.
2. Тұяқбаев Ғ. Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлының әдеби мұрасы. Филология ғыл. канд. авторефераты. — Тараз, 2004
3. Дәрібаев С. Сыр шайырлары поэзиясындағы ежелгі әдебиет дәстүрі. Филология ғыл. канд. авторефераты. — Алматы, 2002
4. Типтік оқу бағдарламалары. — Алматы: Абай атындағы ҚМУ, 2005
5. Рүстем-Дастан // Фирдоуси «Шаһнамасының» ізімен жырлаған халық ақыны Т. Ізтілеуов. — Алматы: ҚМКӘБ, 1961. — 604 б.
6. Әлиасқаров Ә. Шығармалары. — Астана: Фолиант, 2008. — 368 б.

Шығыс шайырларының дәстүрінде ертегілік-аңыздық оқиғаларды негіз етіп алған дастандардың басталуында ақындық идеяны, мақсатты білдіретін кіріспе-шумақтар болған. Бұл шумақтарда ақындар дастанға арқау етілген ертегілік-аңыздық оқиға арқылы өзінің тыңдаушыларына қай мәселеге баса көңіл аударатынын аңғартқан. Әлімбай ақынның «Төрт дәруіш» дастанының композициялық құрылымындағы осындай кіріспе-шумақтар ертегілік-аңыздық оқиғаны түп қазық еткен өз ойының желісінен хабар береді:

...Оқушым, сыр айтайын, айыптама,
 Ойымнан хабар беріп не іздейтін.
 Өлеңге «Төрт дәруішті» аударсам деп,
 Жүруші ем жасымнан-ақ ұғып кейпін...
 Талабым — өз қалпында өлең етпек,
 Мұраға таласым жоқ пәлен дейтін.
 Халықтың қазынасы ғой қалай-дағы
 Мағынасын ескергендер елендейтін [6, 146—147 бб.].

Дастанның тақырыбы — әділдікке, адалдыққа шақыру, адамгершілікті насихаттау. Тұрмыстық-салттық мәселелер де сырт қалмайды. Шығарманың басты кейіпкерлері — Азадыбақыт патша мен төрт дәруіш. Оқиға желісі бір перзентке зар болып, қайғыдан азап шеккен Азадыбақыт патшаның бас уәзірінің сілтеуімен қабір басына баруынан басталады. Кейінгі оқиғалар сол жерде төрт дәруіштің бастан кешкен хикаяларын айтуы бойынша өрбіп отырады. Әр кейіпкердің әрекетінен өмір сүруді мұрат тұтқан еңбексүйгіштік қалыпты, биік адамгершілік қасиетті таңуға болады.

Қазақтың өзіндік көркем сөз өнерінің әбден қалыптасып, әлемдік әдебиеттер қатарына қосылуға ықпал еткен әдеби күштердің бірі — шығыстың классикалық поэзиясы. Осынау әдеби-тәлімдік мәні зор әдебиеттің нәзира үлгісін терең меңгерген Әлімбай Әлиасқаров есімдері әлемге мәшһүр шығыс шайырларынан жеткен аңыз-дастандар сюжетін негізге ала отырып, келер ұрпаққа қазақтың наным-сеніміне, дүниетанымына мейлінше жақын, тың, тәрбиелік мәні зор шығармалар қалдырды. Түйіндеп айтсақ, Сыр бойының атақты шайыры Тұрмағанбет Ізтілеуов пен Әлімбай Әлиасқаров шығармаларында шығыстық үлгідегі өлең дәстүрі берік қалыптасқан. Оған сол шығыс әдебиетіндегі гуманистік ойлардың әсері, әлем әдебиетімен байланысы негіз болғаны айқын.

ФИЛОСОФИЯ

Әл-Фараби және әл-Машани

Медетбаев Тасболат, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Әл-Фараби мен Абай әлем таныған хақим болды. Ақжан әл-Машанидің «Әл-Фараби және Абай» (1994 ж.) монографиясы шықты. Онда әл-Фараби мен Абайды тануда қазақ ғалымдарының бұрын бармаған тақырыптың бастамасы етіп, Шығыс Ренесансын екі хақим-дана арқылы оның бүкіл әлемдік мән мағынасын ашып көрсетті. Әл-Фараби геометрия, арифметика, астрономия, музыка төрт бірдей салада ұлы үлес қосқан, аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын. Аристотель, Птолемей сынды ғұламалардың өзінде музыканы жөнді меңгере алмағандығын өздері жазып кеткен. Әл-Фараби музыка ғылымын танытуда өзінің «Музыканың үлкен кітабы» («Китаб әл-мусика ал-кабир») арқылы теңдесі жоқ әлемдік мұра қалдырды. Яғни бүкіл әлемде оны, музыканың теориясын жасаушы, «Бірінші ұстаз», — деп атауға мүмкіндігіміз бар. Біздің ұсынатынымыз, Қазақстанда жоғарғы оқу орындарында әл-Фарабидің музыкасы оқытылса және оның әлемдік мәні бұрынғыдан арта түскен болады деп ойлаймыз.

«Біз-тегіміз түрік, дініміз-Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін Қасиетті кітап — Құран Кәрім насихаттауды естен шығармауымыз керек» [1. №9, 10-б.], — деп Елбасымызда Әл-Фарабиден Абайдың ғылым мен өнерді Құран Кәрімнен бастау алғанын көрегендікпен жеткізе білген.

Әл-Машани Құран Кәрімнің 80% -ы ғылым екендігін, ал 20% -ы шарият екендігін баса көрсеткен. Әл-Машани өзінің рухани көрегендігінің арқасында әл-Фараби мен Абай бабамыздың рухани (діни) мұрасын әлемге танытуда, Қазақстандағы бірегей ғұлама ғалым. Оған дәлел әл-Фараби мен Абай мұраларын зерттеу барысында, екі дананың Қазақстандық Ренесанстық дамуына қаншалықты үлес қосқандығын және екі ғұламаның әлем тарихында алатын орнын нақты айқындап көрсете білген. Данышпан әл-Фараби мен Абайда Мұхаммед пайғамбарымыз хадисінде айтқан: «Ғылым дамығанда, ислам да дамиды» деген пайғамбарлық сөзін, екеуде көрегендікпен түсініп, іске асырған ғұламалар.

«Сонымен Қазақстан жерінде Абай заманында исламның екі түрлі ағымы майдандасқан деуге болады. Оның бірі әл-Фарабиден — Ұлықбектен- Маржаниден

бағыт алған, ғақли-ислам, екіншісі- әл-Ғазалиден, Бақырғани, Софы Алдиярдан басталған нақли — ислам». Ғұлама әл-Машани айтқандай, «Қазақстанда Абай бағытында осы екеуі де сыңаржақ болмай, қатар ұстау жолы болған. Абай жолы нақли-ғақли исламның бас қосқаны немесе ғылымның ғаделет, ақыл, қайрат, жүректің бас қосқан жолы». [2, 91-б.]

Әл-Фарабидің туған жеріне оралғандығы Абаймен кездескендегі орны деп, Қазан ғалымдарының да оның ішінде әсіресе, Ш. Маржанидің Абайға көрсеткен жолы осы, — дейді А. Машани [3, 89-б.].

Ренесанс идеясын біз көбіне Аристотель оқуымен байланыстырамыз. Оның философиясы мен ғылымы ол кезде дін догмасына қарсы қойылған өрлеу бағыты болған. Бірақ араб жерінде IX—X ғасырлардың өзінде — ақ дін басылар билігі нығайып, Бағдат халифатынан басына Мұхтеди, Мұттахи сияқты фанатик патшалар келеді де, жағдай тез өзгереді. Оның аяғы ғылыммен мәдениетке тиімсіз болады. Олар Құраннан басқаның бәрін дінсіздік (ересь) деп, әл-Фараби ғана емес мұтазилла мен ардашиттердің (әл-Кинди) өзіне де жау болған. «Осы негізде Иран, Араб жерінде суфизм, ассасиндер қимылы туады. Суфизм өкілдері ресми дінді, оның өкілдерін әшкерелеп, құдайды догма емес, жүрекпен, әділдікпен тану керек деген ойды жақтап шығады. Бұл ағымның XII ғасырдағы үлкен өкілі — Қожа Ахмет Яссауи және Сүлеймен Бақырғани. Бұл мәдени өрлеудің аяқталатын кезі-1469 жыл, яғни Ұлықбектің Қожа Ахрар қолынан мерт болатын кезі деп» [4, 86-б.], — атап көрсетеді профессор Ә. Қоңыратбаев.

Бірақ Ренесанс идеясы өзінің қуатын түгелдей жойған жоқ. Фараби, Ибн-Сина, Бируни, Хорезми, Ұлықбек, Науаи есемдері көп заман ел санасында философия мен поэзияда, математика, тарих, география ғылымдарында сақталады. Ренесанстық поэзия «жауыз» және «әділ» патшалар бейнесін шендестіруде көрінсе, ғылымда сәулет, қала өнері, сауда прогресті даму түрінде өмір сүреді.

Суфизм поэзиясында ежелден орын алып келе жатқан шарттылық рухындағы байланысты өз пікірін өткізудегі жамылғы ретінде шығыс классиктері сияқты емес, әл-Фараби оны өз еңбектерінде ерекше мәнде қолданды. Ол

да кейбір ғашықтық сезімдерді жырлаған ғазелдерінде екі тұрғыдан пайдалануға жол береді: бірі өмірден туындайтын табиғи сүйіспеншілік сезімі де бұл-теологиялық әдебиетте мен санашыл философиядағы «бірінші сүю» әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары да жайындағы трактатта айтылған. Мұндай қыртысты, шартты ұғымдағы көркем-ой- сол дәуірдің жағдайына байланысты орын алды. Яғни оны уақыт демі тудырды. Поэзияда әл-Фараби философиялық/хикма/лириканы негіздесе, ал Имам Ғазали эротикалық лириканың ізін салды, оны Қожа Ахмет Иассауи де адамның сүйіспеншілік сезімі бір тәңірге арналған махаббат, басқа еш нәрсе де емес деп сопылық махаббатқа қарай бұрды./Мысалы Имам Ғазали: «өз махабатынан, яғни құдайдан басқа ешкімді мойындамау,»-дейді/. Осы танымды Иассауи бастаған сопы ақындар «тазарған тәнмен иенді танысың» деген суфизмнің пәлсапасына сәйкес жырлауды дәстүр етті.

Хауасқа, оның әр түрлі мағынада қолдану жолына мешайон/препатетиктер/мектебінің негізін салушы әл-Фарабиден бастап ойшылдардың бәрі де мән бере қараған.

Әл-Фараби өз заманында, мұсылман философиясы тарихында мешайон мектебін қалыптастырды. Мешайондар дәстүрі кейін Ә. Науаи шығармаларында жалғастырылады. Хауаси хамса заһари танымының күрделенген түрі-«ашижиһан»/Науайша таным теориясы/атыммен дамытыла түсті. Бұл жайлы профессор Ғ. Сағди: «Науаи пікірінше, әрі мешайон мектебінше де адамзат танымының алғашқы әрі негізгі шығар көзі-түйсік», сезім жайлы ұғымға шешуші мән берілгенін айтады. Бұл танымның түп төркіні Аристотельден басталса, соңыра ол әл-Фараби еңбектерінде пәрменді түрде дамытылады. Ол: «сезім арқылы қабылдай алмайтын адамдар білімнен де құр алақан», — деген даналық ойдың шығар көзінен хабар береді.

Абайдың шығыстағы әдебиет теориясы жайлы ілімдеріне таныстығы барлығын Абайтанудың белгілі зерттеушісі профессор Ғ. Сағди: «Мұсылмандық шығыста/әсіресе, араб әдебиетінде/көрініс берген өте бір — біріне қарама — қарсы болған» теориямен Науаи да, Абай да жақсы таныс болған... Екінші жағынан Ибн Халдунның «Ал Мухамадиясы» Абайдың өз кітапханасында болғаны мәлім», — деп, Абайдың шығыстық сөз өнері теориясымен кең таныстығы барлығын атап көрсетеді. Абай оқып таныс болған Науаидің «Мезонул абзан»/Уәзіндер өлшеуі/Бабурдың «Ғаруз рисаласы», «Құтатғу білік», «Қабус-наме» шығармаларында өлең жүйесі ойлы пікірлер арнайы сөз болады.

Осы себептен де Абай: «Құмарланып жиған қазынамызды көбейтпек керек, бұл жанның тамағы еді», деп өз тарапынан арнайы түсінік те береді.

Абай дүниетанымы шешуші орынға тұратын ішкі, сыртқы сезімдер/хауас/жайлы өзекті ойлар жемісі: «Адамның кейбір кездері», «Көзімнен басқа ойы жоқ», «Қайғы шығар ілімнен», «Лай суға мал бітпес қой өткенге», «Алла деген сөз жеңіл», «Жүректе қайрат болмаса», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңдері мен 7, 19, 27, 31—34, 38, 43-45- қара сөздерінде тереңдеп толыға

береді. Мұнда айтылған ой-пікірлері белгілі бір жүйе негізінде берілетін өзіндік дербес танымға айналып кеткен аса күрделі пікірлер.

Ақын мұрасының осындай елеулі түрде орын алатын ұғымдардың себебін жан-жақты ашатын тарихи философиялық бағыттағы зерттеу еңбегі қажет-ақ. Абайдың арнайы тоқталған хауас мәселесі 38-сөзіндегі хауас сәлим мен түп иенің/затия/бойындағы сегіз сипатпен/сафатия/тікелей ұштасады. Мұның үстіне Абай тарапынан арнайы ескерту арқылы нақылия, ғақылия дәлелдермен қосылатын ғаділет рахым жайлы сипаттарға ерекше назар аударады. Құдайдың осы он сипатын Абай даралап бөлек алып, ерекше ден қоятын үш сипат: а/ғақыли; ә/ғаделет; б/рахым жайлы өзіндік тума гуманистік негіздегі өте терең тың ойлар жемісін таратады. Абай өзіне дейінгі хауасты танушы мутакаллимдер мен мантиқшылардың еңбектерін зерттеп, оқып олардың ойларына жүйелі түрде талдау жасайды.

Мутакаллим- дін ғұламалары орта ғасырда ғұранның негіздерін философия мен логика қисындары тұрғысынан бекіте түсуге ұмтылған мұсылман әлеміндегі жаңа бағыт болып саналатынды. Ислам дінінің догмасын жалпы қоғамның дамуы жағдайына қарай сәйкестендіру әрекеті Абу Ханифтен/767 ж. өлген/басталса, кейін құранға түсініктеме/тафсир/жазу қосылды. Осы талап негізінде бұрынғы мутакаллимнің орнына кәләм/сөз/ілімі келді де оны таратушылар тарихта мутакаллимдер деп аталып кетті.

«Қабус-намеде» хақимдерді әулие, пайғамбарлар тобына қосып, оларды тек ол дүниелік Алланың ғылымы мен/теология/шұғылданушы пенделіктің кәмәләттылығы жолындағылар деп танытады. Абай хақимдерді бұл топтан ажыратып, жеке топ ретінде, оны да бүгінгі заман үшін теңдесіз қызмет атқарғандар ретінде аса ыстық ықыласпен танытады. Оларды реолды/шын/өмірдің тірегі деп біледі.

Хақимдерді былайша таныту Абай танымдағы соңғы пікір, жаңабағыт. Абай өзіне дейінгі жуанмәрттілік жайлы танымынан мүлде бөлек өзіндік таным көзқарасы болуы, оған өзі тарапынан соңғы пікірлер ендіруі — ұлы ойшылдың творчестволық іздену өрісіндегі беймәлім бір қырын танытатын кезіне жөн сілтегендей болады. Осы себептен де Абай 38-сөзінде ғалымдар мен хақимдердің бір-біріне ерекшелігі мен айырмашылығына тоқталып түсініктемелер беріп отыруы жәй нәрсе емес.

Абай шығармашылығында «ғалым» сөзі 15 рет, «хақим» сөзі 20 рет қолданылған. Абай пікірінше осы екі сөздің асылы бір болғанымен оның танымдағы мағынасы басқаша, өзіндік ерекшелігі бар ұғымдарға жатады. Мысалы, Абай нақылияға жүйріктерді, ғалым деп санайды да «...дүниеде ғалами ғылым заһари бар, олар айтылмыштарды нақылия жүйріктер ғана ғалым атанды» деп көрсетеді.

Абай пікірінше, «әрбір істің себебін іздеушілерге хақимдер ат қойған», — делінеді. Абай «Ескендір» поэмасы мен 27-сөзінде хақим ретінде Аристотель Сократты, ғалым ретінде Аристотимді атап, олардағы ерекшеліктерді жанама түрде меңзеп өтеді. Ғалым мен хақим арасындағы айырмашылықты осы арада Абай тағы да аңғартады.

Әл-Фараби де осындай ақылы, саналы дарындылық қана бізге белгісіз нәрселерді ашуға мүмкіндік береді. Мұндай қабілет әл-Фараби айтқандай ғылыми дарындылық, басқаша айтқанда теориялық дарындылық өнер мен ғылымның терең сырын аша білетін дана адам.

Шындығында әл-Фараби мен Абай дүниетанымындағы кейбір ойпікірлер сабақтастығын салыстыра қарағанның өзінде-ақ белгі беріп мен мұндалап тұратын іліктестіктер баршылық.

Абай 41-қара сөзінде «...дүниеде есепсіз ғылымдардың жолдары бар сол әрбір жолда бір медресе бар», — деп ғылым салаларының молдығынбір ескертсе, кейде ғылым салаларын жүйелеу жүйесі де ұшырасады.

Әрине Абай ғылымды классификациялау жайлы пікір айтуды мақсат еткен емес, бірақ ғылым салаларын жүйелеуге соқпай отыра алмайды. Бұл көрініс Абайдың белгілі ғылымды классификациялау принциптерімен өте жақындығы бізді ерекше қызықтыра түседі.

Абай ғылым, хақим жайлы пікір жазғанда: «...адам баласының айқын пікірін ұстартып, хақ пен батылдықты ай-

ғақтықты үйреткендігін»-деп қоғамдағы ғылымдарды өз алдына бөле қарайтыны бар. Немесе «Дүниенің ғылымын білмей қалмақтық, — бір үлкен зарарлы надандық»-деуіне қарағанда әл-Фараби сияқты ол табиғат ғылымдары мен қоғамдық ғылымдарды бірлікте, теологиялық ғылымнан бөле қарайтыны көрініп тұр. Абай 38-сөзінде арнайы атап өтетін «Адамның білімін, Алланың ғылымын», «өзіндік ғылым», «дүниенің ғылымы», «заһири ғылым», «Алланы танымақтық», «өзін танымақтық», «дүниені танымақтық» деген атау терминдерімен берілетін сан түрлі ғылым салаларын, келтіреді де, олардың өзін үш түрлі топқа жіктей береді. Осы іспеттес Абай тарапынан белгілі дәрежеде жүйеленген ғылым салаларына көз жіберсек, Абайдың ғылым салаларын жанама түрде болса да классификациялауға қатысты әл-Фарабидің «Сөз ғылымдардың классификациясы туралы» деген еңбегіндегі жүйеге өте жақын біртекті, үндес келуі кімді болса да ойландырарлықтай қуатқа ие айғақты дәлелдер дей аламыз. Себебі, әл-Фараби ғылым салаларын жүйелегенде оларды бес салаға топтап, олардың әрқайсысына анықтама беріп те отырды.

Әдебиет:

1. // Алдаспан. — 2010. — №9–10.
2. Машани А. Әл-Фараби және Абай. — Алматы, 1994.
3. Әбдіраман Ш. Абай әл-Фарабиді білді ме?
4. Қоңыратбаев Ә. Көне жазбалар тарихы. — Алматы, 1991.

Әл-Фараби мен Абай хақим

Медетбаев Тасболат, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Араб мәдениеті, арабтық-мұсылмандық Шығыс — бұл Әл-Фараби мен Абай үшін бірдей рухани бастау, олардың арасын жалғастырар арқау, үндестік, кейбір идеяларының бір-біріне тіл қатып тұрғандығы, байланыстылық болғандығын растайды. «Әл-Фарабидің этикалық ойлауының бастауы сұлулық пен бақытқа адамның жетуі...» [1, 335-б.]. Атап айтсақ, Абайдың және барлық қазақтың ағарту ісінің этика-әлеуметтік тұжырымдамасы өз бастауын адамды бағалау, оның бақыты мен адамдық болмыстың мәнін қарастырудан алды. Абай мұрасы «ұлы ақынның шығармашылығының өзегінде жатқан әсемдікке үмтылумен бейнеленеді», — деп академик Ә.Х. Марғұлан әділ бағалаған болатын.

Әл-Фараби мен Абайдың жердің жаратылуы туралы ойлары, космологиялық және космологиялық түсініктері үндес. Әл-Фараби өзінің математикалық трактаттарында «8» санына баса назар аударған, ал Абай «Сегіз аяқты» жазған. Әл-Фараби: «Әрбір адамның әлемде (дүниеде) өз орны бар», десе Абай оны жаңғыртады: «Сенде бір кірпіш дүниеге». Идеялардың мұндай өзектестігін

жалғастыруға болады»Әл-Фараби және Абай» проблемасын зерттеумен шұғылданушы А. Машанов екі ойшылдың арасын тарихи сабақтастықпен жалғастырушы Әл-Фарабидің философия, музыка, жаратылыстану ғылымдары туралы трактаттарына кеңірек тоқталған мұсылман-діншіл Шахабутдин Маржани деген пікірге келеді. Ш. Маржанидің шәкірттері Абайға мөдреседе оқыған жылдарында дәріс берген. Абайдың Маржаниды көп оқығандығы жөнінде мәліметтер бар. Бұл мәселе нақтылауды әрі байыпты зерттеуді талап етеді, бірақ оның қойылуының өзі маңызды және қажетті, өйткені араб-мұсылмандық Шығыстың, сондай-ақ Әл-Фарабидің Абай дүниетанымына ықпалы — проблеманың әлі жет зерттелмеген жағы.

Абай Шығыстың, ұлы ақындары Фирдоуси, Низами, Хафиз, Жами, Сағди, Науаи, Сәйхали және басқа да алыптардың сиқырлы әуез, биік рух, қиыннан қиын-дасқан шынайы шеберліктің үлгісіндей ғажайып поэзиясының аясында тәрбиеленіп, өмір бойы солардың дәстүрінен қол үзген емес. Өйткені, Шығыстың сұңғыла ойшыл ақында-

рының адамның табиғатын тереңнен ұғатын ерекше қасиеті, оның болмысына, рухани жан дүниесіне, адамдағы адамшылыққа сүйіспеншіліктері.

Қазақта ақындық өнер ондай құрметке ие болмаса, оған кінәлі өнер емес, сол өнерді тілемсектік, сұрамсақтық, мал табудың көзіне айналдырған ақындардың өзі екендігіне әбден көзі жетеді. Сөйтіп, ол Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтқанда: «Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін ұққан». Сөйтіп, «білім ал!» атты ақынның, ұраны қазіргі өтпелі замандағы жастар үшін де нарық туралы ғылыми ілімді игеруде де өте маңызды орын алады.

Абайдың рухани әлемі — ерекше бір тылсым дүние, ал оның негізгі зерттеу объектісі — адам. Сол адамның эстетикалық, этикалық бет пернесі, арман мақсаты, өмірінің мәні, сезімі мен түйсігі, болмысы мен ұлттық ойлау ерекшелігі ұлы ойшылды терең тебіреністерге түсірген. Олардың негізінде адам және кісілік философиясы жатыр. Абай былай дейді:

...Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. «Мені» мен «менікінің» айырылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...

Өйткені, адам мәселесі, оның дүниемен қатынасы, адамның өмірі мен тұрмысының мәні философияның, негізгі өзегін, басты проблемасын құрайды. Мәселен, бүгінгі таңда біз бастан кешіп отырған жүйелі дағдарыстың өзі де — сайып келгенде осы адамның дүниеге деген түбегейлі қатынасының дағдарысы Шығыс ойшылы ретінде Абайда қарастырылатын күрделі адам проблемасы — үлкен ауқымда, яки қоғамдық, руханилық, құндылық, этикалық, эстетикалық жақтарда қаралады. Ал, бұл мәселелердің қайсысының да бір-бірімен тығыз байланысты екендігі күмәнсіз.

Абай адам табиғатын этикалық тұрғыда қарай отырып, оның тұтас алғандағы кісілік қалпын, ұжданды, «сегіз қырлы, бір сырлы» сырбаз адам, яки кемеліне жеткен «толық адам» кейпінде алға тартады. «..Адам деген даңқым бар», — дейді Абай. Сол арқылы ол неден қашық, неге асық болуға үндейді, жақсылық пен жамандықтың, нағандық пен имансыз адамның шынайы мәнін ашады. Мысалы, ақынның мына сөзі де осының бір дәлелі: «Тілеуді құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшенікің әпер демек ол құдайға айтарлық сөз бе? Құдай біреу үшін біреуге жәбір қылуына лайығы бар ма? Екі сөздің басын қосарлық не ақылы, не қылышы жоқ тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр «өй, тәңір-ай!» деп таласа бергеннің несі сөз?

Абайдың этикалық тұжырымдамасында «еңбек» деп аталатын ұғым ерекше орын алады. «Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ», — деп қандай еңбекті дәріптеу керектігін байқатады. Тіптен ақынның адал, шынайы еңбектің адам өмірінде зор орын алатындығын қозғамайтын шығармасы жоқ деп айтуға да болады. Өйткені еңбек адамның азамат ретінде қалыптасуы үшін рухани тұрғыдан да, парасаттылық тұрғысынан да басты қызмет атқарады деп есептеген. Сондай-ақ, ақын еңбек кісінің жан дүни-

есін мейірімділікке бөлейді, ал, оның қадірін білмейтін салбөксе жалқаулар көбіне теріс қылықты болып келеді деген тоқтамға келеді. Сол себепті ол: «Еріншектік — күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік — бәрі осыдан шығады», — деп жазды. Қысқасы, ақын еңбекті ең жоғары игіліктің көзі, адам қаракетінің ең биік өлшемі, халқына қызмет етудің, оның ұлттық арман-мүддесін жүзеге асырудың, намысын қорғаудың басты көрсеткіші деп білді. Адамның тұлға ретінде қалыптасу процесінде өскен ортаның, тәрбиенің рөліне үлкен мән бере отырып, ұлы ақын әркімнің өзін-өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыруы керектігіне айырықша көңіл бөледі. Өзінің он бесінші сөзінде ол осы ойды былайша толғайды: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір — өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің, екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» Бұнда ақын адамның өзіне өзгелердің көзімен қарап, күнделікті істеген ісіне талдау жасауға, барлық әрекетіне жауап бере алуға, өзінің, өмірдегі орнын біліп, соған лайық іс-қимыл жасауға міндеттілігін ашады. Адамның тұтыну мүмкіндіктері жайлы толғана келіп, Абай бұл мәселеде қанағатсыздыққа ұрындырмайтын мөлшер, шамадан асып кетпеу керектігін өсиет етеді: «Әрбір жақсы нәрсенің, өлшемі бар, өлшемінен асса — жараманды. Өлшемін білмек — бір үлкен керек іс... Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық — бұл нәрселердің бәрінің де өлшемі бар». Ал, сол өлшемнің шамасын қалай анықтауға болады? Ақын пікірінше, — оның таразысы — ұяттылық пен арлылық. Осы сезім бар жерде адам қанағатшылдық пен кісіліктің тізгінінен айырылмақ емес деген ойға жүгіндіреді. Бұл жерде біз белгілі орыс философы Вл. Соловьев пен Абайдың ұят туралы ой-пікірлерінің соншалық күтпеген үндестігіне таңданамыз. Вл. Соловьев ұят сезімі ұят дегенің өзі жалпы адамдықтың, моральдың маңызды бірінші бөлігі деп есептеген, ұятты мінез-құлықтың айрықша реттеушісі дей келіп, Декарт сөзін былайша келтіреді: «Мен ұяламын, демек, мен өмір сүрудемін».. «Ұятты жоғалту», яғни «адамдықты жою» деген байламға келеді орыс философы. Ал Абай «Ғақлияның» отыз алтыншы сөзінде осы ұғымды толық, талдай келіп: «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы», — дейді. Ғақлияның он төртінші сөзінде қазақ ойшылы былайша ой қорытады: «ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын бір тексермей кеткен кісі, тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі? Екі ойшылдың идеяларындағы мұндай айқын, салыстырмалы үндестіктің, этикалық идеялардың, мұндай жаңғырығын түсіндіру өте қиын.

Дегенмен, Абай Вл. Соловьев еңбектерімен таныс болды деген ұйғарымға келуге болады [2, 302-б.]. Өйткені олар Ресейде көптеген журналдарда жарияланған,

кеңінен танымал болды, ал Абай бай кітап қорымен әйгілі Семей кітапханасының тұрақты оқырманы болғаны жұртшылыққа белгілі. Ж. Аймауытұлы Абайға «дананың көрегендігі, ізгілікке құштарлық, әділдік, шыншылдық» тән деп тұжырымдап, ол өмір бойы «жаңылыс басқандарды дұрыс жолға бағыттауға ұмтылды», — деп ой түйеді Абай адамгершілік идеясын өмір бойы ту қылып көтеріп еткен. Ол азаматты шыққан тегі, атқарып жүрген қызмет-мансабы, атақ-даңқы мен дәулетіне қарай емес, оның жан дүниесіне, өз еліне, халқына керсетер қызметіне қарай құрметтеуге үндейді.

Абай адамның жан дүниесінің үнемі өзгеріс, дамуда болатындығын дұрыс көрсетеді, сондай-ақ өзінің. «Адамбол» дейтін негізгі шафқатты-этикалық принципінде азаматты надандық тұрғыдан ылғи да жетілу, толысу процесі ауқымында ұғынады. Адамның адамшылдық жағын көре білу және дамыту, ақылды, білімді адамды жоғары бағалау, өмірінің аяғына дейін адам болып, дұрыс қартаю, өз халқына қажымай-талмай қызмет ету, бүкіл адамзатты, адамды сүю және құрметтеу — бүгінгі таңдағы басты мәселе [3, 80-б.].

Шығыстың өзге ұлы ойшылдары сияқты Абай да қоғамның жақсарып, жаңғыруына адамдардың ар-ұжданын жетілдіру жолымен қол жеткізуге болады деп қатты сеніп, халқын сол жолға салсам, оған барынша мол пайда келтірсем деп есептеген. Оған өзінің идеялық-мәдени ізденуі толық кепіл.

Абай күллі дүние ылғи өзгереді, дамиды деп білген. Ақының «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деп аталатын өлеңінен бастап, жиырмасыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші қара сөздерімен, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп келетін толғанис-жырында және тағы да бірсыпыра шығармаларында диалектика идея-сы бой көрсеткен. Бұл туындыларында Абай жаратушыдан басқаның бәрі бұл жалғанда дамиды, өзгеріске ұшырайды, ал қоғам ұрпақтардың үнемі жаңарып отыратын мекені деп біледі

«Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру, біздің халқымыздың мың жылдық рухани, мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз. Демек бұл зор

мақсатты халықтық іс деп білу керек... Ал, осы екі алып тұлғаны жеке-жеке тануда едәуір істер істелгені рас. Бірақ бұлардың арасын жалғастырып тұрған ғажайып нәзік, тамаша берік рухани жіпті біз әлі таба алмай жүрміз: бірақ оның барын анық сезсек те, оны «көруден» әлі шалғай жатырмыз, — дейді Ақжан аға [4, 71-б.].

Енді сол үшінші көздің бетін ашып, сонан сусындайтын мезгіл жетті деп білемін. Қаныштың қызы Шамшиябану өзінің мақаласында «Абайды танып болдық па?» — деп сауал тастайды [5, 9-б.].

Осы салада екі дана әл-Фараби мен Абайдың арасын жалғастыру. Оның өзі Абайдың Шығыс мәдениетінен алған, көрген мәселесіне соғатыны мәлім.

— Абайда «мутакалим мантикун» деген сөздер бар. Бұл өзі ғажап терең философиялық-логикалық — диалектикалық қағида. Бұл жөнінде бүкіл араб елдерінде, халифалар заманынан бастап осы күнге дейін айтыс-тартыс талас үзілген жоқ. Мантик-логика ілімін ең толық зерттеп дамытқан адам Әл-Фараби. Десек те, бұл ілімінің теріске әкетіп, шатыстыратын жағы бар. (Абай сонан қаш деп отыр). Бұған қоса оның нағыз ғылыми ойды дәлелдейтін тамаша өлшеуші, әдістері де бар. Мұның кейінгісі әл-Фараби сияқты ұлы ғалымдардан алған тағылымының нәтижесінен Абай даналығы түлеуден өтті дейді, — Әл-Машани [4, 73-б.].

Абайда талай терең қағидалар жатыр. Мысалы Абайдың «ғақлия — нақлия», «ғаламның сәнді сәйкес жарастығы», «ғылым құдіреті», «жүрек таразысы — инсаф», «өмірдің өзі шындық» деген тәрізді қағидаларының әрқайсысы бір-бір томдық еңбек жазуға болатын тақырыптар. Және осылардың барлығы әл-Фараби еңбегінде бар, онда терең талқыланған.

Мұхтар Әуезов марқұмның бір сөзінде Абай Семей қаласында медреседе оқып жүрген кезінде татардың ағартушысы-ғалым Шаһабудин Маржани еңбегімен танысып, оны өте жоғары бағалағандығын айтқаны бар-ды.

Абай жолын келешекте кеңейтіп адамдық, шындық жолы — Фараби-Абай жолы деп тануымыз керек...».

Әдебиет:

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. — А., 1972.
2. Философия: Жоғарғы оқу орындарында студенттеріне арналған оқулық //Құрастырған Т. Ғабитов, аударған Б. Сатершинов. — Алматы: Қаржы-Қаражат, 2002.
3. Абай. Қара сөз. — А., 1993.
4. Машанов А. Әл-Фараби және Абай.
5. // Социалистік Қазақстан. — 1987. 9 тамыз.

ИНФОРМАЦИЯ ОБ УНИВЕРСИТЕТЕ «БОЛАШАК»

Реализуя инициативы Главы государства Н. А. Назарбаева, университет «Болашак», имеющий 20-летний опыт подготовки кадров в области образования, бизнеса, инженерии, сельского хозяйства и других специальностей, стремится к удовлетворению потребностей работодателей в специалистах, обладающих логическим мышлением, способных адаптироваться к изменяющимся условиям мирового рынка в условиях глобализации. Прием в Университет осуществляется по государственным образовательным грантам и на договорной основе. Подготовка специалистов осуществляется по 42 специальностям бакалавриата и 6 специальностям магистратуры. Университет включает 3 факультета, 10 кафедр, 2 колледжа.

Как учебное заведение Университет видит свою миссию не только в передаче имеющихся знаний, но и наработке новых знаний на основе достижений науки. При таком подходе в научный поиск вовлечены не только преподаватели, но и большинство студентов, а также магистранты университета. Сегодня Университет «Болашак» является исследовательским университетом инновационного типа.

Университетом проводится работа по созданию и внедрению совместных образовательных программ с зарубежными вузами. Так, с целью творческого сотрудничества университет подписал договора о сотрудничестве с Аэрокосмическим институтом, институтом Аэронавигации Национального авиационного университета Украины, Федеральным государственным бюджетным образовательным учреждением высшего профессионального образования «Московским государственным университетом экономики, статистики и информатики (МЭСИ)», университетом Экономики и предпринимательства (Кыргызстан), научно-издательским центром «Социосфера» (Чехия), издательством «Молодой ученый» (Россия) и т. д. В договорах рассматриваются конкретные мероприятия по развитию сотрудничества в области учебно-методической и научно-исследовательской деятельности; повышению квалификации и организации стажировок профессорско-преподавательского состава; а также по реализации совместных образовательных программ бакалавриата и магистратуры.

Увеличивается количество зарубежных публикаций ППС, в том числе в научных изданиях с высоким импакт-фактором базы Томсон Рейтер. За 2013 год за рубежом опубликовано свыше 68, за 2014 около 80 научных статей ППС университета. Основные результаты исследования опубликовались в России, Чехии, Польше, Болгарии, Германии, США, Пакистане, Южной Корее, Испании, а также в рецензируемых журналах, которые имеют SJR (Scopus, Elsevier и т. д.).

INFORMATION ABOUT «BOLASHAK» UNIVERSITY

Realizing initiatives of the Head of state N. A. Nazarbayev, the «Bolashak» University having 20 years' experience of training in the field of education, business, engineering, agriculture and other specialties for Kyzylorda area, achieves for satisfaction of needs of employees in the experts of possessing logical thinking, capable to adapt for changing conditions of the world market in the conditions of globalization. The university train 42 specialties of a bachelor degree, 6 specialties of a master. It includes 3 faculties, 10 departments and 2 colleges.

The university predict its mission not just having the knowledge as an institution, but also having the new achievements in sciences. In research not only the teachers are involved, but also students and masters of university. As a result, today «Bolashak» University is one of the innovation types of research work.

The presence of the international joint educational programs by university is conducted work on creation and introducing the joint educational programs with foreign high schools. For example, university has signed the agreement on cooperation with Aerospace institute and institute to Aeronavigations National aircraft university of the Ukraine, has signed the agreement on strategic partnership with Federal state budgetary educational institution of the high vocational training «Moscow state university of the economy, statistics and informatics (MESI)» and Erevan branch of the federal state budgetary educational institution of the high vocational training «Moscow state university of the economy, statistics and informatics (MESI)», one more agreement is signed in this year about cooperation between university «Bolashak» and university of the Economy and enterprise (Kyrgyzstan), with press «Young scientist» (Russia). Permanent cooperation is provided in agreement between university in the field of scholastic-methodical, research and cultural activity; in increasing of the qualifications and organizations of the periods of trial professorial-teaching composition; in realization of the joint educational programs bachelors and the masters.

The quantity of foreign press of teaching staff is improving. 68 articles of teaching staff are published in foreign countries like Russia, Czechia, Poland, Bulgaria, Germany, Pakistan, the South Korea, Spain in 2013 year and in 2014 year about 80 articles.

There are many articles which are published in reviewed journals like SJR (Scopus, Elsevier etc). The results of scientific research work of professor-training staff is actively being developed and implemented in the educational process.

Молодой ученый

Научный журнал
Выходит два раза в месяц

№ 8.1 (88.1) / 2015

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор:

Ахметова Г. Д.

Члены редакционной коллегии:

Ахметова М. Н.
Иванова Ю. В.
Каленский А. В.
Куташов В. А.
Лактионов К. С.
Сараева Н. М.
Авдеюк О. А.
Алиева Т. И.
Ахметова В. В.
Брезгин В. С.
Данилов О. Е.
Дёмин А. В.
Дядюн К. В.
Желнова К. В.
Жуйкова Т. П.
Игнатова М. А.
Коварда В. В.
Комогорцев М. Г.
Котляров А. В.
Кузьмина В. М.
Кучерявенко С. А.
Лескова Е. В.
Макеева И. А.
Матроскина Т. В.
Мусаева У. А.
Насимов М. О.
Прончев Г. Б.
Семахин А. М.
Сенюшкин Н. С.
Ткаченко И. Г.
Яхина А. С.

Ответственные редакторы:

Кайнова Г. А., Осянина Е. И.

Международный редакционный совет:

Айрян З. Г. (Армения)
Арошидзе П. Л. (Грузия)
Атаев З. В. (Россия)
Борисов В. В. (Украина)
Велковска Г. Ц. (Болгария)
Гайич Т. (Сербия)
Данатаров А. (Туркменистан)
Данилов А. М. (Россия)
Досманбетова З. Р. (Казахстан)
Ешиев А. М. (Кыргызстан)
Игисинов Н. С. (Казахстан)
Кадыров К. Б. (Узбекистан)
Кайгородов И. Б. (Бразилия)
Каленский А. В. (Россия)
Козырева О. А. (Россия)
Куташов В. А. (Россия)
Лю Цзюань (Китай)
Малес Л. В. (Украина)
Нагервадзе М. А. (Грузия)
Прокопьев Н. Я. (Россия)
Прокофьева М. А. (Казахстан)
Ребезов М. Б. (Россия)
Сорока Ю. Г. (Украина)
Узаков Г. Н. (Узбекистан)
Хоналиев Н. Х. (Таджикистан)
Хоссейни А. (Иран)
Шарипов А. К. (Казахстан)

Художник: Шишков Е. А.

Верстка: Бурьянов П. Я.

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются.

За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.

Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.

При перепечатке ссылка на журнал обязательна.

Материалы публикуются в авторской редакции.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231.

E-mail: info@moluch.ru

<http://www.moluch.ru/>

Учредитель и издатель:

ООО «Издательство Молодой ученый»

ISSN 2072-0297

Тираж 1000 экз.

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», г. Казань, ул. Академика Арбузова, д. 4